

**Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты
Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы**

**Бекітемін
Қарағанды академиясы
бастығының оқу ісі
жөніндегі орынбасары
з.ғ.д., профессор
полиция полковнигі**
_____ **З.С. Тоқыбаев**

2016 ж. «_____» _____

**Жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)
БД 2. KPRK1204
пәні бойынша
ПО ҚЫЗМЕТІНДЕГІ АДАМНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

5B030300 мамандығы бойынша: «Құқық қорғау қызметі»

Оқыту нысаны: күндізгі

Курс: 2

Семестр: 3

Кредиттер саны: 2

Дәрістер: 10 сағ.

Семинар: 10 сағ.

Тәжірибелік: 10 сағ.

КООЖ: 15 сағ.

КӨЖ: 45 сағ.

Емтихан

Қарағанды 2016

5B030300 «Құқыққорғау қызметі» мамандығына арналған «ПО қызметіндегі адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету» пәні бойынша оқу жұмыс бағдарламасы (SYLLABUS)

Құрастырған: Сейдығалиев Талғат Рахымберлі ұлы – мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м., полиция подполковнигі

Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы
отырысының мәжілісінде қарастырылды
2016 ж. «___»_____ №___ хаттама

Мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының бастығы
з.ғ.к.,
полиция майоры

Р.Қ. Джиембаев

Академияның ОӘК отырысының мәжілісінде бекітілді
2016 ж. «___»_____ №___ хаттама

© Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2016

3.1 Негізгі ақпарат

1. Шифр және мамандық атауы	5B030300 «Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	2-курс, 3-семестр
3. Пән циклі	OKPSCHDOVD221
4. Кредиттер саны	2
5. Сабақ өткізу орны	Оқу аудиториясы, дәріс залы
6. Дәріскер (т.а.ж., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Сейдығалиев Талғат Рахымберлі ұлы, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м. Байланыс телефоны – 30-34-16, ішкі.-211, 312
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (т.а.ж., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Сейдығалиев Талғат Рахымберлі ұлы, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м. Байланыс телефоны – 30-34-16, ішкі.-211, 312

3.2 Пререквизиттер: мемлекет және құқық теориясы, шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихы, Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығы тарихы, Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы, әкімшілік құқық, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы.

Зерделенетін курсты меңгеру үшін курсант:

- мемлекет және құқық теориясы, шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихы, Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығы тарихы, Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы, әкімшілік құқық және басқалар бойынша базалық білімнің болуы;

- адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының жүйесі, Қазақстан Республикасындағы тұлғаның құқықтық ережесінің принциптері туралы білімді меңгеру;

- құқықтық және мемлекеттік құбылыстардың салыстырмалы талдау дағдысының болуы;

- адам және азаматтың құқықтық ережесінің жалпы сипаты мен ерекшеліктері, адамның құқықтары мен кепілдіктері, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын ішкі істер органдарының қызметінің түрлері туралы шағын білімнің болуы;

3.3 Постреквизиттер: Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (ерекше бөлім), Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы (ерекше бөлім), әкімшілік қызмет, жедел-іздістіру қызметі, қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу.

Аталмыш оқу пәнін зерделеу барысында курсанттың:

а) назарында болуы қажет:

- Қазақстан Республикасының адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының жүйесі туралы;

- адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің конституциялық кепілдіктері туралы;

- Қазақстан Республикасының құқыққорғау органдарының жүйесі және олардың негізгі міндеті - адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы;

- Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының өкілеттігін жүзеге асыру процесінде қозғайтын адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының түрлері туралы;

- Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қызметінде тұжырымдалатын адам құқықтары мен бостандықтарының конституциялық принциптері туралы.

б) білу қажет:

- адамның құқықтары мен бостандықтары теориясының негізгі ұғымы және санаттары;

- адамның құқықтары мен бостандықтары эволюциясының негізгі кезеңі;

- Қазақстан Республикасы ІО қызметінде қозғалатын адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру мазмұны мен механизмдері;

- Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қызметіндегі адам құқықтарының халықаралық стандарттары және олардың маңызы.

- халықаралық және ұлттық құқық қорғайтын ұйымдардың қызметінің ерекшелігі және олардың Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарымен өзара іс-әрекеттесу бағыты.

в) меңгеру қажет:

- заңдық ұғымдар мен санаттарды еркін меңгеру;

- Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қызметіндегі адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өз ойын тиянақты білдіре алу және негіздей алу;

- нормативтік-құқықтық актілерді түсіндіру және қолдану;

- заңдық маңызды жағдайды тиянақты бағалау және заңдық фактілерді тиянақты жіктеу;

- Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасына сәйкес түрлі құқықтық әрекетті ойға сыйымды жасау.

3.4 Пәнді қысқаша сипаттау: «ІО қызметіндегі адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету» оқу курсы құқыққорғау органдары жүйесіндегі жоғары оқу орындарында басқа заң жоғары оқу орындарына қарағанда бірқатар ерекшеліктері бар. Бұл заңдылықты сақтау, қоғамдық тәртіпті нығайту, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде ішкі істер органдарының қызметіне байланысты арнайы зерделеу қажеттілігімен және Қазақстан Республикасының арнайы жоғары оқу орнын аяқтаған тұлғалар үшін олардың тәжірибелік қызметіне үлкен маңызға ие екендігімен айғақталады.

Аталған оқу пәнінің негізгі мақсаттары болып табылады: курсанттардың адам құқығының санаттары мен ұғымын меңгеру; курсанттардың қолданыстағы заңнамадағы Қазақстан Республикасының заңшығарушылық актілерінің және бекітілген халықаралық шарттарының нормаларын түсінуге және түсінік беруге дұрыс қолдана білулерін үйрету.

Адам құқығының ұғымы, адам құқығының генезисі, жеке тұлғаның құқықтық жағдайының принциптері, адам құқығының халықаралық стандарттары, Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары, Қазақстан Республикасы ІО қызметіндегі құқықшектену, полиция мен қоғамның өзара қатынасы, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың соттық және прокурорлық механизмдері, ІО-ның азаматтық қоғам институттарымен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара қатынасы сияқты мәселелер және құқықтық институттар зерделеудің заты болып табылады.

Аталған курстың маңызды мақсаттары – курсанттардың құқықтық мемлекет туралы, конституциялық заңдылықтың талаптары туралы, ішкі істер органдары қызметкерлерінің адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі, конституциялық құрылысты қорғаудағы рөлі туралы ғылыми түсініктерін қалыптастыру.

Курсты оқыту өткен курстарда зерделенген пәндермен үйлеседі – Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы, халықаралық жария құқығы, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, әкімшілік құқық, азаматтық құқық, еңбек құқығы және басқалар.

3.5 Тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Тапсырманың мазмұны мен мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-шкала)	Баллдар (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	1. Дәріс конспекттерін тексеру 2. Кесте құрау	Ағымдық бақылау	1-5, 24, 26, 61-71, 73-75, 80, 82, 91, 97, 101, 105, 108, 109-116	Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
2	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Кесте құрау 3. Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспекттеу	Ағымдық бақылау	1, 2, 6, 61-75, 80-84, 91, 99, 102-108, 109-116	Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
3	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспекттеу 3. Ағымдық тесттеу	Ағымдық бақылау	1, 29, 34, 61-77, 91, 105, 108	Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект Тест	Кесте бойынша
4	1. Тақырып бойынша сұрау	Ағымдық бақылау	1-3, 8, 9, 14, 16-23, 27-38,	Сұрау, конспект,	0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша

	2. Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспектілеу 3. Ағымдық тестілеу		47, 61-77, 91, 105, 108	тапсырма тексеру		Тест	
5	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспектілеу 3. Есептер шешу 4. Ағымдық тестілеу	Ағымдық бақылау	1-3, 8, 9, 14, 16-23, 27-38, 47, 61-77, 91, 105, 108	Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект Тест	Кесте бойынша
6	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспектілеу 3. Ағымдық тестілеу	Ағымдық бақылау	1, 8, 9, 11, 12, 40, 61-77, 91, 94, 105, 108, 109-116	Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект Тест	Кесте бойынша
7	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Есептер шешу 3. Ағымдық тестілеу	Ағымдық бақылау	1, 8, 9, 11, 12, 40, 61-77, 91, 94, 105, 108, 109-116	Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект Тест	Кесте бойынша
8	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспектілеу 3. Кесте құрау 4. Ағымдық тестілеу	Ағымдық бақылау	1, 8, 9, 11, 12, 40, 61-77, 91, 94, 105, 108, 109-116	Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект Тест	Кесте бойынша
9	1. Ағымдық тестілеу 2. Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспектілеу	Ағымдық бақылау	1, 10-13, 19, 25, 47, 61-77, 80-82, 91, 105, 108, 109-116	Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
10	1. Тақырып бойынша сұрау 2. Сабақ тақырыбы бойынша НҚА конспектілеу 3. Ағымдық тестілеу	Ағымдық бақылау	1, 10-13, 19, 25, 47, 61-77, 80-82, 91, 105, 108, 109-116	Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша

3.6 Курс саясаты. Сабақ босату – сіздің оқуға ынталығыңызды көрсетеді, курс бойынша қорытынды бағаны шығару кезінде ескеріледі. Сіздің бағаңыз алынған тапсырмалар уақытында тапсырылмаған жағдайда әр кезде жарты балға төмдетіледі. Сіздің міндетіңіз аудиторияда болу және оқу. Үйдегі және жұмыстағы аурып қалу, қақтығыстар сияқты оқыс жағдайлар сізге сабақ босатуға құқық береді. Бірақ осындай жағдайда сіз болған жағдай туралы оқытушыны ақпараттандыруыңыз қажет және тапсырманы алдын ала тапсыру керек.

Өз жұмыс орнында бола отырып, жұмыстық міндеттерді орындамау – жазаға әкеліп соқтырады. Осы курс бойынша барлық тапсырмалар семестрлік кестеде белгіленген сабақ басталғанға дейін аяқталуы қажет. Белгіленген мерзімнен кеш тапсырылған тапсырмалар тиісті бағадан төмен баға алады және аталмыш курс бойынша қорытынды бағаға әсер етеді. Кесте бойынша аудиторияда жүргізілетін жұмыста сол сияқты барлық топтың жұмысына әсер етеді. Егер сабақты орындау кезінде Сіз сабақта болмасаңыз және сізге

арналған жұмыстың бөлігін орындамасаңыз, онда Сіз сабақ босатқан сияқты жазаланасыз.

Курсты зерделеу бәсең емес, ал белсенді болуы керек. Үй тапсырмасын орындау аптасына кем дегенде 2-3 сағат алмау керек. Сіз кеңес беру кестесіне сәйкес оқытушымен жиі кеңесуіңіз керек. Оқулықты тапсырманы орындау кезінде ғана емес, ал аталмыш курсты барлық зерделеу кезінде де оқу керек. Әрбір сабаққа дайындалу қажет. Курсты зерделеу жетістігі көбінесе Сіздің аудиториямен жұмысыңызға байланысты болады. Сабаққа жақсы қатысу, сабақтарда белсенділік таныту, оқытушының барлық тапсырмасын мерзімінде және сапалы орындау Сізге атестация мен емтихан кезінде көмек болады. Емтихан Сіздің теориялық біліміңізді тексеруге емес, ал Сіздің оларды тәжірибе жүзінде қолдану мүмкіндігіңізге бағытталады. Емтиханда Сіз сұрақтарға тест түрінде жауап бересіз. Емтиханда барлық сабақтар үй жұмысына, аудиториядағы тестілерге негізделеді және т.б.

Межелік аттестациялар алдын ала өтілген материал бойынша жүргізіледі. Қорытынды емтихан барлығына міндетті және өткен материалмен негізделеді.

Әр дәріс басталғанша тақырыптың негізгі моменттері көрсетілген материал таратылады. Өтінеміз, берілген материалды сабақ басталғанша оқып шығыңыз. Дәрістен кейін дәріс конспектісінде және бақылау сұрақтарындағы ауызша жауаптарда көрсетілген негізгі оқулықтан барлық берілген материалды оқып шығыңыз. Аталған Сіздің даярлығыңыз алдын ала ескертусіз оқытушымен жүргізілген тестімен тексеріледі; осындай тест бағасы қорытынды бағаға қосылады. Дәрістік курс тақырыбы бойынша 5 бақылау жұмысы жоспарланған, сондай ақ өткен теориялық материалды меңгерілгендігі тексерілетін межелік бақылау жүргізіледі.

Тапсырманы орындау кезінде Сіз:

- плагиатпен айналысуға;
- өзгелерге Сіз үшін жұмыс істеуге;
- белгіленбеген мерзімде жұмысты тапсыруға әрекет жасауға;
- топтық тапсырманы орындау кезінде топ жұмысына қатыспауға және ол үшін балл талап етуге және т.с.с болмайды.

Курсанттардың міндеттері (ұсынылатын тізбе):

1. Сабаққа кешікпеу;
2. Сабақ кезінде сөйлесуге, газет оқуға болмайды, телефонды сөндіру, сағыз шайнамау керек;
3. Сабаққа үлгілі нысанда келу керек;
4. Сабақ босатпау, сырқаттанған жағдайда анықтама әкелу;
5. Босатылған сабақты оқытушымен белгіленген уақытта өтеу керек;
6. Сабақты орындамаған жағдайда қорытынды баға төмендетіледі;
7. Сабаққа күнде қатысу;
8. Оқу процесіне белсенді араласу;
9. Үй тапсырмасын мұқият орындау;
10. Курстастарға және оқытушыларға сабырлы, ашық, ізетпен қарау;
11. Барлық сабақтарда кері байланысты қалыпты ұстану;

12. Ұжымдық жұмыстарға және пікірталастарға ұялшаң студенттерді тарту;

13. Дер уақытында келу және міндетті болу;

14. Себепсіз жағдайлар бойынша сабақтарды босатудан аулақ болу;

15. Оқу комнаталарында темекі шекпеу;

16. Семинар уақытында телефонмен сөйлеспеу;

17. Сабақтарда алкогольдік ішімдіктер тұтынуды болдырмау.

Академиялық мінез-құлық және этика сясаты жоғарғы оқу орнының күн тәртібі, полиция қызметкерінің этикалық кодекс ережелерімен негізделеді, ал оның ішінде:

- оқытушылармен, қызметкерлермен және әріптестермен ізетті болу;
- академияның, институттың барлық тәрбие шараларына қатысу;
- академияда жүріс-тұрыс мәдениетін ұстану;
- корпустар мен аудиторияларда тазалық сақтау.

Аталған курсқа Сіздің қатынасыңыз және жүріс-тұрысыңыз мемлекеттік қызметші және полиция қызметкері ар-намыс кодексіне сай келеді деп үміттенеміз. Сіз сабақты босату, кешігу, аудиторияда тәртіпсіз болмауыңыз керек, оқытушыны және тыңдаушыны сыйлауыңыз керек. Сабақта Сіз материалды талқылауыңыз, қажетті сұрақтар қою үшін, тапсырманы орындауға ықыласпен дайын келуіңіз керек. Сіздің жұмысыңызға не қажет соны Сіз қабылдауыңыз қажет.

3.7 Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№№ п/п	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1.	Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз, 1998 жылғы 7 қазандағы, 2007 жылғы 21 мамырдағы, 2011 жылғы 11 ақпандағы өзгертулер мен толықтырулар.	//Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 4, 217 б; 1998 ж., № 20, 245 б.
2.	Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1993 жылғы 28 қаңтар.	– Алматы, 1993. (Күшін жойды).
3.	Адам құқықтарының Жалпы Декларациясы // БҰҰ Бас Ассамблеясы 1948 жылғы 10 желтоқсан.	Международное публичное право. Сборник документов. Составитель Сидорова Н.В. – Караганда 2006.
4.	Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакт. 1966 жылғы 16 желтоқсан.	Международное уголовное право. Сборник нормативных правовых актов. /Составители Борчашвили И.Ш., Сидорова Н.В. – Караганда, 2010
5.	Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пакт. 1966 жылғы 16 желтоқсан.	Международное уголовное право. Сборник нормативных правовых актов. /Составители Борчашвили И.Ш., Сидорова Н.В. – Караганда, 2010
6.	Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіге факультативтік хаттама. 1966 жылғы 16 желтоқсан.	Международное уголовное право. Сборник нормативных правовых актов. /Составители Борчашвили И.Ш., Сидорова Н.В. – Караганда, 2010
7.	Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіге екінші факультативтік хаттама, өлім жазасынан бас тартуға	Международное уголовное право. Сборник нормативных правовых

	бағытталған 1989 жылғы 15 желтоқсан.	актов. /Составители Борчашвили И.Ш., Сидорова Н.В. – Караганда, 2010
8.	(Азаптауларды және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерін тиімді тергеу мен құжаттау жөніндегі нұсқаулық).	1999 жылғы Стамбулдық хаттама
9.	Конвенция ООН против пыток и других видов жестокого или унижающего достоинство обращения и наказания.	Международное уголовное право. Сборник нормативных правовых актов. /Составители Борчашвили И.Ш., Сидорова Н.В. – Караганда, 2010
10.	Кодекс поведения должностных лиц по поддержанию правопорядка, принятый Генеральной Ассамблеей ООН 17 декабря 1979 г.	Международное уголовное право. Сборник нормативных правовых актов. /Составители Борчашвили И.Ш., Сидорова Н.В. – Караганда, 2010
11.	Принципы эффективного предупреждения и расследования незаконных, произвольных и суммарных казней от 24 мая 1989 г.	Международное уголовное право. Сборник нормативных правовых актов. /Составители Борчашвили И.Ш., Сидорова Н.В. – Караганда, 2010
12.	Основные принципы применения силы и огнестрельного оружия должностными лицами по поддержанию правопорядка от 7 сентября 1990 г.	Международное уголовное право. Сборник нормативных правовых актов. /Составители Борчашвили И.Ш., Сидорова Н.В. – Караганда, 2010
13.	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» конституциялық заңы. 1995 жылғы 29 желтоқсан № 2737	// http://online.zakon.kz .
14.	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңы. 28.09.1995 ж.	// http://online.zakon.kz .
15.	Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» конституциялық заңы. 1995 жылғы 2 қараша N 2592	// http://online.zakon.kz .
16.	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және соттардың мәртебесі туралы» конституциялық заңы. 2000 жылғы 25 желтоқсан № 132-II	// http://online.zakon.kz .
17.	Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Жалпы бөлім), Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен қабылданған 1994 жылғы 27 желтоқсан	// http://online.zakon.kz .
18.	Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі 1999 жылғы 1 шілде № 409-I (Ерекше бөлім)	// http://online.zakon.kz .
19.	Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі 1999 жылғы 13 шілде № 411-I	// http://online.zakon.kz .
20.	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілде № 226-V	// http://online.zakon.kz .
21.	Қазақстан Республикасының қылмыстық процесілік кодексі 2014 жылғы 4 шілде № 231-V	// http://online.zakon.kz .
22.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі 2014 жылғы 5 шілде № 235-V	// http://online.zakon.kz .
23.	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қараша № 414-V	// http://online.zakon.kz .
24.	Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсан № 518-IV	// http://online.zakon.kz .
25.	Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» заңы 1998 жылғы 24 наурыз № 213-I	// http://online.zakon.kz .
26.	Қазақстан Республикасының «Халықаралық шарттар туралы» заңы 2005 жылғы 30 мамыр № 54-III	// http://online.zakon.kz .
27.	Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңы 31.05.1996 ж.	// http://online.zakon.kz .
28.	Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» заңы	// http://online.zakon.kz .

	2002 жылғы 15 шілде № 344-II.	
29.	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңы 01.12.1991 ж.	//http://online.zakon.kz.
30.	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы 2007 жылғы 27 шілде № 319-III.	//http://online.zakon.kz.
31.	Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы 2011 жылғы 11 қазан № 483-IV	//http://online.zakon.kz.
32.	Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңы 23.11.2015 ж.	//http://online.zakon.kz.
33.	Қазақстан Республикасының «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы 18.11.2015 ж.	//http://online.zakon.kz.
34.	Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» заңы 2011 жылғы 22 шілде № 477-IV	//http://online.zakon.kz.
35.	Қазақстан Республикасының «Бейбіт жиналыстар, митинглер, шерулер өткізу және тосқауылдарға тұруды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» заңы 17.03.1995 ж.	//http://online.zakon.kz.
36.	Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтінішін қарау тәртібі туралы» заңы 12 қаңтар 2007 жыл № 221-III	//http://online.zakon.kz.
37.	Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» заңы, 23.04.2014 ж. № 199-V	//http://online.zakon.kz.
38.	Қазақстан Республикасының «Құқыққорғау қызметі туралы» заңы 2011 жылғы 6 қаңтар № 380-IV	//http://online.zakon.kz.
39.	Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» заңы 1995 жылғы 21 желтоқсан № 2709	//http://online.zakon.kz.
40.	Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» заңы 21.12.1995 г	//http://online.zakon.kz.
41.	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» заңы 2002 жылғы 8 тамыз № 345-II	//http://online.zakon.kz.
42.	Қазақстан Республикасы Президентінің «2010-2020 жылдарға Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы	//http://online.zakon.kz.
	2. Негізгі әдебиет	
43.	Назарбаев Н.Ә. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.	//Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/.
44.	Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2014 жылғы 17 қараша.	
45.	Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша	//Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/.
46.	Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2012 жылғы 27 қаңтар.	
47.	Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан.	//Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/.
48.	Назарбаев Н. Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2011 жылғы 28 қаңтар.	//Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/.
49.	Назарбаев Н. А. К свободному, эффективному и безопасному обществу: Послание Президента страны народу Казахстана 16 октября 2000 г.	//Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/.
50.	Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.	//Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/.

	2010 жылғы 29 қаңтар.	
51.	Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2008 жылғы 16 ақпан	//Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/.
52.	Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2007 жылғы 28 ақпан.	//Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/.
53.	Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2006 жылғы 1 наурыз	//Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/.
54.	Назарбаев Н.Ә. «Дағдарыстан – жаңару мен дамуға». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 06.03.2009 г.	//Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/.
55.	Назарбаев Н.А. Осмысление пройденного и дельнейшее демократическое реформирование общества. Доклад на Второй сессии Ассамблеи народов Казахстана.	//Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/.
56.	Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» Н. Назарбаевтың бес институциональдық реформасын жүзеге асыру бойынша	//http://www.inform.kz.
57.	Адам құқықтарын қорғау полиция қызметі мен міндеті ретінде. Оқу құралы	Алматы, 2015
58.	Адам құқықтарын қорғау полиция қызметі мен міндеті ретінде. Оқу-әдістемелік құрал	Алматы., 2015
59.	Мутагиров Д.З. Права и свободы человека. Учебное пособие.	М., 2006
60.	Азаров А., Ройтер В., Хюфнер К. Права человека. Международные и российские механизмы защиты.	М., 2003.
61.	Права человека. Учебник для вузов. /Под редакцией Холикова А.Д.	Душанбе, 2009
62.	Глухарева Л.И. Права человека. Гуманитарный курс.	М., 2002.
63.	Кобабаев О.К., Кобабаева А.О. Конституционное право Республики Казахстан. Электронная книга	Алматы 2006 г.
64.	Шеретов С.Г. Конституционное право Республики Казахстан.	Алматы 2006 г.
65.	Конституционное право Республики Казахстан в вопросах и ответах.	Қарағанда, 2006.
66.	Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Нормативтік-құқықтық актілер жинағы.	Қарағанды, 2010.
67.	Сапарғалиев Г. С. Конституционное право Республики Казахстан.	Алматы, 2007.
68.	Толковый словарь Конституции Республики Казахстан.	Алматы, 1995
69.	Сейдығалиев Т.Р. Қазақстан Республикасының ПО қызметінде адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету. Оқу құралы	Қарағанды 2012 ж.
70.	Сейдығалиев Т.Р. Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Терминологиялық сөздік	Қарағанды, 2016 ж.
71.	Сидорова Н.В. Конституционное право Республики Казахстан. Курс лекций.	Қарағанда, 2011
72.	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулысының жинағы	Астана, 2010. – 526 б.
	3. Қосымша әдебиет	
73.	Сейдығалиев Т.Р. Защита прав и свобод человека и гражданина в разрезе международного и национального права	Актуальные проблемы права: Материалы научной конференции. – Қарағанда: КарЮИ МВД РК им.Б.Бейсенова, 2007. С.109-112 – 152 с.
74.	Сейдығалиев Т.Р. Қазақстан Республикасындағы адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау	Перспективы развития национального законодательства Республики Казахстан в свете Концепции правовой политики на 2010-2020 годы. Материалы

		международной научно-практической конференции. – Караганда, 2010
75.	Сейдығалиев Т.Р. Адам және азамат құқықтары заңмен қорғалуға тиіс	Қазақстан Республикасындағы заң және қоғамдық ғылымдардың өзекті мәселелері = Актуальные проблемы юридических и общественных наук в Республике Казахстан. - 2011. - N Вып. 11. - Б. 18-20.
76.	Сейдығалиев Т.Р. Қазақстан Республикасының адам құқығы саласындағы ішкі істер органдары қызметінің негізгі бағыттары және стандарттары	ҚР ПМ ҚА Қарағанды 2016 ж.
77.	Сидорова Н.В. Проблемы осуществления прокурорского надзора в Республике Казахстан.	Актуальные проблемы права. Сб. науч. тр. – Караганда, 1997.
78.	Джиембаев Р.К. К вопросу о соблюдении прав и законных интересов в процессе расследования.	Материалы Международной научно-практической конференции «Международное право и развитие национального законодательства». Карагандинский Государственный Университет имени Е.А. Букетова., Караганда 2008 г.
79.	Джиембаев Р.К. Некоторые вопросы реализации несовершеннолетними лицами своих законных интересов в уголовном судопроизводстве	Наука и ее роль в современном мире: Мат-лы международной научно-практической конференции. Караганда: «Болашак-Баспа». Т.1, 2010. С.191-194
80.	Джиембаев Р.К. Развитие ювенальной юстиции Республики Казахстан на современном этапе. Монография.	Караганда, 2012
81.	Джиембаев Р.К. Взаимодействие ОВД с институтами гражданского общества в сфере защиты прав граждан	Современные проблемы социально-экономических систем в условиях глобализации. Сборник научных трудов. Международная научно-практическая конференция, посвященная 140 летию НИУ «БелГУ». Белгород 2016 г.
82.	Джиембаев Р. К. Проблемы и некоторые организационные вопросы развития ювенальной юстиции в Республике Казахстан	Экономика и право № 19, 2008
83.	Взаимодействие ОВД Республики Казахстан с институтами гражданского общества в сфере защиты прав человека. Учебное пособие.	Караганда, 2016
84.	Сидорова Н.В. Конституционно-правовой статус прокуратуры Республики Казахстан.	Экономика и право Казахстана. 2005, №23
85.	Сидорова Н.В. Конституция прав и свобод гражданина.	Индустриальная Караганда. 27.08.2009 №100 (20807)
86.	Сидорова Н.В. Роль судебных и правоохранительных органов в обеспечении конституционной законности в процессе имплементации международных договоров в Республике Казахстан.	Актуальные вопросы развития органов государственной власти и местного самоуправления в субъектах Российской Федерации: политические и правовые аспекты. Материалы международной научно-практической конференции. – Волгоград, 2010.
87.	Сидорова Н.В. Имплементация международных стандартов о правах женщин в Республике Казахстан	Вестник Карагандинского юридического института МВД РК им. Баримбека Бейсенова №1 2005

88.	Сидорова Н.В. Международные стандарты о правах человека и их соотношение с законодательством Республики Казахстан	Вестник Академии МВД РК «Становление прав и свобод человека в Республике Казахстан и проблемы их защиты в деятельности правоохранительных органов» - Алматы, 2005
89.	Сидорова Н.В. Международные стандарты прав человека	Обеспечение прав и свобод человека в деятельности государственных органов: Мат-лы республик. науч.-практ. конф. / Под ред. Д. Т. Кенжетаева. — Караганда: КЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова, 2006. — 196 с.
90.	Сидорова Н.В. Имплементация Конвенции ООН против пыток или других видов жестокого или унижающего достоинство обращения и наказания в Республике Казахстан	Вестник КарГУ.- Караганда, 2010
91.	Ермекова З.Д. Защита прав и свобод человека и гражданина. Терминологический словарь.	Караганда, 2013
92.	Сидорова Н.В. Конституционные гарантии воплощения международных стандартов противодействия пыткам в Республике Казахстан	Права человека: глобализация и регионализация. Материалы международной научно-практической конференции. 22 апреля 2011 года. ФГОУ ВПО «Байкальский государственный университет экономики и права». – Иркутск, 2011
Интернет қайнар көздер		
93.	Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты	http://www.akorda.kz/
94.	Қазақстан Республикасы Парламентінің ресми сайты	http://www.parlam.kz/
95.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми сайты	http://ru.government.kz/kz/
96.	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің ресми сайты	http://ksrk.gov.kz/
97.	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми сайты	http://prokuror.gov.kz/rus
98.	Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының ресми сайты	http://sud.gov.kz/rus
99.	Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының ресми сайты	http://mvd.gov.kz/
100.	Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің ресми сайты	http://www.ombudsman.kz/

3.8 Пән бойынша сабақ жүргізудің тақырыптық жоспары

№ п/п	Тақырып	Тақырыптың аталуы	Кредиттер саны (сағат)	Аудиториялық сағат			КООЖ	КӨЖ
				Дәріс	Семинар сабақ	Практик алық сабақ		
1	1. Бөлім Адам және азаматтың құқықтары туралы түсініктің эволюциясы							
2	1	Адам құқықтарының теориясы және тарихы	8	1	1	1	1	4
3	2	Адам құқықтары мен бостандықтарының халықаралық стандарттары	9	1	1	1	2	4
4	2. Бөлім Ішкі істер органдарының қызметіндегі адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары							
5	3	Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау полицияның қызметі және міндеті ретінде	9	1	1	1	1	5
6	4	Ішкі істер органдарының қызметінде жеке тұлғаның құқықтарын шектеу	10	1	1	1	2	5
7	5	Полиция және халықтың осал санаттары.	10	1	1	1	2	5
8	6	Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу процесіндегі адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету	10	1	1	1	2	5
9	7	Полициялардың күш, арнайы құралдар мен атыс қаруын қолдану процесіндегі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету	10	1	1	1	2	5
10	3. Бөлім Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі ішкі істер органдарының өзге де мемлекеттік органдар және азаматтық қоғамдармен өзара іс-әрекеттестігі							
11	8	Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі ПО-ның сотпен және прокуратурамен өзара іс-әрекеттестігі	8	1	1	1	1	4
12	9	Қазақстан Республикасындағы халықаралық және ұлттық құқыққорғау мекемелері мен ұйымдары	8	1		1	1	4
13	10	Полиция мен қоғамның өзара іс-әрекеттестігі.	8	1		1	1	4
14		Барлығы:	90	10	10	10	15	45

3.9 Сабақ жоспары

Дәріс кешені (дәріс мәтіндері)

1 БӨЛІМ. АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

1 тақырып. Адам құқықтарының теориясы және тарихы

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. «Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау» курсының пәні және әдісі.
2. Адам құқықтары тұжырымдамасының негізгі принциптері. Құқықтар мен бостандықтарды мемлекетпен мойындалатын тарихи шолу.
3. Қазақстан Республикасының заңнамасындағы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары институтының дамуы.

Дәріс мәтіні

Адам құқықтары теориясының қалыптасуы ұзақ тарихқа ие. Адам құқықтарының идеясы көне кезде пайда болған. Бұл ұғымның қалыптасуы жалпыазаматтық гуманитарлық философиялық және құқықтық ойдың табиғи эволюциясымен әзірленді.

Б.э.д. V-IV Афинада билік үшін күрес нәтижесінде өз уақытына сәйкес демократиялық режим орнатылған. Осы кезеңдегі адам құқықтарының орнығу қайнар көзі ежелгі грек философтарының идеяларында кездеседі: Сократ, Платон, Аристотель еңбектерінде құқықты сақтау және қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған.

Ортағасырдағы құдайға табынушылар мен философтар антикалық ойшылдардың идеяларын табиғи құқық жөнінде қабылдады, оның ішінде меншік пен адамзат бостандығының табиғи табиғаты туралы көзқараста болды. (Исидор Севильский, Грациян, Руфинус және басқалар).

Әр түрлі таптар мен сословиелердің күресінің нәтижесінде, ең алдымен қалыптасып келе жатқан буржуазиялық күштегі құқықтар мен бостандықтардың арқасында, ортағасырлық өмір қалпына қарсы келе мемлекет пен жеке тұлғаның өзара қатынастарының буржуазиялық мемлекеттік-құқықтық тұжырымдамасы пайда болады. Билік басқаруға және феодалдық шектеуден босауға ұмтылушы жаңа таптың атақты ойшылдары Г. Гроций, Б. Спиноза, Т. Гоббс, Дж. Локк, Ш.-Л. Монтескье, Ж.-Ж. Руссо және басқалар адам құқықтарын — мемлекеттік билікті шектеуші және мемлекеттің азаматтардың жеке өміріне араласу шегін орнатушы құралдар деп санады. Дж. Локтың пікірі бойынша мемлекет қандай да бір жағдайда адамның өмір сүру құқығын, бостандығын және меншікке құқылығын шектей алмайды. Г. Гроций — табиғи құқық мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Сол уақыттың өзінде адам құқығының ажыратылмастығы, оның мәңгі екендігі

туралы «табиғи құқыққа жататын адам құқығы мызғымас және ажыратылмас, сондықтан да Құдайдың өзі оны өзгерте алмайды» деп пайымдаған.

1215 жылы Англиядағы Еркіндіктің ұлы хартиясында ағылшын монархының абсолюттік билігін шектейтін баптарда адам құқықтары туралы нормалар көрсетілген. Мысалы, ұлы хартияның 39-бабы қылмыс жасағанда тек заңды үкім және елдің заңы бойынша жаза қолдануды көздейді. Адам құқықтары мен бостандықтарының табиғи-құқықтық түсінігінің нормативтік бекілу жолының ілгерілеу қадамы 1679 жылғы Хабеас корпус акт болып саналады. Онда азаматтарды соттық қорғау кепілдігі белгіленген, сондай-ақ кінәсіздік презумпциясы, жеке тұлғаның қол сұғылмаушылығы және басқа да адам құқықтарын қорғаудағы маңызды ережелер енгізілген.

Американдық штаттардың отаршыл Анлиядан тәуелсіздік үшін күресте табиғи құқық мектебінің идеясы Т. Пейнмен және Т. Джефферсонмен дамыды. Вирджиния құқығының декларациясы 1776 жылы 12 маусымда қабылданды. Осы декларацияда былай деп жарияланған: «Барлық адамдар табиғатынан тең дәрежеде еркін және тәуелсіз болады, сонымен қатар тумысынан белгілі бір құқықтарға ие... өмір сүруге және меншік алу мен иеленуге құқылық, бақытқа және қауіпсіздікке ұмтылуға құқылық». Аталған декларацияның идеясы 1776 жылы 4 шілдеде қабылданған АҚШ-тың тәуелсіздік декларациясында көрініс тапқан және бекітілген. 1787 жылғы АҚШ-тың конституциясы алғашқысында адам құқықтары туралы ескертуден тұрған жоқ (теңқұқылы азаматтардың арасынан негрлер мен үндістер алынып тасталды). Бірақ екі жылдан кейін осы конституцияға 1791 жылы бекітілген және мемлекет тарапынан міндетті түрде сақтауға және қорғауға жатқызылатын, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының тізімін құрайтын «Құқықтар туралы билль» деген атқа ие алғаш 10 түзетулер қабылданды.

1879 жылы Ұлы Француз революциясының жеңісінің нәтижесінде Адам және азамат құқықтарының декларациясы қабылданды — 1958 жылғы Францияның әрекеттегі конституциясының құрамдас бөлігі болып табылатын құжат. Онда былай айтылған: «Адамдар — құқықтары бойынша еркін және тең болып туылады және солай қалады. Әр мемлекеттер одағының мақсатын адамның табиғи және ажырамас құқықтарын қамтамасыз ету құрайды. Еркіндік, меншік, қауіпсіздік және қанауға қарсылық осылай».

1998 жылы маусым айында Астанада ҚР Президентінің жанындағы адам құқығы жөніндегі Комиссияның бастамасымен «Қазақстандық қоғамды реформалау үрдісіндегі адам құқығы мен бостандығы» тақырыбына халықаралық конференция өтті. Конференцияға ұлттық мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың өкілдері: ҚР Парламентінің депутаттары, үкіметтік органдардың өкілдері, үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдары, журналистер т. б. қатысты. Конференцияда осы саладағы көптеген мәселелер, соның ішінде халықаралық құқықтың адам құқығы бойынша ішкі заңдылыққа оң әсері, ҚР адам құқығы жөніндегі құқықтық — нормативті актілермен оның жүзеге асуының арасындағы қарама — қайшылық туралы айтылды. 90-шы жылдары Қазақстанда тұрғындардың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, адам

құқығы мен бостандығының аяққа тапталуы, мемлекеттік қызметкерлердің асыра сілтеушілігі байқалды Конференция Қазақстанның ары қарай демократиялық дамуының жолын анықтады:

1) Қазақстан Республикасының адам құқығы саласында негіз салушы халықаралық келісімдеріне жылдам уақытта қосылуы;

2) Адам құқығы мен бостандығын қорғау бойынша мемлекеттік органдардың ұлттық мекемелерінің қызметкерлерінің тиімділігі мен міндеткерлік мүмкіндіктері деңгейін көтеру.

3) адам құқығы мен бостандығын қорғау мәселесі бойынша жоғарғы мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың ретті өзара қызметтесу тәжірибесін кеңейту;

4) Республикада адам құқығы мен бостандығы саласындағы халықаралық құқықтық құжаттарды түсіндіру бойынша үкіметтік органдардың және мемлекетті емес ұйымдардың ретті ағартушылық жұмыстарын жүргізу.

Конференция:

А) істеп тұрған институттарды күшейту мен реформациялауға;

Ә) адам құқығы мен бостандығын қорғау мен марапатау жөніндегі жеткілікті биліктерді бар жаңа ұлттық институттарды, 1997 жылдың 17-19 желтоқсандағы «ҚР Президенті жанындағы адам құқығы бойынша комиссияның билігін іске асыру» семинарының кепілдемесін ескере отырып, құруға ерекше назар аударады.

Мемлекет өзінің құқық пен бостандықты қорғау міндеттерінен тек нақты жағдайларға байланысты және тек заңының негізінде ғана кері қайта алады, атқарушы билік органдарының өздері өз шешімдерімен шектеулер енгізуге құқықтары жоқ. Мұндайда құқық пен бостандықты шектеу дәрежесі жағдайдың өткірлігіне және соның салдарынан шектеу енгізіліп отырған құндылықты қорғауына жауап беруі керек, олар өз кезектерінде демократиялық қоғамның қағидаларына сәйкес болуы керек. Кез келген мемлекетте шектеулер бар және болады, бірақ олардың әрекеттері мен сипаттары қатаң бақыланулары керек.

Қазақстан Республикасында адам мен азамат бостандығы мен құқығын толық көлемде іске асыруының объективті және субъективті қиындықтары бар. Мұндай қиындықтардың негізгі себептерінің бірі, мәлімдемеленген құқықтық нормаларды іске асыруды кепілдейтін, қалыптасқан жағдайлардың (бәрінен бұрын, экономикалық, саяси, құқықтық) жоқтығы болып отыр.

Қазіргі кездегі жағдайларда адам құқығы мен бостандығын нақты қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының ішкі саясатының басымдылық мақсаты деп мойындау маңызды.

Семинар – 1 сағат

Жоспар

1. Адам құқықтары тұжырымдамасының негізгі принциптері. Құқықтар мен бостандықтарды мемлекетпен мойындалатын тарихи шолу.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасындағы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары институтының дамуы.

Жоспар

Сабақ «Аса қажетті құқық» атауымен ойын түрінде жүргізіледі.

Ойын мақсаты: «бірінші» және «екінші ұрпақ» құқықтарының ара қатынасын көрсету.

Әр курсант құқықтар мен бостандықтар тізімін алады.

Тапсырма:

Сіздің алдыңызда құқықтар мен бостандықтар тізімі. Сізге құқықты анықтауыңыз қажет, онсыз болу мүмкін емес (ол үшеуден аспау керек)

- Өмір сүру, бас бостандығы мен қауіпсіздік құқығы.
- Құлдық пен басыбайлықтан бостандық құқығы.
- Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен бостандық құқығы.
- Құқықсубъектіліктің мойындалу құқығы.
- Заң алдында теңдік құқығы.
- Адам құқықтары бұзылған жағдайда құқықтарды тиімді қалпына келтіру құқығы.
- Өз еркімен қамауға алу, ұстау немесе қудалаудан бостандық құқығы.
- Істің жария және барлық әділеттілік талаптарының сақталуымен тәуелсіз және бейтарап сотпен қаралу құқығы.
- Кінәсі белгіленгенше кінәсіздік презумпциясы құқығы.
- Жасау сәтінде қылмыс саналмаған әрекет үшін соттауға тыйым салу құқығы.
- Жеке және отбасылық өміріне еркін қол сұғушылықтан, тұрғын үйге дербес құқылық немесе хат-хабар құпиялығына еркін қол сұғушылықтан бостандық құқығы.
- Еркін жүріп-тұру және тұрғылықты жерді таңдау құқығы, соның ішінде кез келген елден кету және өз еліне қайтып оралу құқығы.
- Басқа елдерді паналау құқығы.
- Азаматтық алу құқығы.
- Неке құру және отбасын құру құқығы.
- Мүлікке ие болу құқығы.
- Ой, ар-ождан және дін бостандығы құқығы.
- Сенім бостандығы және оны еркін білдіру құқығы.
- Бейбіт жиналыстар және бірлестіктер бостандығы құқығы.
- Өз елін басқаруға қатысу құқығы.
- Өз еліндегі мемлекеттік қызметке тең қолжетімділік құқығы.
- Әлеуметтік қамсыздандырылу құқығы.
- Еңбек ету және жұмысты еркін таңдау құқығы.
- Тең еңбек үшін тең төлем алу құқығы.
- Адамның лайықты тұрмысын қамтамасыз ететін әділ және қанағаттанарлық сыйлықақы алу құқығы.

- Кәсіби одақтар құру құқығы.
- Демалыс және бос уақыт құқығы.
- Денсаулық пен әл-ауқатты сақтау үшін қажетті өмір сүру деңгейі (тамақ, киім, тұрғын үй, медициналық күтімді қоса алғанда) құқығы.
 - Жұмыссыздық, науқастану, мүгедектік, жесірлік, қартаю жағдайында немесе адамның ырқынан тыс жағдаяттар бойынша тіршілік ету құралдарынан айырылудың өзге жағдайларында әлеуметтік қамсыздандырылу құқығы.
 - Аналық пен балалықты қорғау құқығы.
 - Білім алу құқығы, бұл ретте ата-аналар өз балалары үшін білі алу түрін таңдауда басымдық құқығына ие.
 - Қоғамның мәдени өміріне қатысу құқығы.
 - Автордың ғылыми, әдеби немесе көркем еңбектерінің нәтижесі болып табылатын моральдық және материалдық мүдделердің қорғалу құқығы.

2. Қатысушылар алынған тізімдерді салыстырып, бірдей таңдап алынған үш қажетті құқықтармен топтарға бірлеседі. Енді олар – Конституциясы дәл осы құқықтарды кепілдендіретін мемлекеттің тұрғындары. Әрбір топ қиыншылық тудырып отырған жағдайдың сипаттамасымен карточка алып, 10 минуттың ішінде өз іс-қимылдарының нұсқасын ұсынуы тиіс.

КОӨЖ – 1 сағат

Жоспар

1. Адам құқықтарының принциптер жүйесін талдау: ажырамастық, жалпылық, әмбебаптық, бөлінбеушілік, өзара тәуелділік; өзара байланыстық, абсолюттік, заңсыз шектеуге тыйым салу, теңқұқылық.

2. Кесте құрау

№	Принцип атауы	Қазақстан Республикасы конституциясының номері	Мысал

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Курсанттарға «Құқық қорғау» мамандығы бойынша базалық пәндер жүйесіндегі «ПО қызметіндегі адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету» курсының рөлі мен орнын. Адамның «табиғи» құқығының ұғымын. «Құқық», «бостандық» ұғымын. Адам құқығы тұжырымдамасының негізгі ережелерін. Моральдық құқық санатына тиесілігін, өзге моральдық құқықтардан айырмашылығын. Адам құқығының қоғам үшін маңыздылығын. Адамға тиесілі құқықтар мен бостандықтардың табиғатынан берілген және бөлінбес сипатын. Негізгі құқықтар мен бостандықтардың жалпылығы: олар барлығына бірдей және барлық адамдарға тең. Мемлекеттердің құқықтық актілеріндегі тұжырымдаманың жаңғыруын.

Шетел мемлекеттері заңнамасындағы адам құқығы құқықтық негізінің пайда болуын білу қажет.

Қазақстан Республикасының заңдарындағы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары институтының дамуы, тарихи жағдайдағы конституциялық-құқықтық нормалардың талдауы. Салалық заңдардағы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдылық принципі. Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатын гуманизациялау – тарихи-құқықтық аспект. Адамның ар-намысын қорғау.

КӨЖ – 4 сағат

1. Салыстырмалы кесте құрау.
2. Семинар сабағының сұрақтарын дайындау.
3. Тақырып бойынша глоссарий құрастыру.

Адам және азаматтың құқықтары	1978 жылғы ҚазССР Конституциясы	1993 жылғы ҚР Конституциясы	1995 жылғы ҚР Конституциясы

1 тақырыпқа әдебиет 1: 1-7, 41, 43-60, 90-97

2 тақырып. Адам құқықтары мен бостандықтарының халықаралық стандарттары

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының халықаралық стандарттары.
2. Азаптаудың халықаралық-құқықтық нормалары және алдын алу принциптері.
3. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің халықаралық механизмдері.

Дәріс мәтіні

Адам құқықтарын қорғау механизмдері - бұл адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға жұмылдырылған, белгілі бір ұйымдастырылған құрылымдар (халықаралық және ұлттық соттар, халықаралық ұйымдар, комитеттер, комиссиялар, жұмыс топтары, арнайы баяндамашылар және т. б.).

Адам құқықтарын қорғайтын барлық механизмдер бөлінеді:

1. БҰҰ шеңберінде әрекет ететін халықаралық әмбебап, ТМД, Еуропа Кеңесі шеңберінде қызмет ететін аймақтық және т. б.
2. Ұлттық (әрбір жекелеген мемлекеттің ішінде қызмет атқаратын).

Адам құқықтары жөніндегі комиссия БҰҰ адам құқықтары мәселелерімен айналысатын басты орган болып табылады. Оның құрылуы БҰҰ Жарғысымен көзделген. 1946 жылы адам құқықтарына қатысты мәселелер

бойынша Кеңеске көмек көрсету мақсатында және адам құқықтары туралы Халықаралық билльді өңдеу мақсатында Экономикалық және Әлеуметтік Кеңеспен ресми бекітілді.

Қазіргі уақытта үшжылдық мерзімге ЭКОСОС-пен сайланған 53 мемлекет мүшелерінің өкілдерінен, келесідей аймақтық квота бойынша: 15 африка мемлекеттерінен, 12 азия мемлекеттерінен, 11 Латын Америкасы мен Кариб мемлекеттерінен, оны Батыс Еуропа мен өзге мемлекеттерден және бесеуі шығысеуропалық мемлекеттерден тұрады. Комиссияның құзыретіне адам құқықтары мәселелерінің барлық аспектілері және оның қызметіне барлық деңгейдегі халықаралық қауымдастықтың қатысуы кіреді. Соңғы жылдары Комиссия мынандай мәселелерді мысалы, әр елдердегі адам құқықтарының жағдайы ретінде экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар, өзін-өзі билеу, азаптау, «жоғалу», өлім жазасы, сөз бостандығы құқығы, қамауға алу, балалар құқығы, нәсілдік кемсітушілік, апартеид, азшылықтардың, еңбекші-мигранттардың құқықтары, тұрғылықты халықтың мәселелері, адам құқықтары туралы халықаралық пактілерді және т.с.с. талқылады.

Комиссия адам құқықтарының жалпы мәселелері мен кейбір нақты мемлекеттердің жағдайын ескеріп, оларды кең ауқымда қарастырады және шешім қабылдайды. Зерттеу жүргізеді, адам құқықтары аясындағы стандарттарды белгілейтін халықаралық құжаттарды өңдейді, сондай ақ оның қосымша органы адам құқықтарын қорғау және марапаттау жөнінде комиссиясымен әзірленген ұсыныстар мен зерттеулерді қарастырады. Сонымен қатар комиссия Бас Ассамблеямен немесе ЭКОСОС-пен қойылған арнайы міндеттерді, оның ішінде адам құқықтарының бұзылғандығы туралы өтінішті қарау және осындай бұзушылықтарға қатысты хабарламасын өңдеу міндеттерін орындайды. Ол адам құқықтары саласындағы құзырлы БҰҰ басқа да органдарымен тығыз байланысқан. Сонымен бірге, БҰҰ барлық жүйесінде адам құқықтары жөнінде әрекеттердің үйлесуіне ЭКОСОС-қа көмек көрсетеді.

Комиссия жылына бір рет Женева қаласында алты апталық сессияға жиналады. Әдетте оның отырысы ашық есікте өткізіледі. Ашық отырыс кезінде Комиссияның мүшесі болып саналмайтын үкіметтердің өкілдері және ЭКОСОС-тың кеңесші мәртебесі берілген үкіметтік емес ұйымдар күн тәртібіндегі тақырыптар бойынша жазбаша немесе ауызша өтініш жасауға және қатысуға болады.

Комиссия тікелей ЭКОСОС-қа бағынады және оның алдында жылсайын есеп береді. Өз кезегінде, Кеңес комиссияға нұсқаулар немесе негізгі бағыттар бере алады. Комиссияның баяндамасы ашық құжаттар, қол жетерлік, оның ішінде Интернет арқылы адам құқықтары жөнінде БҰҰ Жоғарғы Комиссарының сайтында баяндалады. Онда сессия жұмысының нәтижесі қорытындыланады және сонымен бірге қабылданған шешімдердің мәтіндері оқылады. Бұдан басқа, тыңдалу туралы есептің анық қорытындалары жария етіледі.

Адам құқықтарын мадақтау және қорғау жөнінде комиссияның қызметі ерекше маңызға ие. Бұл комиссия зерттеулер жүргізу үшін, ең алдымен адам

құқықтарының жалпы декларациясын басшылыққа ала отырып, адам құқықтары жөнінде комиссиямен бекітілген.

Комиссияның басқа да міндеті — бұл адам құқықтарын қорғау комиссиясына адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын және нәсілдік, ұлттық діни және тілдік азшылықты қорғауға байланысты кез келген түрдегі кемсітушіліктің алдын алу туралы ұсыныстарды әзірлеу, сондай ақ ЭКОСОС-тың немесе адам құқықтары жөніндегі комиссияның алған кез келген өзге де қызметтерін орындау болып табылады.

Ол Женевада жыл сайын үш апта бойы шілде-тамыз аралығы жиналады. Комиссия үкіметтермен ұсынылған және адам құқықтары жөніндегі Комиссиямен төрт жылдық мерзімге сайланған 26 тәуелсіз сарапшылардан тұрады. Комиссияның жарты мүшесі екі жыл сайын қайта сайланады.

Бас Ассамблея қырық сегізінші сессиясында БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссардың лауазымдық орнын енгізуге шешім қабылдады. (1993ж. 20 желтоқсандағы 48/141 резолюциясы). Бас Ассамблеяның мақұлдауымен БҰҰ Бас хатшысы адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссары канадалық Луиз Арбурды тағайындады. Өз резолюциясында Бас Ассамблея Жоғарғы комиссардың белгіленген міндеттерін тізімдеді:

- дамуға құқықтылықты қоса алғанда бүкіл азаматтық, мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік құқықтарды барлық адамдардың тиімді жүзеге асыруын мадақтау және қорғау;

- мүдделік танытқан мемлекеттерге олардың өтініші бойынша адам құқықтары саласында кеңес беру, техникалық және қаржылық көмек көрсету;

- адам құқықтары саласындағы БҰҰ оқу және насихаттық бағдарламаларын үйлестіру;

- адамның барлық құқықтарын толық жүзеге асыру жолында тосқауылдарды жою және бүкіл әлемдегі адам құқықтары бұзушылықтарының жалғасуын болдырмау;

- адамның барлық құқықтарының құрметтелуін қамтамасыз ету мақсатында үкіметтермен пікір алмасуға қатысу;

- адамның барлық құқықтарын мадақтау және қорғау мақсатында халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;

БҰҰ барлық жүйесінің шеңберінде адамның барлық құқықтарын мадақтау және қорғау аясындағы қызметін үйлестіру, сондай ақ адам құқықтары аясындағы БҰҰ механизмдерін олардың әрекеттілігі мен тиімділігін жоғарлату мақсатында нығайту, жеңілдету, тұрақтандыру.

Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссар жыл сайын өзінің қызметі туралы БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комиссияға, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңеске және БҰҰ Бас Ассамблеясына баяндама жасайды. Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссардың басқармасы Женева қаласында орналасқан және Нью-Йоркте бөлімшесі бар.

БҰҰ шеңберінде адам құқықтарының стандарттарынан тұратын, бірқатар келісімдердің орындалу барысына бақылау жүргізу үшін құрылған шартты органдар бар:

1. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөнінде комитет;
2. Адам құқықтары жөнінде комитет.
3. Нәсілдік кемсітушілікті жою жөнінде комитет.
4. Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою туралы комитет.
5. Азаптауға қарсы комитет.
6. Балалар құқығы жөнінде комитет.
7. Барлық еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерін қорғау жөнінде комитет.

Семинар - 1 сағат

Жоспар

1. Әмбебап сипаттағы адамның құқықтары мен бостандықтарының халықаралық стандарттары.
2. Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғаудың аймақтық жүйелері.
3. Қазақстан Республикасының салалық заңнамасындағы адам құқықтары мен бостандықтары туралы халықаралық актілерді енгізу мәселелері.

Практикалық сабақ – 1 сағат

Жоспар

Топ үш топтарға бөлінеді. Әр топқа көрсетілген фабула бойынша сөз сөйлеу кейсін дайындауға тапсырма беріледі.

Бірінші топқа арналған фабула:

БҰҰ бастамашылығымен құқықтық тәртіпті қорғау органдарының қызметі және адам құқықтарын сақтау мәселелері бойынша халықаралық конференция өткізіледі. Сіз өз еліңіздің делегациясы құрамына ИМ өкілі ретінде кіргізілгенсіз. Сізге ИМ органдарымен жіберілетін анағұрлым сипаттағы адам құқықтарының құқықбұзушылықтары туралы ақпараттық анықтама дайындау қажет және оларды түзеу жөнінде өз ұсынысыңызды алға шығаруыңыз қажет.

Берілген ақпараттық анықтамада Сіз қандай жағдайларды көрсетесіз?

Екінші топқа арналған фабула:

1979 жылғы 17 желтоқсандағы Бас Ассамблеяның 34/69 резолюциясында ондағы құқықтық тәртіпті қолдау бойынша лауазымды тұлғалардың мінез-құлық Кодексі қарастырыла отырып айтылған: «басқа мекемелердің барлығы сияқты қылмыстық сот төрелігі жүйесі, әрбір ішкі істер органдары жалпы жұртшылықпен санасып, оның алдында жауапты және оған есепті болуы қажет». Сонымен қатар, көптеген елдерде аталған қоғамда құқыққорғау органдары қызметкерлерінің құрамы қалыптасу кезінде онда азшылықтар топтарының өкілдігі болу талабы заңмен бекілген.

Сұрақ: Ішкі істер органдары жалпы қоғамды қалай түсінеді деп

санайсыз? Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы халықтың қандай топтары жеткіліксіз қамтылғанын анықтаңыз?

Үшінші топқа арналған фабула:

1979 жылғы 17 желтоқсандағы Бас Ассамблеяның 34/69 резолюциясында ондағы құқықтық тәртіпті қолдау бойынша лауазымды тұлғалардың мінез-құлық Кодексі қарастырыла отырып айтылған: «басқа мекемелердің барлығы сияқты қылмыстық сот төрелігі жүйесі, әрбір ішкі істер органдары жалпы жұртшылықпен санасып, оның алдында жауапты және оған есепті болуы қажет».

Сұрақ: Жалпы алғанда қоғам алдында ішкі істер органдары қандай түрде жауапты болуы тиіс екенін Сіз қалай ойлайсыз?

КОӨЖ – 2 сағат

Жоспар

1. Зерделеу және конспектілеу:

- 1945 жылғы 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпы декларациясын;
- 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт;
- 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт;
- 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге бірінші факультативтік хаттама;
- 1989 жылғы 15 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге екінші факультативтік хаттама.

Конспектілеу кезінде полиция қызметіне қатысты нормаларға көңіл аудару керек.

2. Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы БҰҰ Конвенциясын зерделеу және конспектілеу

3. Тізілген халықаралық шарттар негізінде есептер құрау.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Курсанттар семинар сабағына дайындық кезінде адам және азаматтың құқықтарын сақтаудың халықаралық стандарттарын білуі қажет. 1948 жылғы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының жалпы декларациясын, 1966 жылғы адам және азаматтың азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтары халықаралық пактісін, 1966 жылғы адамның экономикалық, мәдени және әлеуметтік құқықтары мен бостандықтары туралы халықаралық пактісін, 1966 жылғы адам және азаматтың азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтары пактісіне бірінші факультативтік хаттаманы, 1989 жылғы адам және азаматтың азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтары пактісіне екінші факультативтік хаттаманы зерделеулері қажет.

Адам құқықтарының жалпы декларациясына тарихи шолу: (1215 ж.) Еркіндікті ұлы хартиясы, (1679 ж.) Хабеас корпус акт, (1776 ж.) АҚШ тәуелсіздік декларациясы, (1789-1791 жж.) Американдық құқықтар туралы Билль, (1789 ж.) Адам және азамат құқықтарының декларациясы, (1948 ж.) адам құқықтарының жалп деклаарциясы, (1950 ж.) Адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау туралы еуропа Конвенциясы.

Адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау туралы еуропалық жүйе. Адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау туралы еуропалық Конвенция. Адам құқықтары бойынша еуропалық сот. Бір қатысушы мемлекеттің екіншіге петициясы. Страсбургтегі сотқа жеке шағымданудың тәртібі.

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы негізгі халықаралық актілерді бекіту жөнінде Қазақстанның ұстанымы. Халықаралық принциптер мен нормалардың Қазақстан Республикасының құқықтық саясатына әсері. Қазақстан Республикасының салалық заңдарына халықаралық актілерді енгізу мәселелері.

КӨЖ – 4 сағат

1. Семинар сабақтарының сұрақтарын дайындау.

2. Конспектілеу керек:

- 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпы Декларациясы.

- 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт;

- 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт;

3. Тақырыптарға реферат әзірлеу:

- Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теориясы және тұжырымдамасы.

- Қазақстан Республикасының заңына адам құқықтары туралы халықаралық стандарттарды енгізу мәселелері.

2 тақырыпқа әдебиет: 1-11, 41, 82-85, 90-97

2 БӨЛІМ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ АДАМНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ

3 тақырып. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау полицияның қызметі және міндеті ретінде

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби мінез-құлықтарының этикалық негіздері.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік механизміндегі полицияның орны. Адам құқығы саласындағы полицияның қызметінің негізгі бағыттары және стандарттары.

Дәріс мәтіні

Кез келген қазіргі демократиялық қоғамда құқыққорғау органдары маңызды рөл атқаруда. Осыған байланысты олар заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша өз функцияларын жүзеге асыру үшін кең өкілеттіктерге ие. Полиция қызметкерлері өздерінің күнделікті кәсіби қызметінде адам құқықтары мен бостандықтарын тек қана тиянақты сақтай және құрметтей отырып жүзеге асырулары қажет.

Оған құқықтық негіз ретінде «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Заңының 2-бабының 7 тармағында күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталған адамдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесіндегі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету; міндеті; 5-1-бабының 7-2 тармағында қылмыстар профилактикасы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғау, халық тарапынан сенім мәселелеріне басымдық беріп, өкілді органдар мен жұртшылық беретін сыртқы бағалау тетіктерін айқындай отырып, сыбайлас жемқорлық деңгейінің рейтингтік бағасын енгізіп, есептілік және қызметті бағалау жүйесін жетілдіреді, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастықтың әртүрлі нысандарын белгілейді делінген; 10-бабының 1 тармағының адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қайшы қол сұғудан қорғауға; 30-тармағында «шет мемлекеттердің тиісті органдарымен, халықаралық ұйымдармен Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шарттары негізінде ынтымақтастық жасауға» өкілеттігі саналады деп белгіленіп отыр. Осыған байланысты құқыққорғау органдарының барлық іс әрекеттерінің талаптары этикалық және құқыққа сай сипатта болғандықтан, жекелеген қызметкерлер, лауазымды тұлғалар мен полиция қызметкерлері жалпы алғанда заңды, адам құқықтары мен адамзаттық абыройды сақтай отырып, өз қызметінің тиімділігін арттыруға ұмтылулары қажет. Полицияның тиімді іс әрекетін қамтамасыз ету бір жағынан кәсіпқой және техникалық жете білушілік мәселесі болып саналады. Бірақ та жете білушілік деңгейі қандай болмасын, осы жұмыстың сапалы тиімділігі қоғам тарапы жағынан белсенді қолдау мен ынтымақтастықсыз ешқандай жетістікке апармайды. Осындай қолдау мен ынтымақтастықты, егер де құқықтық тәртіпті қорғау іс әрекеттері заңды және ізгілікті сипатта болған жағдайда табысқа жету және сақтау жеңілдеу болады. Полицияның негізсіз, қатаң, заңсыз іс әрекеттері халыққа үрей, сенімсіздік пен жеккөрушілік тудырады. Аталмыш әрекеттегі полиция қоғамның қолдауын пайдаланбайды және мұндай қолдауға лайық емес.

Қазіргі уақытта құқықтық тәртіпті қорғау органдарының рөліне баға беру қиын. Өйткені, біз тұрып жатқан әлемде өзгерістер көп және қоғамдық тәртіп жиі бұзылады. Сондықтан да қазіргі қоғамға құқықтық тәртіп ауадай қажет.

Полиция қызметкерлерінің лауазымды тұлғалар ретіндегі құқықтық тәртіпті сақтау бойынша борышы — заңға, сонымен қатар адам құқықтарын қорғауға және сақтауға жұмылдырылған заңдарға бағыну. Осыған байланысты құқыққорғау органдарының қызметкерлері адамзаттың абыройын құрметтеу принципін сақтаулары және бір адамда қалмастан барлық тұлғаларға қатысты адамның ажыратылмас құқықтарын танулары қажет.

Құқықтық тәртіпті қорғау аясындағы адамның құқықтарына қатысты халықаралық нормалар полиция қызметкерлерінің құқыққа сай іс әрекетіне толық негіз болып қызмет атқарады.

Құқыққорғау қызметі және қоғамдық тәртіпті сақтау маңызды принциптердің негізінде жүзеге асырылуы қажет:

- адамзаттың абыройын, құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
- заңдылық;
- ізгілік;
- жариялық;

- адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жауаптылық.

Дәл осы принциптер полиция қызметкерлерінің құқыққа сай мінез-құлықтары үшін негіз болып табылады және олардан осындай мінез-құлыққа қатысты барлық нақты талаптар мен ережелер туындайды.

Құқықтық тәртіпті қорғау органдары қызметкерлерінің құқыққа сай мінез-құлықтарының маңызды принциптері — заңды құрметтеу, адамзаттық абыройды құрметтеу, сондай-ақ жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу болып табылады.

«Полиция» — азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қол сұғудан қорғауға жұмылдырылған және заңмен белгіленген шекте, мәжбүрлеу шараларын қолдану құқығы берілген атқарушы биліктің мемлекеттік органдарының жүйесі.

«Құқықтық тәртіпті қорғау органдарының қызметкерлері» (құқықтық тәртіпті сақтау бойынша лауазымды тұлғалар) — адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, өмірін, денсаулығын, қауіпсіздігін қорғау міндеті жүктелген, қоғамдық тәртіптің сақталуын және қорғалуын жүзеге асырушы тұлғалар. Әр түрлі елдерде оларды полицейліктер, милиционерлер, құқыққорғау құрылымдардың (органдардың) қызметкерлері, ішкі істер органдары деп атайды.

«Этика» — морал туралы ғылым, сондай ақ жалпытанылған және кәсіпқой мінез-құлық ережесі.

«Кәсіби нормалар және мінез-құлық ережесі» адамның өзінің кәсібіне, кәсіби борышына және міндеттеріне, сонымен бірге ұжымына және қоғамға қатынасын белгілейтін моралдық-құқықтық нормалардың жиынтығы.

«Деонтология» — белгілі бір кәсіби міндеттерді атқаратын тұлғалардың борышы туралы ілім. Милицияның немесе полицияның деонтологиясы бар.

«Ант» — ант беру түріндегі этикалық сипаттағы салтанатты міндеттеме. Полиция қызметкері ант бере отырып, жақсылық пен жамандықтың арасында дербес және саналы түрде моралдық таңдау жасайды, өзі тұратын мемлекетке және адамдарға қызмет етуге бар күшін салады, ал керек болған жағдайда өз өмірін қиюға үлкен міндет алады.

Қазіргі уақыттағы құқыққорғау органдарының қызметіндегі негізгі қиыншылықтардың бірі халықтың сеніміне кіру, қылмыспен күресудегі қиындықтарға қарамастан қоғамға көмек көрсету қажеттілігімен айқындалады. Әрине қызметкерлердің жоғары біліктілігінсіз, сонымен бірге олардың өздерінің күнделікті қызметтерінде кәсіби этика ережелерін сақтамай жетістікке жетулері мүмкін емес.

Этикалық ережелер әр бір кәсіп үшін бар, бірақ та құқыққорғау органдарының қызметкерлері үшін аталмыш этикалық ережелер ерекше маңызды, себебі құқықтық тәртіпті қорғау қызметкерлерінің қызметі әрқашан халықтың назарында және өзге кәсіптерге қарағанда қоғам мен мемлекет тарапынан көз жазбайтын және тұрақты назарында болады.

Бұл біріншіден, полиция қызметкерлерінің өздерінің кәсіпқой қызметтерін жүзеге асыру кезінде дәрігерлер, педагогтар, адвокаттар сияқты адамның жеке өміріне араласуларымен байланысты болады. Бірақ олардан айырмашылығы тек қана құқықтық тәртіпті қорғау органдары қызметкерлері адамның жеке өміріне мәжбүрлеп кіру құқығы бар. Яғни, құқыққорғау органдарының кәсіби қызметтері 1979 жылғы 17 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған Құқықтық тәртіпті қолдау бойынша лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексі преамбуласында айтылғандай, жекелеген тұлғалардың, сондай-ақ жалпы барлық қоғам өмірінің сапалығына тікелей әсер етеді.

Екіншіден, құқықтық тәртіпті қорғау органдарының әрбір қызметкері үлкен билікке ие болып қана қоймай, сонымен бірге оның өзі мемлекеттік билік органының өкілі болып табылады. Әрі полиция халықпен тікелей сайланатын елдерде, яғни муниципальдық басқару органдарына бағынатын елдерде оның қызметкерлері жұртшылықтың көз алдында болады.

Осының барлығы құқыққорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби мінез-құлқының этикалық негізінің ерекшелігін алдын ала белгілейді.

Атап айтқанда, кәсіпқой мінез-құлықтың этикалық ережесі ең алдымен антта мазмұндалады — зор дүниетанымдық көзқараста қаланған оған құқықтық тәртіпті қорғау органдарының қызметкерлері салтанатты ант береді. Құқыққорғау органдарының қызметкерлері анттың мәтінін баяндай отырып, сенімді түрде моральдық-этикалық таңдау жасайды. Ол өзіне алдау-арбаудан, заңсыздықтан және қорлықтан кінәсіздер мен әлсіздерді қорғауға және халықтың осал санаттарын — әйелдерді, балаларды, қарттарды, босқындарды, мүгедектерді және т. б. қорғаусыз қалдырмауға міндет алады. Сонымен бірге ол өзін өмірлік жағдайсыздыққа байланысты кінәламайды. Ант арқылы барлық

құқыққорғау қызметінің моральдық сипаты, оның өнегелік-этикалық мазмұнының негізі қаланады.

Осыған байланысты, 2005 жылғы 3 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы» Жарлығы қабылданды. Онда мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне және моральдық-этикалық бейнесіне жоғарғы талаптар қояды делінген.

Азаматтармен және заңды тұлғалармен қарым-қатынастарда мемлекеттік қызметшілер:

1) азаматтардың мемлекет институттарына сенімін нығайтуға ықпал етуге;

2) қарапайымдылық танытуға, өзінің лауазымдық жағдайын, соның ішінде көлік, сервис және өзге де қызметтерді алу кезінде, баса көрсетпеуге және пайдаланбауға;

3) өзінің іс-әрекеттерімен және шешімдерімен қоғам тарапынан негізді сынға ұшырамауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, оған төзімділікпен қарауға, оң сын-ескертпелерді кемшіліктерді жою мен өзінің кәсіби қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

4) өтініштерді қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдаға салу көріністеріне жол бермеуге, олар бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қолдануға;

5) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қарым-қатынасына, сеніміне, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де жағдайларға қарамастан адамның және азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

7) сыпайы және әдепті болуға тиіс.

Қазақстан Республикасы ІІМ 2011 жылғы 28 мамырдағы «Қазақстан Республикасы ІІО қызметкерлерінің қызмет этикасы ережелері туралы» бұйрығында Қазақстан Республикасы ІІМ адам мен азаматтың өмірі мен денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі басым міндеттерден шыға отырып, іргелі жалпы адами және кәсіби адамгершілік құндылықтарды, азаматтық және қызметтік борыш талаптарын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы ІІО қызметкерлерінің ар-намыс кодексін қабылдайды.

Құқыққорғау органдарының кәсіпқой және этикалық мінез-құлық ережесінің нормативтік-құқықтық түрінің бекітілуі бір жағынан халықаралық нормалар мен принциптер, екінші жағынан мемлекеттік және ұлттық жиынтығын құрайды.

Халықаралық деңгейде 1979 жылғы 17 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған Құқықтық тәртіпті қолдау бойынша лауазымды

тұлғалардың мінез-құлық кодексі ерекше маңызды болып табылады. Онда Адам құқықтарының жалпы декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде, Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы Конвенцияда, Бала құқықтары туралы Конвенцияда көрсетілген басымды принциптерді мойындайтын барлық елдердегі құқықтық тәртіпті қорғау органдары қызметкерлерінің қызметінің белгілі бір өмірлік ағысы тұжырымдалған.

Аталған құжатта «құқықтық тәртіпті қолдау бойынша лауазымды тұлғалар» ұғымы белгіленген. Оның тағайылымы азаматтар мен қоғамды қайдан шыққанына қарамастан, жоғары жауапкершілікке сәйкес қылмыстық қол сұғушылықтан «қорғау және қызмет ету».

Құқықтық тәртіпті қолдау бойынша лауазымды тұлғалардың қызметі адам құқықтарын тиянақты сақтау және құрметтеу түрінде жүргізілуі қажет. Осы кодекстің 2-бабында айтылады:

Құқықтық тәртіпті қолдау бойынша өз міндеттерін атқару кезінде лауазымды тұлғалар адамзаттық ар-ожданدى құрметтейді, қорғайды және барлық тұлғаларға қатысты адам құқықтарын қолдайды және қорғайды.

Кодекстің 4-бабы құқықтық тәртіпті қолдау бойынша лауазымды тұлғалармен алынған құпия мәліметтер құпиялық болуы керек, егер міндеттердің орындалуы немесе сот төрелігінің мүдделері өзгені талап етпеген жағдайда; берілген бап құқықтық тәртіпті қолдау бойынша қандай да бір сыбайлас жемқорлық актісін жасауға тыйым салады, ал 8-бап көздейді, олар мінез-құлық заңын және Кодексті құрметтеуі қажет, сондай-ақ олардың кез келген бұзылуына тосқауыл болу қажет. Құқыққорғау органдарының қызметкері аталмыш кодекстің кез келген бұзушылықтарын хабарлаулары қажет.

Атап айтқанда, құқықтық тәртіпті қолдау бойынша лауазымды адамдардың мінез-құлық кодексін адам құқықтарын сақтауда жәрдемдесу және қорғау бойынша құқықтық міндеттемелерді орындауға қатысты басшылық ететін этикалық кодекс ретінде қарастыруға болады. Ол құқықтық тәртіпті қорғау органдарының қызметкерлеріне арналған ұлттық этикалық кодексті өңдеуге басты негіз болып қызмет етеді.

Сонымен бірге, мысалы құқықтық тәртіпті қорғау органдары қызметкерлерінің жеке жауапкершілік мәселелері бірнеше құжаттарда қарастырылады. Азаптау және өзге де қатал адамгершіліксіз немесе абыройын қорлайтын қарау мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенцияның 2-бабының 3-тармағында айтылады: «Жоғары тұрған бастықтың немесе мемлекеттік биліктің бұйрығы азаптаудан ақтайтын дәлел болып табылмайды». Берілген ереже кез келген мемлекеттік лауазымды тұлғаға және де полиция қызметкеріне таралады.

Құқыққорғау құрылымы қызметкерлеріне тағайындалатын халықаралық этикалық принциптер мен талаптар, негіз қалаушы және кейбір жағдайда жалғыз ғана болып табылады. Бірақ көптеген елдерде арнайы актілерде —

Кодекстерде тұжырымдалған құқықтық тәртіпті қорғау органдары қызметкерлерінің ұлттық этикалық нормалары маңызды рөл атқарады. Ұлттық-мемлекеттік нормативтік ережелердің болуы, олардың түрлері, сипаты әрбір мемлекеттің конституциялық-құқықтық даму ерекшеліктерімен, ішкі саяси дағдарыспен, дәстүр және әдет ғұрыппен тікелей байланысты болады.

Мысал ретінде Францияның ұлттық полициясының деонтология Кодексін қарастыруға болады. Аталған кодексте «Ұлттық полиция мемлекеттің барлық аумағында республикандық институттардың бостандығы мен қорғау кепілдігін, тұрақтылық пен қоғамдық тәртіпті сақтау және азаматтар мен мүлікті қорғауды қамтамасыз етеді». Ресей Федерациясының ПО қатардағы және басшылық құрамының ар-намыс кодексінде полицияның әрбір қызметкері «азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, өмірін, денсаулығын, меншікті, қоғам және мемлекеттің мүддесін қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қол сұғушылықтан қорғауға жеке жауапкершілікті терең ұғыну» қажет деп белгілейді.

Мінез-құлықтың этикалық және заңдық нормалары:

Адам құқықтары бойынша стандарттар:

1. Адам құқығы адамзаттық абыройдан пайда болады.
2. Құқықтық тәртіпті сақтау бойынша лауазымды тұлғалар заңды әрқашан сақтайды және құрметтейді.
3. Құқықтық тәртіпті сақтау бойынша лауазымды тұлғалар өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді тұрақты орындайды.
4. Құқықтық тәртіпті сақтау бойынша лауазымды тұлғалар қандай да бір сыбайлас жемқорлық актісін жасамайды. Сонымен қоса олар кез келген осындай актіге жол бермейді және олармен күреседі.
5. Құқықтық тәртіпті сақтау бойынша лауазымды тұлғалар адамзаттың абыройын қорғайды және құрметтейді. Барлық тұлғаларға қатысты адам құқықтарын алаламай қорғайды және сақтайды.
6. Құқықтық тәртіпті сақтау бойынша лауазымды тұлғалар адам құқықтарын қорғайтын және сақтайтын заңдардың, кодекстердің, принциптердің бұзылғандығы туралы баяндайды.
7. Полицияның барлық әрекеттері заңдылық принципінің сақталуымен, қажеттілікпен, кемсітушіліктің болмауымен және ізгілікпен жасалады.

Семинар – 1 сағат

Жоспар

1. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби мінез-құлықтарының этикалық негіздері.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік механизміндегі полицияның орны. Адам құқығы саласындағы полицияның қызметінің негізгі бағыттары және стандарттары.

1 тапсырма.

Құқыққорғау органдарымен жүргізілетін тергеу жұмысы ақпарат жинаумен байланысты болады. Бұл жұмысты техникалық құралдармен көмек арқылы жасауға болады (мысалы, телефонмен сөйлесуді тыңдау арқылы) немесе тактикалық құралдар (мысалы, құпия хабарласушылар арқылы). Мысалы, тергеушілер сезіктіні қамауға алу қажет болған жағдайда ауыр қылмыстарды тергеу сатысында ерекше түрде этикалық және құқықтық нормаларды бұзуы мүмкін. Осындай жағдайларда жетістікке жету үшін тергеуші бар нормаларды бұзумен айғақталады.

Сұрақ: Осындай жағдайда сіз тергеушіні этикалық және құқықтық нормаларды сақтау қажеттігін көз жеткізуге ретке келтіретін дәлелдерді атаңыз. Заң бұзылғанда құқыққолдану мүддесінің пайдасына шешілетін жағдай бол ма?

2 тапсырма.

Этикалық нормаларды сақтаумен байланысты тергеу жүргізуге қатысты тергеушілерге арналған басшылыққа алатын принциптердің негізгі ережесін өңдеңіз.

Сұрақ: Сіз берілген ұсынысқа қандай негізгі ережелер қосатын едіңіз және неге? Сіз қалай ойлайсыз, осы ережелердің бұзылуы жауапкершілікке тарту үшін негіз бола алады ма?

3 тапсырма

Қылмысты тергеу барысында сіздің бөлімшеңіз есірткімен заңсыз айналысатын ұйымға шықты. Аталмыш ұйым мүшелерінің әрекеті аса қаталдықпен ерекшеленеді. Аталған қылмыстық топқа оның қылмыстық әрекетіне дәлелдер алу үшін тек қана өздерінің қызметкерін ендіру арқылы істің әрі қарай оңалуына жетуге болатындығы тергеу нәтижесін көрсетеді. Егер ендіру тактикасы ойдағыдай болса, сіз ұйымның қылмыстық әрекетіне қатысқандарды тез арада қамауға алғыңыз келе ма? Жоғары тұрған басшы ендіру тактикасын қолдануға рұқсат береді, бірақ топқа ендірілетін қызметкерге тиімді және этикалық әрекетті қамтамасыз ету үшін бірқатар нұсқаулық беруді талап етеді.

Сұрақ: Сіз қандай ұсыныс бере аласыз? Сіз қалай ойлайсыз, ендіру бойынша операция қанша уақыт алады? Сіздің ойыңызша, қызметкер топтың қылмыстық әрекетіне қатысуы керек па?

КОӨЖ – 1 сағат

Жоспар

1. Тақырып бойынша глоссарий құрау.
2. Тақырып бойынша нормативтік құқықтық актілерді конспектілеу.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Курсанттар семинар сабағына дайындық кезінде: жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін, оның элементтерін білуі қажет. Адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының ұғымы. Адам және азаматтың жеке құқықтары мен бостандықтары, ерекшелігі, құқықтық кепілдігі. Адамға тиесілі құқықтар мен бостандықтардың табиғатынан берілген және бөлінбес сипатын. Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизміндегі полицияның орнын. Полиция қызметінің негізгі бағыттары және адам құқығы аясындағы стандарттар.

Жеке тұлғаға, тұрғын үйге, қолсұғылмаушылық, жүріп-тұру еркіндігі және адамның өзге де құқықтары мен бостандықтары. ҚР ПО адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша қызметі.

Полиция қызметкерлерінің атыс қаруын, арнай құралдарды және күш қолдануларды қолдануы аясындағы халықаралық стандарттар. Полиция қызметкерлерінің атыс қаруын, арнай құралдарды және күш қолдануларды қолдану ережесі мен принциптері туралы ҚР заңнамасы. Полиция қызметкерлерімен заңсыз күш қолданумен бұзылған адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби мінез-құлықтарының этикалық негіздері. Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жағдайы ретінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтық санасы. Құқықтық сананың төмендеуі және ҚР ПО қызметкерлерінің құқықтық санасын дамытудың негізгі жолдары.

КӨЖ – 5 сағат

1. Семинар сабақтарының сұрақтарын дайындау.
2. Тақырып бойынша глоссарий құрау.
3. Нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу.
4. Тестіге дайын болу.

3 тақырыпқа әдебиет: 1-11, 41, 82-85,90-97

4-тақырып. Ішкі істер органдарының қызметінде жеке тұлғаның құқықтарын шектеу

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. Жеке тұлғаның құқығын шектеу ұғымы, құқық шектеудің құқықтық негіздері және құқықтық механизмдері.
2. Тергеуші және анықтаушының процессуалдық қызметіндегі құқықтық шектеу.
3. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын төтенше жағдайлар кезінде шектеу.

Дәріс мәтіні

Құқықтарды қолдану адамның бостандықтағы шекарасы мен шамасын белгілейтін құқықпен, ізгілік, ынтымақтастық, өнегелік принципмен белгіленген шектеулерімен, жауапкершілігімен ұштасады.

Құқықтық шектеулер — бұл құқықтағы белгіленген шекаралар, оның шегінде субъектілер әрекет етулері қажет.

Әдебиеттерде «құқықтық шектеу» ұғымы түсіндірілмейді. Осыған байланысты оған қатарлас «құқық шегі» термині қолданылады. Сонымен қатар құқықтық шектеу термині халықаралық құжаттарда да аса кеңінен қолданылмайды. Мысалы, адам құқықтарының жалпы Декларациясында, азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактіде, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пактіде, Копенгаген жиналысы құжатында. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінде «шектеу», адам құқықтары туралы Американдық Конвенцияда «кепілдікті тоқтату», адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау Еуропа Конвенциясында «шектеу» және «өз міндеттерінен бас тарту» терминдері қолданылады¹.

Бірақ, осыған қарамастан, барлық терминдердің түпкі мақсаты бір жерден шығады. Халықаралық шарттарда және ішкі заңдарда бұл жағдайлар анық баяндалады.

Құқықтық шектеулер келесі белгілерді сипаттайды:

1. Субъектілердің жеке мүдделерін жүзеге асыру үшін қоғамның мүддесін қорғауды қанағаттандыруға бағытталған қолайсыз жағдайлар (қауіп-қатер немесе белгілі бір құндылықтарды айыру).

2. Жағымсыз сипат (көбінесе мәжбүрлеу, күш көрсету құралдарын қолдану).

3. Бостандық деңгейін төмендету, бұл ендеше адам құқығын төмендету деген сөз. Субъектінің мінез-құлқында белгілі бір «шекке» дейін әр түрлілік туғызатын міндеттер, тыйым салу, қорғау және жазалау шаралары арқылы жүзеге асады.

4. Қоғамдық қатынасты, жеке және ұжымдық қауіпсіздікті қорғауға бағыттылық.

Бұл пікір адам құқықтарының жалпы Декларациясының 29-бабында қарастырылған: «Әр адам өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде басқалардың құқықтары мен бостандықтарын тиісінше тану және құрметтеуді қамтамасыз ету, сонымен бірге демократиялық қоғамдағы моральдың, қоғамдық тәртіптің әділетті талаптарын қанағаттандыру мақсатында тек заңмен белгіленген шектеулерде ғана тартылуы қажет».

Құқықтық шектеулер азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 19-бабында адам өзінің пікірін қалтқысыз ұстануы, осы пікірін баспасөзде жазбаша, ауызша немесе өз таңдауы бойынша өзге де тәсіл арқылы қолдана алатындығы көзделген. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 19-бабының 3-тармағында осы құқықтарды пайдалануда ерекше міндеттілік пен жауапкершілік артады. «Бұл негізінде

кейбір шектеулермен байланысты болады, бірақ та заңмен белгіленуі тиіс және қажетті болып табылады:

а) басқа тұлғалардың құқықтары мен атағын құрметтеу үшін;

б) мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулықты немесе халықтың өнегелігін қорғау үшін.

Дәл осындай талаптар азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 21 және 22 баптарында көрсетілген.

Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтары жөніндегі комитеті осы баптардағы белгіленген ережелерді былай сипаттайды: осындай шектеулер «заңмен белгіленуі» қажет (19-баптың 3-тармағы), «заңға сәйкес» белгіленуі қажет (21-бап), немесе «заңмен көзделеді» (22-баптың 2-тармағы). Сонымен қатар, шектеулер «қажеттілікті» болуы қажет (19-баптың 3-тармағы) немесе «демократиялық қоғамда қажетті» (21 және 22 баптар). Атап айтқанда, кез келген шектеулер 19-баптың 3 (а) немесе (б) тармағында, 22-бапта, 22-баптың 2-тармағында ескерілген жағдай заңның мақсатына жету айғағы болу қажет. Пактінің 20-бабы өзінің табиғаты бойынша өте ерекше болып келеді, себебі онда шектеуге жол беріліп қана қоймай, сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің сөз бостандығына белгілі бір шектеу қоюларын міндеттейтін ереже бар, оның ішінде соғыс насихатына және кемсітушілікке, жаугершілікке немесе зорлық-зомбылыққа азғырушылықпен байқалатын өшпенділік факторларына тыйым салу.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пакт көрсетілген құқықтардың табиғатына сәйкес келеді және тек демократиялық қоғамдағы жалпы молшылыққа қолғабыс ету мақсатында шектеуге жол бере алады (4бап).

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропа Конвенциясының 11-бабының 2-тармағы жариялайды: «Заңмен көзделген және тәртіпсіздік пен қылмыстың алдын алу және денсаулық пен өнегелікті қорғау немесе басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында демократиялық қоғамдағы мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылық мүдделігіне қажетті осы құқықтарды жүзеге асыру ешқандай шектеулерге жатпайды».

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабының 1-тармағы құқықтар мен бостандықтарды шектеу негізін белгілейді: «Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін».

Қорытып келгенде, адам құқықтары мен бостандықтарын шектеуге байланысты мынадай анықтама бере аламыз - бұл адамгершілік, өзара түсінушілік және адамдардың бостандықтарының шегін сақтауды қамтамасыз ету үшін көзделген қажетті болып келетін аса маңызды құралдар және моральдық, сондай-ақ нормативті құқықтық талаптар.

Жоспар

1. Құқық шектеудің конституциялық-құқықтық механизмдері.
2. Құқық шектеудің әкімшілік-құқықтық механизмдері.
3. Құқық шектеудің қылмыстық іс жүргізу механизмдері.

Практикалық сабақ – 1 сағат

Жоспар

Аудитория үш топқа бөлінеді. Әрбір топқа үш құқықтар мен бостандықтардан тұратын тізім беріледі. Ұсынылған тізім негізінде әр топ кестені келесі сызба бойынша дербес толтырады:

1. *Кестеде көрсетілген құқықтарды (баптардың көрсетілуімен) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакіден (АСҚХП) табыңыз.*

2. *Берілген құқықтар осы құжаттарда шектелген ба? Шектелсе, қалайша шектелгендігін айтыңыз.*

3. *ҚР Конституциясы мен Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (АСҚХП)-дағы осы құқықтардың қорғалу деңгейін бағалаңыз.*

Аталған құқықтар осы құжаттардың қайсысында көбірек қорғалған?

№№	Құқықтың аталуы	ҚР Конституциясы	АСҚХП
1.			
2.			
3.			

1 топқа арналған құқықтар мен бостандықтардың тізімі..

- Бостандық және адамның жеке басына қол сұғылмау құқығы (өз еркімен қамауға алу және қамауда ұстауға тыйым салу).
- Сөз және пікір білдіру бостандығы.
- Теңдік құқығы және кемсітуге тыйым салу.

2 топқа арналған құқықтар мен бостандықтардың тізімі..

- Азаптаудан бостандық құқығы.
- Ой, ар-ождан және дін бостандығы.
- Әділ сот ісін жүргізу құқығы.

3 топқа арналған құқықтар мен бостандықтардың тізімі..

- Жеке және отбасылық өмір құқығы.
- Өмір сүру құқығы.
- Мемлекетті басқаруға қатысу құқығы.

КОӨЖ – 2 сағат

Жоспар

1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін зерделеу және «Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары мен бостандықтарын құқықтық шектеу жүйесі».

2. Өткен тақырыптар бойынша тестілеу.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Курсанттар жеке тұлғаның құқығын шектеу ұғымын, құқық шектеудің құқықтық негіздері және құқықтық механизмдерін білуі қажет. Құқық шектеудің конституциялық-құқықтық механизмдері, құқық шектеудің әкімшілік-құқықтық механизмдері, құқық шектеудің қылмыстық іс жүргізу механизмдері, құқық шектеудің жедел-ізвестіру механизмдері.

Өз бетінше қамауға алуға жол бермеу. Әділ сот төрелігін жүргізу. Ұсталған тұлғалардың құқықтары. Әділетті, тиянақты сот талқысына құқылық, кінәсіздік презумпциясы. Құлдыққа, мәжбүрлеу еңбегіне тыйым салу. Еркін жүріп-тұруға құқылық. Әрбір мемлекет шегінде тұрғылықты жерді таңдау бостандығы. Тұрғын үйге тіркеу. Мемлекеттен келу және кету. Азаматтық алу құқығы. Азамат, елші, апатрид, бипатрид. Шетел азаматы.

Жеке және отбасы өміріне қол сұғылмаушылық құқығы. Жеке өмір. Хат жазысу құпиялығы. Отбасылық және жеке құпия. Тұрғын үйге қол сұғылмаушылық. Еркін жүріп-тұруға құқылық. Мемлекет шегінде тұрғылықты жерді еркін таңдау. Қазақстан азаматтарын тіркеу. Босқындар, шарасыздан көшіп-қонушылар. Адамды оның келісімінсіз медициналық және ғылыми зерттеуге тартуға тыйым салу.

Курсанттар ішкі істер органдары қызметкерлерінің тәжірибе жүзінде іске асырылып жатқан құқықтық шектеулерге байланысты көрсетіліп отырған тергеу-анықтау, әкімшілік-құқықтық, жедел-ізвестіру қызметіндегі шектеулерге мысалдар келтіріп, нормативтік құқықтық актілерге сүйенулері қажет.

Тергеуші мен анықтаушының іс жүргізу қызметіндегі құқық шектеу. ҚР ІІО әкімшілік-құқықтық қызметіндегі құқық шектеу. ҚР ІІО жедел-ізвестіру қызметіндегі құқық шектеу. ҚР ІІО қызметіндегі заңдылық принципі.

КӨЖ – 5 сағат

1. Семинар сабақтарының сұрақтарын дайындау.
2. Тақырып бойынша глоссарий құрау.
3. Өткен тақырыптар бойынша тестілеуге дайын болу.

4 тақырыпқа әдебиет: 1-11, 16-23, 43-60, 90-97

5-тақырып. Полиция және халықтың осал санаттары

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. Халықтың осал санаттарының құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық стандарттары.

2. Бала құқықтары туралы Конвенция және «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының заңы.

3. Ішкі істер органдарының қызметіндегі әйелдердің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету.

Дәріс мәтіні

Қазіргі қоғамда бейбіт уақытта да, төтенше жағдайларда да құқықтары жеткілікті түрде қорғалмаған халықтың белгілі бір топтары бар. Мұндай топтарға ең алдымен әйелдер, кәмелетке толмағандар, босқындармен шарасыздан қоныс аударушылар, соның ішінде саяси баспана берілген тұлғалар. Балалар адам құқықтары туралы білім алып, адам құқықтары проблемаларын түсіне бастайды, құқықты қорғауға және теңсіздік пен арнамысқа ізгілікпен қарауға қажет дағдылар мен қасиеттерді бойына сіңіреді.

Сондықтан адам құқықтарын оқыту кез келген білім беру процесінде басты роль атқаруы тиіс. БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы балаларды адам құқықтарымен таныстырудың баға жетпес құралы болып табылады. Бала құқықтары туралы конвенцияда балаларға тікелей қатысты адам құқықтары анықталған.

Бала құқықтарын зерделеу және қолдану балаларға адам құқықтарының негізін түсінуге, құқықтарды жеткізуші өздері екенін түсінуге, осы құқықтарды өзінің ортасына бейімдеуге және қолдануға көмектеседі. Бұл балаларды адам құқықтарына оқытудың басты мақсаты.

Конвенция преамбуласында Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жария етілген қағидаттарға сәйкес қоғамның барлық мүшелеріне тән қадір-қасиетін, теңдей және ажырамас құқықтарын тану жер бетінде бостандықты, әділдікті және бейбітшілікті қамтамасыз етудің негізі болып табылатынын, Біріккен Ұлттардың халықтары Жарғыда өздерінің адамның негізгі құқықтарына, жеке адам баласының қадір-қасиеті мен құндылығына деген сенімін қуаттағанын және кең ауқымды бостандықта әлеуметтік прогреске және өмір сүру жағдайларын жақсартуға жәрдемдесуге бекем бел буғанын айтады.

Преамбулада балалардың ерекше қамқорлық пен көмекке құқылы екені, бала қоғамда өздігінше өмір сүруге толық дайын болуға және Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жария етілген идеалдардың, әсіресе, бейбітшілік, қадір-қасиет, төзімділік, еркіндік, теңдік және ынтымақтастық рухында тәрбиеленуге тиіс екені туралы айтылған.

Конвенцияда баяндалған нормалар мен міндеттемелердің мақсаты елдегі заңнамаға, саясатқа және бағдарламаларға, сондай-ақ халықаралық, ұлттық, үкіметтік немесе үкіметтік емес ұйымдар мен органдарға, олардың балаларға қатысты қызметтеріне бағыт-бағдар беру.

Конвенцияда бала құқықтарының тізбесімен қатар мемлекет тарапынан балаға қатысты мойындалуы тиіс міндеттемелердің тізімі берілген. Бұл міндеттемелер тікелей болуы мүмкін, мысалы, білім алу үшін мүмкіндік беру немесе жасы кәмелетке толмағандарға қатысты әділ сот жүргізу және жанама түрде болуы мүмкін, мысалы, ата-аналарға, отбасының басқа да мүшелеріне немесе асыраушыларға өздерінің басты рөлдерін ойнауға және тәрбиешілер мен қорғаушылар міндеттерін орындауға мүмкіндік беру.

Басқаша айтқанда, Конвенцияның балаларға әсерін ең алдымен үкіметтің, содан кейін халықаралықтан жергіліктіге дейінгі мекемелер мен ұйымдардың қалай қабылдағаны арқылы бағалауға болады. Яғни, прогресс туралы ұлттық заңдар мен саясаттың сипатына, сондай-ақ оларды жүзеге асыру үшін талап етілетін құрылымдар мен тетіктердің болуына, тиімділігіне қарай бағалауға болады. Конвенция еш уақытта «балаларды босату хартиясы» болған емес, оның мазмұны да еш уақытта отбасының маңыздылығын түсірген емес.

Конвенция адам құқықтарының ауқымды түрлерін қамтиды. Бұрын адам құқықтары бір жағынан азаматтық және саяси болып сыныпталса, екінші жағынан экономикалық және әлеуметтік, мәдени болып сыныпталды. Алайда 4-бап осы санаттарға қатысты, дегенмен баптар осы қағидат бойынша бөлінбеген. Конвенцияның бүкіл мәні – барлық құқықтардың бір-бірін толықтыратынын көрсету, ЮНИСЕФ балалардың «өмір сүруі және дамуы» деп көрсететін қағидасын қамтамасыз ету. Конвенцияда қамтылған құқықтардың барлық түрі үш бағытта көрсетілуі мүмкін: есім, азаматтық алудан бастап, медициналық-санитарлық көмекпен пен білім алудан аяқталатын өмір сүру мен дамуды қамтамасыз ету, қорғау (азаптау, қанау, еріксіз бас бостандығынан айыру, негізсіз отбасы қамқорлығынан айыру сияқты белгілі әрекеттерден), қатысу (жеке басының өміріне және қоғамдағы өміріне қатысты шешімдерге).

Конвенцияда басты үш жаңалық бар.

Біріншісі, балалар үшін «қатысу құқықтары» ұғымын енгізу және балаларға өздерінің құқықтары туралы ақпараттану маңыздылығын мойындау. Екіншісі, Конвенция бұрын халықаралық құжаттарда мүлде қаралмаған мәселелерді көтереді: қатыгездіктен және пайдаланудан жәбір көрген балалардың оңалуға құқықтары және үкіметтің балалардың денсаулығына зиян келтіретін дәстүрлі практиканы жоюға қадамдар жасау міндеті. Үшіншісі, бұрын заңдық жағынан міндеттелмейтін мәтіндерде кездеспейтін қағидаттар мен нормаларды қосады, атап айтқанда, бала/қыз асырап алуға және жасы кәмелетке толмағандарға қатысты әділ сот жүргізуге қатысты мәселелер.

Бүгінгі күні әлемнің барлық елдерінде дерлік балалардың жағдайы осы елдердің үкіметтерін балаларды қорғауға және олардың құқықтарының толықтай жүзеге асырылуын қадағалауға ресми түрде міндеттеу арқылы жақсаруы мүмкін. Конвенция қағидаттары үкіметтердің өз міндеттерін орындау барысына қарай балалардың күнделікті өміріне өзгерістер енгізеді.

Конвенция мынадай басты қағидаттарға ықпал етеді:

Мемлекеттер әрбір баланың осы Конвенциямен көзделген, оның ата-анасының немесе қамқоршысының қандай да бір кемсітушіліксіз нәсіліне, түр-

түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де сенім-нанымдарына, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайына, баланың денсаулығының және туылуының жай-күйіне немесе өзге де жағдайларына қарамастан, барлық құқықтарын қамтамасыз етулері тиіс (2-бап).

Жеке, мемлекеттік немесе қоғамдық нысандағы мекемелердің, соттардың, әкімшілік немесе атқарушы органдардың балаларға қатысты қолданатын іс-әрекеттерінің бәрінде де ең бірінші кезекте баланың мүддесі тұруы тиіс (3-бап).

Әрбір баланың өмір сүруге, есім, азаматтық алуға, өзінің ата-анасын білуге, олардың қамқорлығына ие болуға деген ажырамас құқығы бар. Мемлекет оның тірі қалуына, денелік, ойлық, рухани, әлеуметтік және мәдени дамуды қоса жан-жақты дамуына кепілдік беруі тиіс (6-бап).

Бала тыңдалу құқығына ие. Балаларға өмірге қатысты барлық мәселелерді шешуге, өз пікірін еркін жеткізуге мүмкіндік берілуі тиіс (12-бап).

Конвенцияда мынадай маңызды құқықтар берілген.

Азаматтық құқықтар мен еркіндік. Әрбір бала туылған сәттен бастап есім, азаматтық алуға құқығы бар, мемлекет оны тиісті құжатпен қамтамасыз етуге міндетті. Балалар ойын еркін жеткізуге құқылы, мемлекет олардың ойлау, ар-ождан және дін бостандығына, ата-анасының қамқорлығына ие болуға деген құқығын құрметтеуі тиіс. Балалар, сондай-ақ, араласу бостандығына құқылы және олардың жеке өміріне қол сұғушылықтан қорғалуы тиіс. Сонымен қатар, ешқандай бала зорлық-зомбылыққа, қорлауға, қатыгез, кемсітетін, адамшылыққа жатпайтын жәбірлеуге және жазалауға ұшырамауы тиіс. 18 жасқа толмаған жеткіншекке үкім кесу барысында өлім жазасы мен еркіндікке шығу құқығынан толық айырған өмірлік бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға тыйым салынған.

Отбасы және тәрбие. Конвенция балаларды тәрбиелеу үшін бастапқы және негізгі жауапкершілікті олардың ата-аналарына жүктейді және мемлекеттің оларды осы жағдайда қолдауын көздейді. Балаларды ерекше жағдайлардан басқа жағдайларда, ата-аналарының ықтиярынсыз, құзырлы органдардан басқа органдарда, қолданыстағы заңдарға қатаң сәйкестікте болмаған жағдайда ата-аналарынан айыруға болмайды. Ата-анасы еріксіз айрылған жағдайда балалар ата-анасының екеуімен де қарым-қатынаста болуға құқылы. Бала мен ата-ана от басын біріктіру немесе өзара қарым қатынастарын нығайту мақсатында кез келген елден шығып өз еліне келуге құқылы. Ата-аналар балаларының лайықты өмір деңгейін қамтамасыз етуге жауапты, ал мемлекет сол жауапкершіліктің орындалуына кепілдік беруі тиіс. Конвенция мемлекетке отбасыларынан айрылған балаларды арнайы қорғауды қамтамасыз етуді міндеттейді. Мысалы, уәкілетті органдардың рұқсатымен бала немесе қыз асырап алу жүргізілуі мүмкін жерлерде. Мемлекет балалардың ұрлануын немесе ата-аналарының, не болмаса үшінші адамдардың оларды шетелде ұстап отыруын алдын алуға және жоюға; балаларды қиянат көрсетудің және кемсітудің барлық түрлерінен қорғауға міндетті. Балалар қарулы қақтығыстың, қорлаудың, кемсітудің, немқұрайлы қараудың немесе пайдаланудың құрбаны болған жағдайда, мемлекет олардың қалпына келуін және қоғамға әлеуметтік

қосылуын жеңілдететін емделу мен сауығудың тиісті көмегін алатынына кепілдік беруі тиіс. Сонымен қатар, мемлекет емдеуге немесе сауықтыруға жіберген бала ахуалының үнемі бағаланып отыруына құқы бар.

Балалардың денсаулығы мен әл-ауқаты. Әрбір бала өмір сүруге құқылы, қатысушы мемлекеттер баланың тірі қалуына және дамуына, денсаулық сақтаудың ең жоғары қол жетімді стандартына құқығына ең жоғары кепілдік беруі тиіс. Мемлекеттер денсаулық сақтаудың алғашқы, алдын алу, денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық білім беру және балалар өлімін азайту жұмыстарына баса назар аударуы керек. Олар бұл салада халықаралық ынтымақтастықты барынша қолдап-қуаттауы және ешқандай бала жоғары сапалы сауықтандыру қызметінен алыстатылмау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы керек. Дамуында ауытқулары бар балалар мамандандырылған қатынасқа, емдеуге, білім беруге және қамқорлыққа ие болуға құқылы. Балалар әлеуметтік қамсыздандыру саласы тарапынан да көмек алуға құқылы. Қатысушы мемлекеттер ата-аналары жұмыс істейтін балалардың балалық шақты қорғау қызметтерін пайдалану құқығына кепілдік беру үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс. Қатысушы мемлекеттер әр баланың дене бітімі, ақыл-есі, рухани, имандылық және әлеуметтік тұрғыдан қажетті өмір деңгейіне құқығын мойындайды.

Білім алу, бос уақыт және демалыс.

Балалар білім алуға құқылы, мемлекеттің міндеті бастауыш білімнің еркін және міндетті болуына, мектеп тәртібі баланың ар-намысын құрметтеуге бағытталуына, білім берудің мақсаты адамның жеке тұлға ретінде дамуына, оның ақыл-есін, дене бітімдік қабілеттерін барынша толық дамытуға бағытталуына кепілдік беру. Білім беру ата-анасын, төл мәдениетінің құндылықтарын, ана тілін және адамзат құндылықтарын құрмет тұтуды нығайтуы және ынталандыруы тиіс, бұл баланы қоғамдағы саналы өмірге түсіністік, бейбітшілік, шыдамдылық, басқа адамдармен достықта болу рухында дайындайды. Балалар бос уақытқа, демалысқа және мәдени іс-шараларға құқылы.

Арнайы қорғаныс шаралары а) Қатысушы мемлекеттер 15 жасқа дейінгі кез келген баланың әскери әрекеттерге қатыспауы үшін мүмкін болған шаралардың барлығын қолдануы тиіс. 15 жасқа толмаған кез келген бала қарулы күштер қатарына қызметке шақырылмауы керек. Қабылданған халықаралық уағдаластықтарға, әсіресе қарулы қақтығыстарда азаматтық халықты қорғау жөніндегі Женева Келісіміне сәйкес, қатысушы мемлекеттер қарулы қақтығыстар аймағындағы балаларды қорғауға кепілдік беру үшін барлық шараларды қолдануы тиіс. Мемлекет барлық балаларға — әскери қақтығыстардан, қорлаудан, кемсітуден, немқұрайлы қараудан немесе пайдаланудан зардап шеккен балаларға тиісті көмек көрсетуге және оларды емдеуге кепілдік беруге міндетті. Арнайы қорғаныс босқын балаларға немесе босқын мәртебесін алуға ұмтылған балаларға көрсетілуі тиіс. Мемлекеттің міндеті — осындай қорғаныс пен көмек көрсететін құзырлы ұйымдармен ынтымақтасу.

б) Бала заңмен қақтығысқан жағдайда балалардың құқық бұзушылықтары жөніндегі органдар баланың жасын назарға алулары және олардың қоғамда реинтеграциялануына жәрдемдесулері тиіс. Заңмен қақтығысқан балалар олардың адамдық қадір-қасиетін және өзін-өзі бағалауын ынталандыратын қатынасқа құқылы. Мұндай жағдайда балалар олардың сотта қорғалуына заңды немесе өзге көмектесу сияқты негізгі кепілдіктерге құқылы. Мүмкіндігінше оларды оқшаулайтын жерлерден аулақ болған дұрыс. Бас бостандығынан айрылған кез келген бала ересектерден бөлек жерде болуы тиіс, егер баланың өзінің ықтиярына қайшы келмесе. Сонымен қатар, қамауға алынған бала заңды және басқа да көмекке ие болуы тиіс, сондай-ақ отбасымен қарым-қатынаста болуға құқылы.

с) Жұмыс істеген жағдайда балалар экономикалық қанаудан және денсаулығына, білім алуына немесе дамуына қауіп төндіретін жұмыстардан қорғалуға құқылы. Мемлекет жұмысқа алуда бірінші кезекте адамның ең төменгі жас мөлшерін және Халықаралық еңбек ұйымы, атап айтқанда, Ең төменгі жас туралы 1973 жылғы Келісіммен (№138) құрылған стандарттарға сәйкес жұмыс талаптарын реттейтін ережелер белгілеуі тиіс. Балалар есірткі және психотроптық заттарды қолданудан, сондай-ақ оларды өндіру немесе сату жұмыстарына тартылудан қорғалуға құқылы. Мемлекет баланы жезөкшелікті, порнографиялық бизнеске қанап пайдалануды қоса, сексуалды қанау мен зорлаудан қорғауы тиіс. Келісім мемлекет балаларды сату, саудалау және ұрлауды болдырмас үшін бүкіл күштерін салуға міндетті болғанын көздейді.

д) Бала ұлттық немесе өзге азшылық топқа жатқан жағдайда. Ұлттық немесе азшылық топқа жататын балалар өз мәдениетін, тілін және дінін қолдануға құқылы.

2002 жылы 8 тамызда «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы Заң баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді. Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру қағидаттарына негізделген.

Семинар – 1 сағат

Жоспар

Сабақ «Интеллектуальдық футбол» ойыны түрінде жүргізіледі. Алдыңғы сабақта курсанттарға «Полиция және халықтың осал санаттары» тақырыбы бойынша сабақ дайындық беріледі. Дайындалуға арналған жоба сұрақтары.

1. Полиция қызметіндегі халықтың осал санаттарының құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету:

- әйелдердің;
- балалардың;

- босқындардың;
- репатрианттардың.

Курсанттар екі командаға бөлінеді: қақпашы, қорғаушылар және шабуылшылар. Ойын төрешісі таңдалады.

Ойын ережесі:

1. Жаттығу. 7-10 минуттай команда ойынға дайындалады. Шабуылшылар сұрақ әзірлейді (қағаз жүзінде). Қорғаушылар тақырыпты қайталайды.

2. Жеребемен команда анықталады, доппен (кім бірінші бастайды).

3. Арбитр ойыншыларды (курсанттарды) ойын ережесімен таныстырады.

4. Шабуылшы қорғаушыларға кезек бойынша сұрақ қояды. Егер қорғаушылар сұраққа жауап бермесе, онда сұрақ қақпашыға қойылады. Егер қақпашы допты қағып жіберсе (сұраққа жауап берсе), онда гол болған жоқ. Керісінше, егер қорғаушы допты тойтармаса (сұраққа жауап бермесе), онда гол соғылды.

5. Содан кейін басқа команда сол сұрақ қойылу механизмін қолданады.

6. Арбитр ереженің сақталуын қадағалайды (сары, қызыл бұрыштама көрсете алады, айып соққысын белгілейді және т.б.).

7. Ойынның басты судьясы – оқытушы, яғни тиісті шара қолдана алады.

Ойын 40-50 минут ішінде өтеді.

Ойын аяқталған соң қорытынды жүргізіледі. Арбитр мен бас төреші ойынды баяндайды. Оқытушы баға қояды.

Практикалық сабақ – 1 сағат

Жоспар

Тақырып бойынша сабақ топтық жұмыс әдістемесін пайдаланумен жүргізіледі. Аудиторияны үш топқа бөліп, әрбір топқа халықтың осал санаттарының мәртебесін анықтау және құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғауға арналған қандай да бір халықаралық нормативтік актілерді талдау жөніндегі дербес және бір-бірінен өзгешеленетін тапсырмаларды берген жөн:

- 1 топ – босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушылар;
- 2 топ – кәмелетке толмағандар;
- 3 топ - әйелдер.

1 топқа арналған тапсырма: 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы конвенция мен 1967 жылғы хаттамасының ережелерін талдаңыз. Келесідей сұрақтарға жауап беріңіз:

- *Бұл халықаралық құжатта босқын мәртебесі қалай бекітілген? Кімді босқын санауға болмайды?*

- *Бұл халықаралық құжаттарда құқықтар мен негізгі бостандықтарды қорғаудың қандай жалпы ережелері аталған?*

- *«Мәжбүрлі қоныс аударушылардың» кімдер екенін білесіз бе? Мәжбүрлі қоныс аударушының босқын мәртебесінен айырмашылығы қандай?*

2 топқа арналған тапсырма: 1989 жылғы БҰҰ бала құқықтары туралы конвенциясының ережелерін талдаңыз. Келесідей сұрақтарға жауап беріңіз:

- *Бұл халықаралық құжатта бала мәртебесі қалай бекітілген? Конвенцияда қандай негізгі принциптер бар?*

Конвенцияның қандай нормаларының құқықтық тәртіпті қорғау органдары қызметкерлерінің өз қызметтерін жүзеге асыруларына тікелей қатынасы бар, оларды үш топқа жіктеңіз: «Құқықтарды қорғау», «Пайдаланудан қорғау», «Ерекше жағдайларда қорғау».

3 топқа арналған тапсырма: 1979 жылғы БҰҰ Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциясының және факультативтік хаттамасының ережелерін талдаңыз. Келесідей сұрақтарға жауап беріңіз:

- *Бұл халықаралық құжатта «әйелдерді кемсіту» ұғымы қалай анықталған? Конвенцияда қандай негізгі принциптер бар?*

- *Конвенцияның қандай нормаларының құқықтық тәртіпті қорғау органдары қызметкерлерінің өз қызметтерін жүзеге асыруларына тікелей қатынасы бар?*

КОӨЖ – 2 сағат

Жоспар

1. Тақырып бойынша глоссарий құрау.
2. Тақырып бойынша нормативтік құқықтық актілерді конспектiлеу.
3. Тақырып бойынша тест тапсырмасын құрау:
 - 15 тапсырма – баға «қанағаттанарлық»
 - 20 тапсырма – баға «жақсы»
 - 25 тапсырма – баға «өте жақсы»

Баға қою кезінде оқытушы жасалған тест тапсырмаларының сапасын, олардың мазмұндық бөлігін бағалайды.

Тест тапсырмалары келесі өлшемдер бойынша жасалады:

Сұрақ

А) бес нұсқадағы жауап, оның ішінде дұрыс жауаптар біреуден үшке дейін болуы.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Қазіргі қоғамда халықтың белгілі бір санаттары бар, олардың құқықтары бейбіт уақытта да және төтенше жағдай кезінде де жеткілікті дәрежеде қорғалмаған. Семинар сабағына дайындалу кезінде тыңдаушылар ұғымдық аппаратты білулері қажет: халықтың осал санаттары, кемсітушілік, босқын, көшіп-қонушылар, оралмандар, шарасыздан көшіп-қонушылар, бала, күш көрсету.

ІО әрбір қызметкері өзіне артылған міндетті орындау кезінде заңдылық пен әділеттілік принципін тиянақты сақтап қана қоймай, сонымен кез келген негіз бойынша кемсітушілік негізінде адамның құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол бермеуі қажет.

КӨЖ – 5 сағат

1. Семинар сабағының сұрақтарын дайындау.
2. Тақырып бойынша нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу
3. Тақырып бойынша глосарий құрау.
4. Реферат жазу.

5 тақырыпқа әдебиет: 1-11, 16-23, 40, 43-60, 73-76, 83, 90-97

6 тақырып. Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу процесіндегі адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу процесіндегі адам құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық және ұлттық нормалары.
2. Адам құқықтарын ұстау, қамауға алу және сақтау рәсімін бекітуші халықаралық және ұлттық құжаттар.
3. Адамның азаптаулар мен қатыгез ісәрекеттерден бостандық құқығы және оның ұстау мен қамауға алу барысында іске асырылуы.

Дәріс мәтіні

Әлемнің әр елінде бір немесе бірнеше полиция қызметі бар. Кез келген мемлекетте полиция жұмысы тәртіпті қорғау, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу және ашумен (тергеумен) байланысты. Сонымен қатар, полиция – бұл сала әрекет ететін жалғыз мемлекеттік орган емес, және аталған міндеттерді орындау бір ғана полицияның міндеті емес. Керісінше, өз қарамағындағы аумақтағы тәртіпті қолдау үшін негізгі жауапкершілікті мемлекет көтереді. Мемлекеттерге бұл міндет халықаралық құқық нормаларымен жүктелді, себебі тәртіп пен қауіпсіздік азаматтар өздерінің экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық және саяси құқықтарын толыққанды пайдалана алатындай қажетті жағдайлар жасайды. Сондай-ақ, мемлекет өз тұтастығының өмірлік маңызы бар шарты ретінде тәртіпті қолдауы тиіс: тәртіптің жоқтығы ақыр соңында мемлекеттің «өміріне» балта шабады.

Полицияның қылмыстық іс жүргізу қызметінде жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жүйесіне басымды орын беріледі. Осы қызметтің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі, сонымен қатар министрліктер мен ведомстволардың кейбір нормативтік актілері құрайды.

Полицияның қылмыстық іс жүргізу қызметі алдын ала тергеу және анықтау түрі арқылы жүзеге асырылады. Қылмысты тергеу әлеуметтік қызметтің бірден бір күрделі түрі болып есептеледі. Осы жұмыс мемлекеттің мамандандырылған органдарымен жүргізіледі — тергеу және жедел іздестіру аппаратымен, сонымен бірге сарапшы мекемелермен.

Қылмыстық іс жүргізу қызметі екі негізгі мақсатты ұстанады. Біріншісі қылмыстарды ашу және кінәліларды қылмыстық жауаптылыққа тарту, яғни сот төрелігін жүзеге асыру үшін алғышарттар құру, екіншісі — қылмыстық

процесті жүзеге асыруға тартылған азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етумен айқындалады.

Қылмыстық сот ісін жүргізу мақсатында қорғаудың құқықтық маңыздылығы Қазақстан Республикасының ҚІЖК 8-бабының 2-тармағында көрсетілген. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда — оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуі, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға, қылмыстың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесуі тиіс.

Қылмыстық іс қозғау — бірде бір қылмыстық іс айналып кете алмайтын саты. Қылмыстық іс қозғау сатысы қылмыстық процесс міндеттерінің содан соңғы шешілуі үшін қылмыстық іс жүргізу қызметін бастау қажет па екенін анықтайтындығынан тұрады. Қылмыстық іс қозғау актісі қылмыстық процесс механизмін қозғалысқа келтіреді, келесі сатыларда іс жүргізу әрекетін орындау үшін құқықтық негізін құрайды және алдын ала тергеу мерзімдерін есептеу қызметін атқарады.

Жалпы тәртіп бойынша қылмыстық істі қозғағанға дейін қандай да бір тергеу әрекетін жүргізуге болмайды. Тек оқиға болған жерді қарау қылмыстық іс қозғағанға дейін жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда оған негіз болса, қылмыстық іс оқиға болған жерді қарағаннан кейін дереу қозғалады.

Өкінішке орай, тәжірибеде қылмыстық іс жүргізу сатысында бұзушылыққа жол берілетін жағдайлар кездесіп жатады, осыдан барып азаматтардың құқықтарына теріс әсер етеді. Көбінесе анықтаушылар және тергеушілер тарапынан қызмет бабын асыра пайдалану фактілері орын алып жатады, билікті асыра пайдалану, қызметтік жасанды іс, айғақтарды бұрмалау және т. б.

Ұстау - бұл қылмыс жасағанға қатысы барлығын тексеру мақсатында 72 сағаттан аспайтын мерзімде қылмыс жасаған тұлғаның, сезіктінің бостандығын қысқа уақытқа шектеуден және оны қамауға алу мәселесін шешуден тұратын қылмыстық іс жүргізушілік мәжбүрлеу шарасы.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына (АҚЖБД) сәйкес, қол сұқпаушылық құқығы мемлекеттің тәртіп пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі міндеттеріне жатады. Мемлекеттер лауазымды тұлғалар адам құқықтары саласындағы нормаларды сақтап қана қоймай (яғни, өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланбай), адамның құқықтарын қорғауларын (яғни, мемлекеттің юрисдикциясындағы барлық тұлғаларға дене және психологиялық қол сұқпаушылықты, сондай-ақ негізгі құқықтар мен бостандықтарды кедергісіз пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етулерін) қадағалаулары тиіс.

Қылмысты тергеу – сот әділдігін атқару жүйесіндегі бірінші маңызды қадам болып табылады. Қылмысты тергеу қылмысты жасағаны үшін айыпталатын тұлғалар олардың кінәлігін немесе кінәсіздігін анықтау үшін сотқа тартыла алатын құрал болып табылады. Оның сондай-ақ қоғамның әл-

ауқаты үшін де үлкен мәні бар, себебі қылмыстылық адамдардың қалыпты өмірін бұзып, әлеуметтік және экономикалық дамуға кедергі келтіреді. Сол себепті, қылмыстың этикалық нормалар және заңдылықтың сақталуымен тиімді тергеу полиция жұмысының айрықша маңызды аспектісі болып табылады.

Тергеу әрдайым сот қарауынан бұрын болады және әдетте құқық қорғау органдары қызметінің нысаны мен мазмұны бойынша бірыңғай болып табылады. Алайда, бұл тым қарапайым анықтама, сондықтан да курсанттар тергеу ісін жүргізудің түрлі әдістерін айыра білулеріне қол жеткізу қажет: тергеу алды тексеру, анықтау немесе алдын ала тергеу, сондай-ақ өздігінен тергеу нысандарының ешбіреуіне жатпайтын, әдетте оны сүйемелдейтін жедел іздестіру қызметі.

Қылмыспен күрес жөніндегі қызмет осы мемлекеттік қызметтің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Оның нәтижелері қоғамдағы әлеуметтік ахуалға ықпал етеді, сонымен қатар, азаматтар және олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалу дәрежесін көрсетеді.

Құқықбұзушылықтардың алдын алу және жолын кесуге арналған органдар өз қызметтерінің мақсаты ретінде адам құқықтарын басты назарға алулары тиіс. Алайда, мұнымен қатар бұл құқық қорғау қызметімен жіктелген құқықтық шектеу мүмкіндігін ғана емес, қажеттілігін де білдіреді.

Осыған орай, айқындалған аспектінің шеңберінде орталық мәселе туындайды. Ол ретінде екі мақсаттың арасындағы өзіндік теңгерімнің сақталу мәселелесі әрекет етеді: құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және адамның құқықтары мен бостандықтарының қалтқысыз қамтамасыз ету.

Бұл мақсаттардың арақатынасын екі түрлі айқындауға болады. Бір жағынан, мемлекет кез келген жағдайда орнатылған құқықтық тәртіпті мәжбүрлеу арқылы қолдауға, заңдылықтың жалпықұқықтық принципін іске асыруды қамтамасыз етуге міндетті болса, екінші жағынан – бірінші мақсатқа қол жеткізу тұлғаның оған тән негізгі демократиялық құқықтары мен бостандықтары аясының таралуын немесе тікелей шектелуін қаншалықты ақтайды?

Қылмысты тергеудің мақсаты сот сезікті тұлғаның кінәлілігіне немесе кінәсіздігіне қатысты әділ үкім шығаруы үшін айғақтарды жинау, қылмыс жасағаны үшін болжамды кінәліні анықтау және сотқа қажетті дәлелдерді ұсынудан тұрады.

Қылмыстарды тергеуді жүзеге асырудың негізгі принциптері мынадай болулары тиіс:

- адам құқықтарын құрметтеу, ең бііріншіден, барлық адамдардың ар-намысын, ар-ожданы мен жеке өмірін құрметтеу;
- кінәсіздік презумпциясы;
- негізсіз айыптаудан қорғалу құқығы;
- барлық айыпталушы тұлғалардың әділ сот қарауына құқығы;
- заңның қатаң сақталуы және барлық тергеу әрекеттерінің тиісті негіздемесі.

Адам құқықтарындағы жалпыға бірдей декларациясының (1948 жылғы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған) 1 бабында: «Барлық адамдар тумасынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді» делінген. Бұл іргелі принцип көптеген елдердің ұлттық заңнамаларында белгілі бір деңгейде орын тапқан. Осылайша, Қазақстан Республикасы конституциясының 1 бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және дамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Адамның арнамысы, оның ар-ожданы мен беделі, сондай-ақ оның тұлға ретіндегі өз тағдырын өзі шешуімен ажырамас байланысты жеке өмір құпиясы бірдей дәрежеде қорғалулары тиіс.

Семинар – 1 сағат

Жоспар

1. Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу процесіндегі адам құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық және ұлттық нормалары.

2. Адам құқықтарын ұстау, қамауға алу және сақтау рәсімін бекітуші халықаралық және ұлттық құжаттар.

3. Адамның азаптаулар мен қатыгез ісәрекеттерден бостандық құқығы және оның ұстау мен қамауға алу барысында іске асырылуы.

Практикалық сабақ – 1 сағат

Жоспар

Аудитория 3 топқа бөлінеді. әрбір топқа зерделеу (талдау) үшін халықаралық-құқықтық актілер мен тпсырмаларды таратыңыз. Талқылаудан кейін әрбір топ өз жұмысының тұсаукесерін өткізуі тиіс.

1 топқа арналған тапсырма: 1998 жылғы **Ұстауға немесе қандай да бір нысандағы қамауға ұшырайтын барлық тұлғаларды қорғау принциптерінің жиынтығын** ережелеріне талдау жүргізіңіз. Келесідей сұрақтарға жауап беріңіз:

- *Құжатта ұстауға қатысты қандай маңызды принциптер көзделген? Принциптерді мазмұнына қарай топтастырыңыз, мысал үшін, ұсталған тұлғаларға адвокаттың қызметтерін пайдалану құқығын беретін принциптер, - 11, 15, 17 және 18 және т.б. принциптер. Принциптер топтарының біріне тұсаукесер әзірлеңіз.*

- *Бұл құжатта құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың дербес жауапкершілігі бекітілген бе?*

2 топқа арналған тапсырма: 1985 жылғы **Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін атқару туралы БҰҰ кішігірім стандарттық ережесіне (Пекин ережелері)** және 1955 жылғы Тұтқындалғандарға қатысты кішігірім стандарттық ережесіне талдау жүргізіңіз. Келесідей сұрақтарға жауап беріңіз:

- Құжаттарда «кәмелетке толмаған» ұғымының анықтамасы бар ма?

- Құжаттарда кәмелетке толмағандарды ұстауға қатысты қандай маңызды принциптер көзделген? Принциптер топтарының біріне тұсаукесер әзірлеңіз.

- 12 ережеде кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін атқаруға қатысатын, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі барлық лауазымды тұлғаларды арнайы дайындау қажеттілігіне көңіл бөлінеді. Бұған қатысты не ойлайсыз?

3 топқа арналған тапсырма: 1985 жылғы Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін атқару туралы БҰҰ кішігірім стандарттық ережесіне (Пекин ережелері) 5 қағидасын, 1985 жылғы Кәмелетке толмағандарға қатынасы сот төрелігін атқару туралы БҰҰ кішігірім стандарттық ережесінің 26 ережесін, 1955 жылғы Тұтқындалғандарға қатысты кішігірім стандарттық ережесінің 8 ережесін талдаңыз. Келесідей сұрақтарға жауап беріңіз:

- Қамауда ұсталатын әйелдердің ерекше мәртебесі бұл құжаттарда қалайша бекітілген? Осы санаттағы адамдарды ұстау мен қамауда ұстауға қатысты негізгі принциптер неден көрініс табады? Принциптер топтарының біріне тұсаукесер әзірлеңіз.

- Мемлекеттік ішкі тәжірибеден туындай отырып, осы ережелерге қандай да бір толықтырулар енгізе аласыз ба?

Тақырыпқа қосымша тапсырмалар

1 тапсырма

Құқыққорғау органдарымен жүргізілетін тергеу ақпарат жинаумен байланысты. Оны техникалық құралдар арқылы жасауға болады (мысалы, телефон байланысын тыңдау) немесе тактикалық құралдар (күпия ақпарат берушілер). Тергеушілер этикалық және құқықтық нормаларды қарап шатысуы мүмкін, әсіресе ауыр қылмыстарды тергеу кезінде шешуші сатыларда мысалы, сезіктіні қамауға алу қажет болған кезде.

Сұрақ: Осындай жағдай кезінде тергеушінің этикалық және құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне байланысты тергеушілердің көзін жеткізетін дәлелді атаңыз?

2 тапсырма

Сіз осы оқулықта құқыққорғау органдарына арналған этикалық кодексті қарастырдыңыз. Этикалық нормаларды сақтай отырып, тергеуді жүргізуге байланысты тергеушілерге арналған басшылыққа алатын принциптерді, негізгі ережені өңдеңіз.

Сұрақ: Аталған ұсынысқа сіз қандай негізгі ережелер қостыңыз және неге? Сіз қалай санайсыз, осы ереженің бұзылғандығы әкімшілік жауапкершілікке тартудың негізі болуы керек па?

3 тапсырма

Сіздің бөлімшеңіз қылмысты тергеу барысында есірткіні заңсыз айналдырумен айналысатын ұйымға шықты. Аталған ұйым мүшелерінің әрекеті өте шектен шығушылықпен және қаталдықпен ерекшеленеді. Тергеу нәтижесі аталған қылмыстық әрекеттің айғақтарын алу үшін осы қылмыстық топқа өз қызметкерінді ендіру жолымен ғана жетістікке жетуге болатынын куәландырады. Егер ендіру тактикасы ойдағыдай болса, ұйымның қылмыстық әрекетіне қатысқандардың барлығын Сіз тез арада қамауға алғыңыз келді. Жоғары тұрған басшы ендіру тактикасын қолдануға рұқсат береді, бірақ аталмыш топқа ендірілетін қызметкерге оның этикалық әрекеттерді тиімді қамтамасыз етуі үшін бірқатар нұсқаулар берілді.

Сұрақ: Сіз қандай ұсыныс бере аласыз? Сіз қалай санайсыз, ендіру бойынша операция қанша уақыт алады? Сіздің ойыңызша құқыққорғау қызметкері топтың қылмыстық әрекетіне қатысуына бола ма?

КОӨЖ – 2 сағат

Жоспар

1. Қазақстан Республикасының Конституциясын зерделеу.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексін зерделеу.
3. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарды зерделеу.
4. Кесте құрау

№	Адам құқығы	Конституция	Халықаралық шарт	ҚР ҚПК

4. Тақырып бойынша есептер құрау:
- үш есеп – баға «қанағаттанарлық»
 - төрт есеп – баға «жақсы»
 - бес есеп – баға «өте жақсы»

Баға қою кезінде оқытушы жасалған орындалған жұмыстың сапасын, олардың мазмұндық бөлігін бағалайды.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫС

Сабақтың басында курсанттардың арасында тараудың мәселесі бойынша көңіл-күй қалыптастыру үшін, түрлі пікірталасты әдістемелерді пайдалану қажет. Қылмысты тергеу саласындағы адам құқықтары стандарттарын бекітетін халықаралық және ұлттық актілерді зерделеудің зор маңызы бар.

КӨЖ- 5 сағат

1. Семинар сабағының сұрақтарын дайындау.
2. глосарий құрау.

3. Өткен тақырып бойынша тестіге дайын болу.

6 тақырыпқа әдебиет: 1-11, 16-23, 40, 43-60, 86,89, 90-97

7-тақырып. Полицейлердің күш, арнайы құралдар мен атыс қаруын қолдану процесіндегі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. Полиция қызметкерлерінің күш, арнайы құралдар мен атыс қаруын қолдану процесіндегі халықаралық стандарттары.

2. Полиция қызметкерлерінің атыс қаруын, арнайы құралдар мен дене күшін қолдану принциптері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы.

3. Полиция қызметкерлерінің заңсыз күш қолдануымен бұзылатын адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары.

Дәріс мәтіні

Кез келген демократиялық мемлекетте заңдылықтың сақталуы мен құқықтық тәртіпті қолдау үшін, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне белгілі бір өкілеттіктер беріледі. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің мемлекетпен жүктелген міндеттерді орындаулары адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына тікелей ықпал етеді.

Қылмыстық жаһандануы мен трансұлттануы кезеңінде, полиция қызметкерлері ұйымдасқан қылмыс тарапынан қоғамдық қауіпсіздікке қауіптің төнуімен жиі кездесетін болған. Бұл жағдайда, бір жағынан, адамның құқықтары мен бостандықтары қорғалулары тиіс, екінші жағынан – қылмыстың тарапынан жасалатын жағымсыз үрдістерге барабар және уақытылы жауаптың болуы тиіс, бұл ретте күш қолдану немесе арнайы құралдар мен қару қолдану құқығын пайдалану қылмыстық ортаның тарапынан төнетін қауіппен шамалас болуы тиіс.

Әрбір полиция қызметкерінің мойнында бұл өкілеттіктердің заңдылық пен әділдік принциптерінің нақты сақталуымен жүзеге асырылуын қамтамасыз ету жөніндегі үлкен жауапкершілік жатыр.

Қоғамда, барлық анықталған және реттелетін шарттардың сақталуымен полиция қызметкерлерінің күш қолдануының абсолютті түрде заңды сипатқа ие болатындығы мойындалады. Алайда, күш қолданумен байланысты осы өкілеттіктерді асыра пайдалану адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіруі мүмкін. Күш, арнайы құралдар немесе қарудың осындай заңсыз немесе шамалас емес қолданылуы өте жиі жағымсыз салдар мен тіпті адам өліміне алып келеді. Сол себепті, бұл саладағы өкілеттіктердің асыра пайдаланылуының алдын алу үшін тиімді қадамдар жасау қажет. Мұндай асыра пайдаланулардың алдын алу, тергеу жүргізу және заңға сыйымсыз күш қолдану жағдайында жазалау – мемлекеттің міндеті.

Әрбір мемлекет құқықтық тәртіпті қолдау мен заңдылықтың сақталуы үшін, полиция қызметкерлеріне кең ауқымды өкілеттіктерді, соның ішінде атыс қаруы мен күш қолдану құқығын береді. Әлбетте, әрбір елге бұл мәселеде өзгеше ерекшеліктер тән, мысал үшін, Ұлыбританияда полицейлерге күнделікті жұмыста атыс қаруын ұстауға рұқсат етілмейді (саяси қайраткерлер мен елшілерді күзету, сондай-ақ әуежайларды күзететін арнайы офицерлерден өзге).

Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасы халықаралық құқық принциптері мен нормаларын құрметтейді (9 бап), республикамен ратификацияланған халықаралық шарттардың оның заңдарына қарағанда басымдығы туралы конституциялық императивпен қатар, халықаралық нормалардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама жүйесіне енгізілуінің маңызды шарты болып табылады.

Адамның өмір сүру, жеке басына қол сұқпаушылық, қауіпсіздік пен бостандық құқығын кепілдендіретін халықаралық стандарттар қазіргі Құқықтар туралы халықаралық билльді құрайтын БҰҰ адам құқықтары жөніндегі іргелі құжаттарында қарастырылған. Атап айтқанда, **1948 жылғы 10 желтоқсанда БҰҰ БА қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының** 3 бабында былай делінген: «Әркімнің өмір сүруге, өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар және оған қол сұғылмауы тиіс».

Бұл норманың халықаралық деңгейдегі дамуы **1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіден** көрініс тапты, оған сәйкес «өмір сүру құқығы - әрбір адамның ажырамас құқығы болып табылады. Бұл құқық заңмен қорғалады. Ешкімнің де өмірі еріксіз қиылуға тиіс емес».

Адам өмірінің құндылығының іргелі идеялары қызметтері көп жағдайда күш және атыс қаруының қолданылуымен тікелей байланысты құқық қорғау органдарының қызметінде маңызды орын алады. Осыған орай, халықаралық деңгейде құқықтық тәртіпті қолдау органдарының күш және атыс қаруын қолдануының негізгі принциптері әзірленген. Аталмыш принциптер 1990 жылы 27 тамыз – 7 қыркүйек аралығында Кубада өткен қылмыстылықтың алдын алу және құқық бұзушылармен қатынасу жөніндегі БҰҰ VIII Конгресінде айқындалған.

1990 жылы БҰҰ VIII Конгресінде қабылданған, құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың күш пен атыс қаруын қолдануының негізгі принциптері халықаралық шарттарға жатпайды және кеңес берушілік сипатқа ие. Алайда, бұл құжат БҰҰ мүше-мемлекеттерінің құқық қорғау органдары қызметкерлерін тиісті дайындықтан өтулері мен олардың қызметтік міндеттемелерін орындауларын ұйымдастыруға қатысты өзіндік нұсқаулық болып табылады.

Қарастырылып отырған құжат қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қолдауға қатысты талаптарды полиция қызметкерлерінің жеке қауіпсіздігі мен адам құқықтарын қорғау талаптарымен үйлестіру талпынысы болып табылады. Принциптерге сәйкес «үкіметтер мен құқық қорғау органдары құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың адамдарға қарсы күш пен атыс қаруын қолдануы туралы нормалар мен нормативтік ережелерді

қабылдайды және жүзеге асырады. Мұндай нормалар мен ережелерді әзірлеу кезінде, үкіметтер мен құқық қорғау органдары күш пен атыс қаруын қолданумен байланысты этикалық мәселелерді үнемі ескереді».

Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың қарсы күш пен атыс қаруын қолдану тәртібін анықтайтын маңызды халықаралық құжат **1979 жылғы 17 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексі**. Осы құжаттың 3 бабына сәйкес, «құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалар асқан қажеттілік жағдайында ғана, және олардың өз міндеттемелерін орындаулары үшін талап етілетін шамада ғана күш қолдана алады».

Бұл ережеде құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың күш қолдануы ерекше сипатқа ие екендігі баса айтылады, алайда онда құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың бұл жағдайларда саналы түрде қажет болып табылатын күш қолдануға уәкілдене алатындықтарын көздейді, құқықбұзушыларды немесе сезікті құқықбұзушыларды заңға сыйымды ұстау, немесе осындай ұстау кезінде көмек көрсету үшін көзделген шектен асатын күшті қолдануға болмайды.

Мемлекеттердің ұлттық заңнамасы, әдетте, құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың пропорционалдық принципіне сәйкес күш қолдануын шектейді, яғни күш қолдану қол жеткізу қажет заңды мақсатпен сәйкес келуі тиіс.

Кодекске сәйкес, атыс қаруын қолдану соңғы шара болып табылады. Атыс қаруының, әсіресе балаларға қарсы қолданылуының жолын кесу үшін қолда бар күшті салу қажет. Әдетте, атыс қаруы, сезікті құқық бұзушы қарулы қарсылық көрсеткен жағдайдан немесе басқалардың өміріне өзге жолдармен қауіп төндірген жағдайдан өзге, және ерекше сипатқа ие басқа шаралар сезікті құқықбұзушыны соттау немесе ұстау үшін жеткіліксіз болған жағдайлардан өзге ретте қолданылмауы тиіс. Атыс қарудың қолданылуының әрбір жағдайы туралы құзырлы басшылыққа дереу хабарлануы тиіс.

Семинар – 1 сағат

Жоспар

1. Полиция қызметкерлерінің күш, арнайы құралдар мен атыс қаруын қолдану процесіндегі халықаралық стандарттар.

2. Полиция қызметкерлерінің атыс қаруын, арнайы құралдар мен дене күшін қолдану принциптері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы.

3. Полиция қызметкерлерінің заңсыз күш қолдануымен бұзылатын адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары.

Практикалық сабақ – 1 сағат

1 тапсырма

Кешкі уақытта ППҚ нарядына аурухананың терапия медбикесі жүгініп, палталардың біріндегі танысына мас күйде келген бейтаныс жас жігіттің бұзықтық жасап, науқастар мен қызметкерлер құрамын балағаттап, ескертулерге назар аудармай, терезе сындырғандығын айтады.

Құқықбұзушылықты тоқтатып, жанжал шығарушыны ұстау туралы шешім қабылдаған полицейлер палатаға кіріп, аласа шкафтарды төңкеріп, науқастарды бұзақылықты доғару туралы тлаптарына балағат сөздер айтып жатқан бейтаныс адамды көреді. Полицейлердің аталған әрекеттерді доғару туралы талаптарына қарамастан, еш тоқтамаған соң, полиция сержанты Ақанов құқық бұзушыға газ балонынан газ шашады, осыдан кейін жігіт ұсталып, полиция бөлімшесіне жеткізіледі.

Клесі күні, оқиға орын алған уақытта палатада болған науқастардың туыстары полиция қызметкерлерінің іс-қимылдарына шағымданып, ПД бастығына жүгінеді. Олардың айтуынша, газ балонның қолданылуынан кейін, науқастардың жағдайы нашарлап кеткен.

Сұрақ: аталған жағдайдағы полиция нарядының іс-әрекеттерінің заңға сыйымдылығын анықтаңыз.

2 тапсырма

«Д» қаласында бетперде киген қарулы адамдар тобы балаларды мектепке таситын автобусқа шабуылдайды, бұл туралы дереу түрде барлық полиция посттарына хабарланады. Осындай посттардың бірінің жанынан өтіп бара жатып, қылмыскерлер автоматты қарудан оқ жаудырады. Полиция қызметкерлері жауапты оқ атып, нәтижесінде екі бала қаза табады. Полиция қызметкерлерінің ешбіреуі жарақат алмаған, қылмыскерлер қашып кеткен. Кейіннен балалар мінген автобус жолдың үстінде қалдырылады.

Сұрақ: Қылмыскерлермен атысқан қызметкерлерінің полиция бөлімшесінің жетекшісі бұл жағдайда қандай әрекет етуі тиіс деп ойлайсыз?

3 тапсырма

Сіздердің назарларыңызға талқылауға арналған келесідей жағдайлар ұсынылады:

1) Патрулде жүрген сержант Уалиев екі ер адамның зергерлік бұйымдар дүкенінің терезесін сындырып, көрме сөредегі зергерлік бұйымдарды ұрлап жатқанын көріп қалады. Полиция қызметкерін байқаған қылмыскерлер қылмыс орнынан қашып кетуге тырысады. Сержант Уалиев айқай салып, тоқтауды талап етеді, қылмыскерлердің соңынан жүгіріп, табельдік қаруын шығарып, ескерту белгісін беру үшін оқ атады. Қылмыскерлердің бірі тоқтап, екіншісі қашуын жалғастырады. Сонда Уәлиев қашып бара жатқан адамға оқ атып, оны өлтіреді.

2) Жұмысынан қайтып келе жатқан криминалдық полиция қызметкері Иванов қарақшылық шабуылдың куәсі болады. Тонаушы тапаншаға ұқсас затпен жас қызды қорқытып, қолындғы сөмкесін ұстап, саябаққа қарай қаша жөнеледі. Полиция қызметкері қылмыскердің соңынан жүгіріп, қаруын алып, өзінің полиция қызметкері болып табылатындығын айқайлап айтып, дереу тоқтауды талап етеді. Аспанға ескерту оғының атлығынына қарамастан,

тонаушы қашуын тоқтатпайды. Нысананы жою үшін оқ жаудырған Иванов тонаушыны қатты жаралайды.

3) «Кездесу орнын өзгертуге болмайды» атты танымал фильмнің соңғы кадрларында Горбатыйдың қылмыстық тобының берілуі, атап айтқанда Левченконың милиционерді итеріп, қашуға талпыныс жасайтын көрінісі көрсетілген. Біраз қобалжыған Жеглов нысананы жою үшін оқ жаудырады.

Сұрақ: Барлық үш жағдайда қарудың қолданылуы қаншалықты заңды, соны баяндаңыз:

а) Қазақстан Республикасының қазіргі ішкі заңнамасының, атап айтқанда «Құқыққорғау қызметі туралы» заңының көзқарасынан;

б) халықаралық құқық, атап айтқанда «Құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың күш пен атыс қаруын қолдануының негізгі принциптері» (9 принцип) көзқарасынан алғанда, үш жағдайдағы қару қолданудың қаншалықты заңға сыйымды болғандығынан түсініктеме беріңіз.

4 тапсырма

Бірқатар елдерде полиция қызметкерлерінің құқықтары мен өзге де құқыққорғау құрылымдарын атыс қаруын қолданудан кейін қорғау жөніндегі заңнамалық және өзге шаралар көзделген. Атап айтқанда, қызметкерлерге стресстен арылу үшін қысқа мерзімді демалыс беріледі. АҚШ құқыққорғау қызметкерлеріне арналған күш пен атыс қаруын қолдану жөніндегі лауазымдық нұсқаулықтарда (атап айтқанда, АҚШ Қаржы министрлігінің ішкі тергеу қызметі) жәбірленушілердің пайда болуына алып келген атыс қаруын қолданудан кейін қызметкерлердің (агенттердің) құқықтарын қорғауға арналған арнайы баптар бар.

Сұрақ: Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай ережелер бар ма? Қалай ойлайсыз, «Құқыққорғау қызметі туралы» заңда атыс қаруын қолданудан кейін полиция қызметкерлерінің құқықтарының қорғалуын көздейтін бап қандай болар еді?

КОӨЖ – 2 сағат

Жоспар

1. Тақырып бойынша глоссарий құрау.
2. Тақырып бойынша нормативтік құқықтық актілерді конспектілеу.
3. Арнайы құралдар мен атыс қаруын қолданудағы шетел тәжірибесі туралы әдебиетті зерделеу.
4. Тақырып бойынша тест тапсырмасын құрастыру:
 - 10 тапсырма – баға «қанағаттанарлық»
 - 15 тапсырма – баға «жақсы»
 - 20 тапсырма – баға «өте жақсы»

Баға қою кезінде оқытушы жасалған тест тапсырмаларының сапасын, олардың мазмұндық бөлігін бағалайды.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Сабаққа дайындалу кезінде курсанттарға әрбір полиция қызметкерінің мойнында бұл өкілеттіктердің заңдылық пен әділдік принциптерінің нақты сақталуымен жүзеге асырылуын қамтамасыз ету жөніндегі үлкен жауапкершілік жатыр екендігін ескергендері жөн.

Қоғамда, барлық анықталған және реттелетін шарттардың сақталуымен полиция қызметкерлерінің күш қолдануының абсолютті түрде заңды сипатқа ие болатындығы мойындалады. Алайда күш қолданумен байланысты осы өкілеттіктерді асыра пайдалану адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіруі мүмкін. Күш, арнайы құралдар немесе қарудың осындай заңсыз немесе шамалас емес қолданылуы өте жиі жағымсыз салдар мен тіпті адам өліміне алып келеді. Сол себепті, бұл саладағы өкілеттіктердің асыра пайдалануының алдын алу үшін тиімді қадамдар жасау қажет. Мұндай асыра пайдаланудың алдын алу, тергеу жүргізу және заңға сыйымсыз күш қолдану жағдайында жазалау – мемлекеттің міндеті.

КӨЖ – 5 сағат

1. Семинар сабағының сұрақтарын дайындау.

2. Глосарий құрау.

2. Ұсынылған халықаралық құжаттардың баптарын талдау. Құқыққорғау органдары күш, арнайы құралдар, атыс қаруын қолдану кезінде қандай негізгі принциптерді басшылыққа алулары тиіс.

7 тақырыпқа әдебиет: 7: 1-11, 16-23, 43-60, 86,89, 90-97

3 БӨЛІМ. АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨЗГЕ ДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТТЕСТІГІ

8 тақырып. Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі ІО-ның сотпен және прокуратурамен өзара іс-әрекеттестігі

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын соттық қорғау тәртібі.

2. Адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі прокурорлық қадағалау рөлі.

3. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі Ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасының сотымен және прокуратурасымен өзара іс-әрекеттестігі.

Дәріс мәтіні

Қазіргі уақытта әлемдегі көптеген мемлекеттердің алдында қауіпті сипатта етек алған ұлтшылдық, қылмыстың өсуі сияқты ерекше және көбінесе жаңа мәселелерді айқындап шешу тұр және т. с. с. Сондықтан жұртшылық мемлекеттік және әкімшілік мекемелердің жұмыс сапасы мен есеп беруіне жоғары талап қойып отыр.

Қоғамдық тәртіпті ұстануға және қылмыстары ашу мен тергеуге және көмек қажет ететіндерге қол ұшын беруге жауапты құқыққорғау органдары анағұрлым қиын мәселелермен бетпе-бет келді. Құқықтық тәртіпті қорғау органдарының осы проблемаларға көзқарасы қоғамдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін шешуші фактор болып табылады.

Мемлекет пен қоғамдағы жиі болып жатқан өзгерістердің нәтижесінде ұйымдастырушылық қатынас және әрбір жеке алынған офицердің қызметтері бойынша полиция да жиі өзгеріске ұшырайды.

Құқыққорғау органдарының жұмыстың сапасын жоғарлатуға ынталарын қарай отырып, қазіргі таңда классикалық милициялық ұйымнан, яғни өз міндеттерін кең қауымнан «жабық» орындаған түрден, «қоғамның ішінде» және «кең қауыммен ынтымақтастықта болатын» «ашық» түрге дейінгі жұмыстарының даму процесін атай кеткен жөн.

Полиция алдында тұрған міндетті орындау үшін осы заңда және Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерінде көзделген жағдайлар мен тәртіпте ТМД елдерінің, шетелдердің, халықаралық құқыққорғау органдарымен ынтымақтаса алады.

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары Үйлестіру Кеңесі туралы Ереже қылмысқа қарсы күрес бойынша құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыру, Қазақстан Республикасында заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде жедел-ізвестіру, анықтау және тергеу қызметін жүзеге асыратын құқық қорғау органдарының күшін біріктіру, үйлестіру және өзара әрекеттесу, сыбайлас жемқорлыққа, қылмысқа және басқа да қоғамға қауіпті әрекеттерге қарсы күресу мақсатына, Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Заңы 12 б., 5 тармақшасы негізінде құрастырылған. Үйлестіру Кеңесінің шешімдері ұсыныс сипатта болады және ол консультациялық — кеңесші орган болып табылады. Үйлестіру Кеңесінің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы Президентінің заңдары мен актілеріне, өзге де нормативті актілерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге асады.

Үйлестіру Кеңесінің негізгі міндеттері:

1) құқық қорғау органдарының және төменгі құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіру, құқық қорғау қызметін жақсарту бойынша ұсыныстарды өңдеу, оның құқықтық реттелуін жетілдіру;

2) қылмыс жағдайына бірігіп талдау жасау және қылмысқа және басқа да құқық бұзушылықтарға қарсы күресу стратегиясын әзірлеу, аталған жұмысқа мемлекеттік органдарды, қоғамдық ұйымдарды және бұқаралық ақпарат құралдарын тарту. Құқық қорғау органдарының жұмыс жүйесінде қылмыс жиі жасалатын аймақтардағы негізгі басымдықты анықтау, осы аймақтарда және

барлық елде ауыр және аса ауыр қылмыстарды алдын алу мен ескерту бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру;

3) аса ауыр көп таралған қылмыстық озбырлық, экономикалық қылмыстар, сыбайлас жемқорлық, есірткі айналымы, терроризм, заңсыз көші-қон, ұйымдасқан қылмыстық топтар мен бірлестіктер әрекеттері бойынша бірлескен іс-шараларды дайындау, келісу және орындау.

4) құқық қорғау органдарының азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қылмыстық қудалауда мемлекеттің мүдделерін, жасаған қылмысы үшін бұлтартпау қағидаларын қамтамасыз ету қызметтерін талдау. Қызметтің ең өзекті және негізгі бағыттар бойынша міндеттер мен әдістемелік ұсыныстар, ақпараттық хаттар жасау және беру және заң бұзушылықтарды жою;

5) қылмысқа және өзге де құқық бұзушылыққа қарсы бағытталған күрес заңнамасын қолдану тәжірибесінің біркелкілігін қалыптастыру. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған заңнамаларды жетілдіру туралы Қазақстан Республикасы Президентіне, Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсынысты жасау және енгізу.

Үйлестіру Кеңесінің құрамы:

Үйлестіру кеңесі тұрақты және уақытша делегаттыққа жіберілген өкілеттігі бар мүшелерден тұрады.

Үйлестіру Кеңесінің тұрақты мүшелері:

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры - Үйлестіру Кеңесінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің төрағасы (Қаржы полициясы);

Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрі;

Қазақстан Республикасы Әділет министрі;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Кеденді бақылау комитетінің төрағасы.

Үйлестіру Кеңесінің уақытша өкілеттігі бар мүшелері:

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі;

Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет төрағасы;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмысты — атқару жүйесі комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті шекаралық қызметінің директоры;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптау орталығының директоры.

Үйлестіру Кеңесінің уақытша делегаттыққа жіберілген өкілеттігі бар мүшелері шешім қабылдауда дауыс беруге және қарастырылатын мәселеге байланысты, төрағаның шақыруы бойынша қатысуға құзыретті.

Үйлестіру Кеңесінің отырыстарында қарастырылатын сұрақтарын ескере отырып, қажеті болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің Әкімшілігінің, мемлекеттік орталық органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің, соттар мен өзге де мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылуы мүмкін.

Құқыққорғау органдарының жұртшылықпен өзара әрекеттесуін жүзеге асырудың жеке тұрғысы — бұқаралық ақпарат құралдарымен өзаралық ынтымақтастық болып саналады.

Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңының 2-бабына сәйкес сөз шығармашылық бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін баспа арқылы және өзге де нысанда білдіруге, ақпараттарды заңда тыйым салынбаған кез келген әдіспен алуға және таратуға Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.

Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматты оның құқығы мен мүддесіне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Сұралып отырған мәліметтерді беруден бас тартылуға бұқаралық ақпарат құралының өкілі мемлекеттік басқару органдары мен лауазымды адамдардың азаматтар құқығына қысым жасайтын заңсыз әрекеттеріне шағым жасауға арналған заңда көзделген тәтіппен жоғары тұрған органға немесе лауазымды адамға, ал одан соң сотқа шағым жасауы мүмкін.

Сонымен, кез келген қоғамда ішкі істер органдарының қызметін орындау — ең күрделі және қиын міндеттердің бірі. Құқыққорғау органдарының қызметінің тиімділігі қоғамдық қолдаусыз және олардың халықпен тығыз өзара әрекетінсіз мүмкін емес.

Тәжірибеге сүйенетін болсақ, ең көп таралған фактілер болып атқарушы орган билігіндегі құзыретті тұлғалар азаматтарға конституциялық құқық пен бостандықтарды қамтамасыз ете алмайтындығы. Оның бір себебі болып, бір топ мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық жағынан біліктілігінің төмендегіде. Мемлекеттік органдар, ең алдымен атқарушы органдар қазіргі таңда азаматтарға конституциялық құқық пен бостандықтың бір қатарын қамтамасыз ете алмайды. Мысалы, еңбек шартында әрбір жұмысшының құқығы қамтамасыз етілмеген, қауіпсіздік және тазалық талаптары, жұмыссыздардың қандай да бір әлеуметтік жағдайының болмауы. (ҚР Конституциясы 24-бап 2-тармақ). Әртүрлі меншікті мекемелер мен кәсіпорындарда әсіресе өтпелі кезеңнен 1 жылдарында, жалақы кешіге беріледі, демалысқа деген азаматтардың құқықтары қамтамасыз етілмеген. Адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот жүзінде қорғау. Сот — азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру мен қорғаудағы ең көп әрекет ететін нысан. Сот билігін тағайындау- қылмыспен күрес емес, керісінше азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып

табылады. Қазақстан Республикасы құқықтық және демократиялық мемлекет талаптарына сай бола алатындай сот жүйесін қалыптастыруға талпынуда. ҚР-да өткен сот реформасы сот билігінің бекітілуіне негізделген. Билік бөлудің конституциялық жағдайында азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауда сот органдарының рөлі өсуде. ҚР Конституциясы сот билігінің Конституциялық негізін бекітті. ҚР Сот билігі ҚР халықаралық келісім шарттары, заңдар, басқа да нормативті актілер және конституциялық негізде туындаған барлық мәселелер мен дауларды қарастырды. Сот билігі мемлекет билігінің бір тармағы ретінде сот төрелігін жүзеге асырады. Заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде туындаған мәселелерді қарастыруға бағытталған. Сотпен адам құқықтары мен бостандықтарын ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдардың, мекемеледің, кәсіпорындардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды. ҚР Конституциясының 75-бабына сәйкес Қазақстанда сот төрелігі тек сотпен жүзеге асады. Егер сот қарастыру барысында қолданылатын заң немесе нормативті акт Конституциямен бекітілген құқық пен бостандыққа қайшы келген жағдайда, сот ол жұмыс өндірісін тоқтатып, Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.

Семинар – 1 сағат

Жоспар

1. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын соттық қорғау тәртібі.
2. Адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі прокурорлық қадағалау рөлі.
3. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі ПО Қазақстан Республикасы соттарының өзара іс-әрекеттестігі.

Практикалық сабақ – 1 сағат

Жоспар

Сабақ «**Интеллектуальдық марафон**» әдістемесі түрінде жүргізіледі.

Топ бірнеше топтарға бөлінеді (аудиторияның отырысына байланысты, мүмкіндігінше қатар бойынша).

Ойын ережесі: әр топтан (қатардан) курсанттар қарастырылатын сұрақтар шеңберінде сабақ тақырыбы бойынша кезекпен жауап береді:

1. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын соттық қорғау тәртібі.
2. Адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі прокурорлық қадағалау рөлі.
3. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі ПО Қазақстан Республикасы соттарының өзара іс-әрекеттестігі.

Жауаптар дереу айтылуы қажет, жауапқа ойлануға болмайды. Сөзу, қайталау, қисынсыз жауап минус бір балл ретінде бағаланады.

Оқытушы қосымша сұрақтар қоя алады, жоғарлатылған «баға» (үш және одан да көп балл).

Әр команда балл жинайды. Қорытынды шығару жиналған баллдардың сомасына байланысты жүргізіледі. Ойын 35-40 минут ішінде өтеді.

Ойын аяқталған соң оқытушы қорытынды жүргізеді. Баға қояды.

КООЖ – 1 сағат

Жоспар

1. Әдебиетті зерделеу, қажетіне қарай конспектілеу.
2. Тақырып бойынша глоссарий әзірлеу.
3. Топтың бір бөлігіне (50 % курсанттарға) полиция қызметкерінің адамның құқықтары мен бостандықтарын бұзғандығы жөнінде прокуратураға жеке өтініш беруді (шағымдануды) дербес дайындауға тапсырма беріледі.

4. Басқа топқа (50 % курсанттарға) полиция бөлімінде адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтары бұзылғандығына прокурордың ұсынымын дербес дайындауға тапсырма беріледі.

Тапсырма жазбаша орындалады.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Курсанттар адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың заңды механизмінің жүйесін білуі қажет. Қазақстан Республикасының Президенті адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретінде. Қазақстан Республикасының азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын сақтауда Конституциялық Кеңестің рөлі.

Қазақстан Республикасының сот жүйесі, міндеттері, қызметінің принциптері. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын соттық қорғау тәртібі. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын соттық қорғау тәртібінің құқықтық және процессуалдық негіздері.

Адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі прокурорлық қадағалау рөлі. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен прокуратура органдарының өзара іс-әрекеттестігі.

КӨЖ – 4 сағат

1. Семинар сабақтарының сұрақтарын дайындау.
2. Конспектілеу:
 - «Сот жүйесі және соттардың мәртебесі туралы» конституциялық заң.
 - «Прокуратура туралы» заң.
3. Өткен тақырыптар бойынша тестілеуге дайын болу.

8 тақырыпқа әдебиет: 4, 18, 38, 41, 43-60, 71, 78, 79, 82, 90-97

9-тақырып. Қазақстан Республикасындағы халықаралық және ұлттық құқық қорғайтын мекемелер мен ұйымдар

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. Халықаралық құқық қорғайтын ұйымдар және олардың Қазақстан Республикасы аумағындағы қызметінің құқықтық негіздері.
2. Ұлттық құқық қорғайтын ұйымдар: жүйесі, қызметінің бағыттары.
3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының құқық қорғайтын ұйымдармен (халықаралық және ұлттық) өзара іс-әрекеттестігі.

Дәріс мәтіні

Қазақстан Республикасында ұлттық құқық қорғау жүйесін бекітуінің табан тіреген қажеттілігі омбудсмен институтын құру. Заңи энциклопедияда келесі анықтама бар: «омбудсмен — адам құқықтары мен мемлекеттік органдардың әрекеттерін қадағалайтын, мемлекетте қатарындағы Парламенттің арнайы құзыретті тұлғасы ретінде». Халықаралық заңгерлердің ассоциациясында «омбудсмен» термині осылай анықталады:

Оған мемлекеттік органдардан зардап шеккен тұлғалардан, қызметкерлерден, жалға алушылардан арыздар түседі, сонымен қатар өз бастамасымен тергеу жүргізе алады, өз баяндамаларын ұсына алатын және заңшығару билігінің алдында жауап беретін институт.

Адам құқықтарын қорғау жөніндегі Уәкілдің құқыққорғаушылық қызметін, біріншіден азаматтардың арыздарын қарастыру, екіншіден осы саладағы мәселелерді жүйелі түрде шешу құрайды. Азаматтарды қабылдап, олардың арыз-шағымдарын қарастыру — болмыстағы барлық мәселелерге көңіл аударып, олардың себептерін анықтауға, мемлекеттік билік органдарымен бірлесе нормативті-құқықтық актілер мен құқыққолданушылық тәжірибені жетілдіру бойынша шаралар қолдануға мүмкіндік береді. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі Уәкіл қызметіндегі эксперттік-аналитикалық жұмыстар, атап айтатын болсақ, нормативтік-құқықтық актілер мен ведомствалық құжаттарды талдау, адам құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудағы өткір мәселелерді жүйелеу және эксперттік қорытындылар шығару маңызды орын алады. Мұндай қызметті, құрамында тәжірибелі заңгерлер, ғалымдар, адвокаттар, мемлекеттік (өкіметтік) емес құқық қорғау ұйымдарының өкілдері бар эксперттік және консультативтік Кеңестер жүзеге асырады. Эксперттік кеңеспен 2003 жылы ондаған нормативті-құқықтық актілер мен заң жобалары, оның ішінде, Жер кодексі және «Жаппай саяси репрессия құрбандарын реабилитациялау туралы» заңның конституциялық адам құқықтары мен бостандықтарына сәйкестігі талданды. Осындай талдаулардың нәтижесі бойынша, «Экстремистік әрекетке қарсы күрес туралы» заң жобасына теріс баға берілді. Омбудсмен осы заң жобасындағы негізгі олқылық ретінде прокурор санкциясынсыз азаматтардың телефондық сөйлесулерін тыңдауға арнайы қызметшілердің сұрау салу құқығын көрсетіп, дәлелдерін Парламент пен заң жобасын жасаушыларға жолдады. Азаматтардың арыздарын талдау әлеуметтік жағдайы төмен санаттарға жататын топтардың құқықтарын қорғауда бес бағытты анықтауға мүмкіндік берді: балалар, әйелдер, зейнеткерлер мен мүгедектер, тұтқындағылар және пенитенциарлық мекемелердегі адамдар. Жоғарыда көрсетілген эксперттік-аналитикалық талдау нәтижелері, олардың

тиісті мемлекеттік органдарға хабарлануы, елімізде әлеуметтік шиеленістердің алдын алып, құқыққорғаушылық мәселелердің шешілу жолдарын үйлестіруге жағдай жасайды. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі Уәкіл институтының құрылу жолында үлкен ақпараттық, техникалық және қаржылай көмекті халықаралық ұйымдар көрсеткенін атап өту керек (ЮНИФЕМ, ЮНИСЕФ), алайда мұндай құқық қорғау органын негізгі қаржыландырушы мемлекет болғаны жөн. Ал, қаржыландырудың қалдықты тәсілі Уәкілдің Қазақстанның бүкіл аумағында құқыққорғаушылық қызметін жүйелі түрде жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Қазақстандық тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік қызметшілердің көпшілігі адам құқықтарын қорғау жөніндегі Уәкіл міндетін жете түсінбейді. Атқарушы билік өкілдерінің әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне байланысты түскен шағымдар, құқықтық мемлекеттердегі адам құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы қағидаты — мемлекеттік органдар қызметінде жетекші бола қоймағанын көрсетті. Уәкіл мәлімдемесіне сүйенсек, мемлекеттік қызметшілердің халықпен жұмыс жасауда бюрократиялық (төрешілдік) амалды қолдануы, олардың өз қызметін жете білмеушілік пен кәсіби даярлығының төмендігінен. Өкілетті тұлғалар тарапынан адам құқықтары мен қажеттіліктеріне деген ынтасыздық (елемеушілік) мемлекеттік басқару қызметінің тиімділігін төмендетіп, беделін түсіреді, сондай-ақ құқықтық нигилизмді тудырады. Өкінішке орай, адам құқықтары мемлекеттік қызмет сапасы көрсеткішіне әлі айналған жоқ, ұлттық заңдылықта мемлекеттік қызметшінің құқыққорғаушылық қызметін орындамағаны үшін жауапкершілікке тарту көзделмеген. Осыған байланысты, адам құқықтарын қорғау жөніндегі Уәкіл және адам құқықтары бойынша Ұлттық Орталық шұғыл шаралардың бірі ретінде мемлекеттік қызметшілерді адам құқықтарының теориясы, оларды қорғау механизмі туралы ақпараттандыру мен оқыту және мемлекеттік қызметшілердің жұмыстарына талдау мен мониторинг жүргізуді ұсынады.

Семинар – 1 сағат

Жоспар

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының халықаралық құқық қорғайтын ұйымдармен өзара іс-әрекеттестігі.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының ұлттық құқық қорғайтын ұйымдармен өзара іс-әрекеттестігі.

Практикалық сабақ – 1 сағат

Жоспар

Сабақ «Ақпараттандыру» әдістемесі бойынша жүргізіледі.

Сабақта курсанттарға өткен жылғы полиция қызметінің қорытындысын шығаруға арналған «пресс-конференцияға» дайындалуға тапсырма беріледі.

Оқытушы курсанттардың арасында рөлді бөледі:

- ПД басшысы;
 - ПД пресс-хатшысы;
 - журналистер (5 адам), мемлекеттік және мемлекеттік емес баспа атынан;
- Жүргізуші (комментатор).

ІД бастығы мен пресс-хатшы рөліндегі сөз сөйлейтін курсанттарға бағынышты органның қызметі туралы пресс-релиз дайындауға тапсырма беріледі (пресс-релиз дайындау кезінде ресми қайнар көздерді, статистиканы, тәжірибеден мысалдар қолдануға болады). Пресс-релиз дайындау кезінде ішкі істер органдарының қызметіндегі адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауға көңіл аудару қажет.

Журналистер рөлінде сөз сөйлейтін курсанттарға ақпаратқа сұрақтар дайындауға тапсырма беріледі, оның ішінде олар адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қатысты болуы керек.

Сабақ «Пресс-конференция» іскерлік ойын түрінде өткізіледі.

Комментатор рөліндегі курсант ойын барысын қадағалайды. Пресс-конференция аяқталған соң комментатор оң және теріс жақтарын белгілей отырып, ойынға талдау жасайды.

Соңында оқытушы қорытынды жасайды.

КОӨЖ – 1 сағта

Жоспар

1. Әдебиетті зерделеу және конспектілеу, нормативтік құқықтық актілер.
2. Тақырып бойынша глоссарий құрау.
3. Кесте құрау

№	Қазақстан Республикасында тіркелген халықаралық құқық қорғайтын ұйымдар	Ішкі істер органдарымен өзара іс-әрекеттестігінің бағыты.

4. Кесте құрау

№	Қазақстан Республикасының ұлттық құқық қорғайтын ұйымдары	Ішкі істер органдарымен өзара іс-әрекеттестігінің бағыты.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Семинар сабағына дайындық кезінде курсанттар – үкіметтік емес құқық қорғайтын органдарды білулері қажет. Халықаралық Хельсинск тобы. Халықаралық "Мемориал" тарихи-ағартушылық, қайырымдылық және құқыққорғау қоғамы. "Халықаралық Амнистия". Адам құқықтарының халықаралық қоғамы. "Human Rights Watch" (адам құқықтарын әлем бойынша қорғау). "Street Law, Ins." (Еуропа, Азия, Африка, Латын Америкасы түрлі елдерінің ішіндегі оқу құқықтық бағдарламаларын өңдеушілердің ресурстық кеңесші орталық арнасы; құқықтық білім беру жөніндегі оқу әдебиеттік басылым). "Врачи без границ". "Гринпис". Басқа да халықаралық үкіметтік емес ұйымдар, олардың тіршілік ету қайнар көздері.

Халықаралық құқық қорғайтын ұйымдар, олардың Қазақстан Республикасы аумағындағы қызметі, құқықтық негіздері, құқықтық механизмдері. Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Қазақстан

Республикасының аумағында тіркелген халықаралық құқық қорғайтын ұйымдармен өзара іс-әрекеттестігі.

Ұлттық құқық қорғайтын ұйымдар. Адам құқығы бойынша уәкіл. Адам құқығы бойынша комиссия. ҚР ІІО ұлттық құқық қорғайтын органдармен өзара іс-әрекеттестігінің құқықтық негіздері және құқықтық механизмдері.

КӨЖ – 4 сағат

1. Семинар сабақтарының сұрақтарын дайындау.
2. Өткен тақырыптар бойынша тестілеуге дайын болу.
3. Тақырып бойынша реферат әзірлеу:
 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының халықаралық құқық қорғайтын ұйымдармен өзара іс-әрекеттестігі .

9 тақырыпқа әдебиет: 4, 18, 38, 41, 43-60, 71, 78, 79, 82, 90-97

10 тақырып. Полиция мен қоғамның өзара іс-әрекеттестігі

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. Ішкі істер органдары мен қоғамның өзара іс-әрекеттестігінің құқықтық негіздері.
2. Адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау жағынан ҚР ІІО қызметінің тиімділігін бағалау өлшемі.

Дәріс мәтіні

Азаматтық қоғам - бұл әлеуметтік, мәдени, рухани салалар тіршілігінің қамтамасыз етілу жүйесі, олардың өсіп-өніп ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы, жекелеген индивидтер мен ұжымдардың мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыру, олардың дербес өсуіне жағдай жасауға арналған (дербес мемлекеттен тәуелсіз) қоғамдық институттар мен қатынастар жүйесі.

Азаматтық қоғамның элементтері: кәсіподақтар; саяси партиялар; қоғамдық бірлестіктер; бұқаралық ақпарат құралдары; шығармашылық ассоциациялар; діни бірлестіктер; тәрбие саласы; білім саласы; ғылым және мәдениет саласы; жанұя.

Азаматтық қоғамның белгілері: адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын барынша толық қамтамасыз ету; өзін-өзі басқару; оның құрылымдарының және адамдардың әртүрлі топтарының бәсекелестігі; еркін қалыптасатын қоғамдық пікірлер мен плюрализм; адамның ақпарат алу құқығының нақты іске асуы; көп салалы экономика; биліктің заңды және демократиялық сипаты; адамдардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін мемлекеттің күшті әлеуметтік саясаты және т. б.

Демократия құқықтық тәртіпті қолдау жөнінде қызмет үшін маңызы бар — заңның үстемдігі және адам құқықтарын мадақтау мен қорғау секілді әрқашанда екі иедалмен байланысты болады.

Мәнісі бойынша бұл иедалдар өзара байланысқан, себебі адам құқықтарын қорғаудың қолайлы жолы тиімді демократиялық процесстер мен заңның үстемдігі болып саналады, тиісінше, адам құқықтары жөніндегі құжаттарда құқықтар мен бостандықтар бекітіледі, оларды қорғау және сақтау аса маңызды. Демократиялық, құқықтық мемлекет әділеттілікті, ізгілікті, сонымен бірге жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған, ал оның қалыптасуы мемлекеттің азаматтың алдында, және азаматтың мемлекеттің алдында жауаптылығымен, заңның беделін жоғарлатумен және оны барлық мемлекеттік органдармен қатаң сақтауымен байланысты болады.

Заңдылық пен құқықтық тәртіптің қалпынан жеке тұлғаның бостандық дәрежесі байланысты болады, тиісінше, демократияның деңгейі мен нақтылығы. Қоғамдағы тәртіпті ұстану полицияның маңызды функцияларының бірі болып табылады.

Демократиялық қоғамдағы құқықтық тәртіпті қолдау бойынша тәжірибенің қажетті тұрғысы «жүзеге асудың демократиялық сипаты» болып табылады. Бұл маңызды тұжырымдама, өйткені құқықтық тәртіпті қолдау қызметі мемлекетті басқарудың бірден бір құралы болып табылады.

Құқықтық тәртіпті қорғау органдарының әрбір қызметкері осы негізгі принциптерге сүйенулері қажет:

- адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;
- қылмыспен ымырасыз күресу;
- қоғамдық тәртіпті қорғау, әділеттілікті және заңдылықты сақтау;
- халыққа қызмет ету, халық үшін және халық мүддесіне қызмет ету.

Соңғы көрсетілген принциптен шыға отыра, құқықтық тәртіпті демократиялық ұстану талаптарының бірі болып — құқыққорғау органдарының қызмет ететін қоғамына есеп беруі болып табылады.

Қоғамның көпшілік бұқара топтарына арқа сүйемей қандай да бір демократиялық мемлекетте заңдылықтың және әділдіктің жеңісін орнату мүмкін емес. Қазіргі полиция билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқарудың, халықтың ерікті жасақтарының, жастардың жедел отрядтарының, штаттан тыс қоғамдық қызметкерлердің және жалпы жұртшылықтың сенімін және қолдауын қажет етеді.

1979 жылғы 17 желтоқсандағы Құқықтық тәртіпті қолдау бойынша лауазымды тұлғалардың мінез-құлқы кодексінің преамбуласындағы а) және d) тармақшаларында көзделген принциптерге сәйкес,

- қылмыстық сотәділдігі жүйесінің барлық басқа мекемелері сияқты, әрбір құқықтық тәртіпті қорғау органы жалпы қоғамның мүддесінен шығуы қажет және оның алдында жауапты не есепті болуы керек;

- әрбір құқықтық тәртіпті қорғау органынан көрсетілген құжатта баяндалған принциптер мен нормаларға толықтай сәйкес, өзін-өзі бақылауды жүзеге асуын талап ету қажет. Сонымен қатар, кеңеспен, министрлікпен, прокуратурамен, сотпен, омбудсменмен, азаматтар комитетімен немесе кез келген бақылау бойынша басқа органмен жүзеге асырылуы мүмкін жұртшылық

тараптары жағынан, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша лауазымды тұлғалардың әрекеттері тиянақты түрде тексерілуі қажет.

Қазіргі таңда дүние жүзі бойынша полицейлік департаменттердің басым көпшілігі жұртшылықпен өзара іс-әрекеттестікте 2 көзқарасты ұстанады:

1. Құқықтық тәртіпті қорғау органдары мен азаматтардың арасындағы қоғамдық мәселенің кең шеңберін шешуге бағытталған байланыстың зор жүйесін орнату (қылмыстың деңгейінің төмендеуіне алып келеді).

2. Құқыққорғау қызметінің нақты мәселесін шешуге азаматтарды тарта отырып бағытталған, құқыққорғау органдарының жұртшылықпен өзара іс-әрекеттестік мәселесіне шағын көзқарас.

Бірінші және екінші көзқарасты іске асыру кезіндегі бағыт-бағдар:

- құқықтық тәртіпті қорғау органдары жұртшылықпен өзара іс-әрекеттестік орнатуға бастамашылық жасауы қажет, өйткені құқыққорғау қызметі құқықбұзушылық жасауға апаратын себептерді, адамдарды жақсы білуі қажет, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік мәселесі негізінде құрылады;

- халықпен жұмысты ұйымдастыра отырып, полицейлік департаменттер қоғамның қандай таптарымен және қандай бағытта құқыққорғау органдарымен жұмыс істеуге дайын екендіктерін білулері қажет және де оған құқықтық тәртіпті қорғау органдарының өздері дайынба;

- құқықтық тәртіпті қорғау органдарына мемлекетпен кең өкілеттік берілгенін ескере отырып, олардың әрекеттеріне қоғамдық бақылау туралы мәселе өте өзекті тұр, әсіресе ұстау, қамауға алу, тінту секілді мәселелер;

- қызметтік міндетті орындау барысында құқықтық тәртіпті қорғау органдарының қызметкеріне жиі жиі жеке сезімді елемеушілік, құштарлық, жан толғанысына бару керек. Себебі азаматтармен табысты ынтымақтасу үшін ол тиісті кәсіптілік пен тәжірибиелікке ие болу керек.

Осыған орай, құқықтық тәртіпті қорғау органдарының құрылымы өздері қызмет ететін қоғамның барлық тобына жеткілікті дәрежеде әсер беруі қажет. Сонымен, құқыққорғау органдарында тиісінше әділетті және кемсітушіліксіз кадрлық саясат жүргізілуі қажет. Осы топтың мүшелері жұмыс атқаратын мекемелерінде қызметтерін жоғарлатуға бағытталулары қажет.

Полицияның қызметін жауапты жүзеге асыру қызметкерлерден қоғамның тұтынуларын білу және оларға зейін қоя білулерін талап етеді.

Құқыққорғау органдарының қызметіне қатысты қоғамның үміті мен тұтынуы сипатталады:

- қылмыстың алдын алу және тергеу;

- қоғамдық тәртіпті ұстану.

Құқыққорғау органдарының әрбір басшысы қоғамның үміті мен тұтынуын түсінуге, кәсіби тәжірибені қолдануға және осының барлығын құқықтық тәртіпті ұстану бойынша қызметті жоспарлау кезінде ескеруге міндетті.

Полиция қызметінің есеп беруінің басқа тұрғысы бұл құқықтық тәртіпті қолдау бойынша қоғамның лауазымды тұлғалардың әрекетін бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін талап ету болып табылады.

Полиция қызметін жүзеге асырудағы есепберушілік негізінде үш бағытта қамтамасыз етіледі:

- заңнама саласында, себебі заңның үстемдігі бар мемлекетте барлық азаматтар, мекемелер және ұйымдар, сондай-ақ полиция органдары заң алдында жауапкершілік артады;

- саяси салада, себебі полиция қызмет жасайтын қоғамға, мемлекеттің демократиялық, саяси институттары арқылы есепті болады. Осыған орай, құқықтық тәртіпті қолдау аясындағы олардың саясаты мен тәжірибесі қоғам тарапынан қатаң бақылауда болады;

- экономикалық салада, себебі полиция органдарына бөлінген құралдар қалай қолданылатынына есеп береді. Бұл құқықтық тәртіпті қорғау бойынша басшылыққа, басқармаға және әкімшілікке демократиялық бақылаудың қосымша түрі болып табылады.

Сонымен қатар тікелей жергілікті деңгейде де есеп беру нысандары болуы мүмкін, оның ішінде есептер:

- полицияның учаскелік инспекторларының;

- белгілі бір уақыт ішінде атқарылған жұмыс туралы ішкі істер органдарының басшыларының;

- полиция қызметкерлерінің халықпен кездесуі және басқалар.

Есеп берудің осындай түрі құралдың бір түрі болып саналады, ол арқылы полиция азаматтардың мұқтаждықтары туралы біле алады және дер уақытта оларға зейін қоя алады.

Семинар – 1 сағат

Жоспар

1. Ішкі істер органдары мен қоғамның өзара іс-әрекеттестігінің құқықтық негіздері.

2. Адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау жағынан ҚР ІІО қызметінің тиімділігін бағалау өлшемі.

Практикалық сабақ – 1 сағат

Жоспар

Сабақ «Ақпараттандыру» әдістемесі бойынша жүргізіледі.

Сабақта курсанттарға өткен жылғы полиция қызметінің қорытындысын шығаруға арналған «пресс-конференцияға» дайындалуға тапсырма беріледі.

Оқытушы курсанттардың арасында рөлді бөледі:

- ІІД басшысы;

- ІІД пресс-хатшысы;

- журналистер (5 адам), мемлекеттік және мемлекеттік емес баспа атынан;

Жүргізуші (комментатор).

ІІД бастығы мен пресс-хатшы рөліндегі сөз сөйлейтін курсанттарға бағынышты органның қызметі туралы пресс-релиз дайындауға тапсырма беріледі (пресс-релиз дайындау кезінде ресми қайнар көздерді, статистиканы, тәжірибеден мысалдар қолдануға болады). Пресс-релиз дайындау кезінде ішкі

істер органдарының қызметіндегі адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауға көңіл аудару қажет.

Журналистер рөлінде сөз сөйлейтін курсанттарға ақпаратқа сұрақтар дайындауға тапсырма беріледі, оның ішінде олар адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қатысты болуы керек.

Сабақ «Пресс-конференция» іскерлік ойын түрінде өткізіледі.

Комментатор рөліндегі курсант ойын барысын қадағалайды. Пресс-конференция аяқталған соң комментатор оң және теріс жақтарын белгілей отырып, ойынға талдау жасайды.

Соңында оқытушы қорытынды жасайды.

КОӨЖ – 1 сағат

Жоспар

1. Кестені зерделеп шығу, нормативтік құқықтық актілерді қолдана отырып, кестенің төртінші таяқшасын толтыру қажет.

Құқыққорғау органдарының қызметінің дәстүрлі әдісімен және полиция қызметін ұйымдастыруға жұртшылықпен тығыз ынтымақтастықта негізделген жаңа көзқарастың айырмашылығы

Сұрақтар	Құқыққорғау органдарының дәстүрлі қызметі	Құқыққорғау органдарының қызметін ұйымдастырудың жаңа көзқарасы
Құқыққорғау органдары нені білдіреді (полиция)?	Негізінде құқыққолдануға жауапты мемлекеттік ұйым	Қоғамның мүддесін көздейтін және онымен серіктестік негізде әрекет жасайтын ұйым
Полицияның басқа қызметтермен байланысы қандай?	Дұрысында бұл қызметтер арасындағы жеке қақтығыстар	Өмірдің сапасының жақсаруы үшін жауапты көптеген қызметтердің бірі
Қазіргі полицияның рөлі қандай?	Қылмыстарды тергеу қақтығыстарын шешумен айналысады	Әлеуметтік мәселелерді шешудің аса кең ауқымы, оның ішінде криминогендік
Құқықтық тәртіпті қорғау органдарының тиімділігі қалай бағаланады?	Ашылған қылмыстардың, тергеу және қамауға алудың саны бойынша	Қылмыс пен тәртіпсіздіктің болмауы
Құқықтық тәртіпті қорғау органдарының (полицияның) жұмысының басымдылығы неде?	Ірі және ауыр қылмыстар, аса қаталдықпен жасалған қылмыстар	Қоғамды алаңдататын кез келген мәселелер

Құқықтық тәртіпті қорғау органдарының (полицияның) жұмысының тиімділігіне не әсер етеді?	Шақыртуларға әсер ету саны	Қоғам тарапынан ынтымақтастық
Полиция немен жұмыс істейді?	Қақтығыстар, жасалған қылмыстар	Қоғамның мәселесі және қамы
Полицияның кәсіпқойлығы немен сипатталады?	Ерекше қылмыстарға жылдам, тиімді әсер ету	Адамдардың қасында болу
Полицейлік қызметтің табиғаты қандай?	Күшті орталықтандырылған, ережелермен, нұсқаумен реттеледі, заңға бағынышты	Қоғамның мұқтаждығына байланысты жұмыс жасау

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Курсанттар семинар сабағына дайындық кезінде жеке тұлғаның, азаматтық қоғамның және құқықтық мемлекеттің ұғымын білуі қажет. Азамат пен биліктің өзара іс-әрекеттестігі. Мемлекет пен адам құқығы. Мемлекет адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретінде. Мемлекет олардың бұзушысы ретінде.

Құқықтық мемлекеттің белгілері. Заңның үстемдігі. Халықтың құқықтық мәдениеті. Азаматтық қоғам: гуманизм, экономикалық бостандық, қоғамдық-саяси институттардың бостандығы, отбасының басымдығы.

Полиция мен қоғамның өзара іс-әрекеттестігінің құқықтық негіздері. Құқықтық тәртіпті қорғау органдарының халықпен өзара-іс әрекеттестік және жұртшылық алдында жауапкершілік принципі негізіндегі қызметі. Мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, БАҚ, жекелеген азаматтардың құқықтық тәртіпті қорғау органдарымен өзара-іс әрекеттестігі.

Қазақстан Республикасының ПО қоғамдық тиімділік жағынан профилактикалық қызметі. ПО және оқу орындары, ПО және отбасы.

Адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау жағынан ҚР ПО қызметінің тиімділігін бағалау өлшемі.

КӨЖ – 4 сағат

1. Семинар сабақтарының сұрақтарын дайындау.
2. Қазақстан Республикасының ПО-ның қызметінің тиімділігін бағалау өлшемі бойынша ұсыныстар әзірлеу.
3. «Қазақстан Республикасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша ПО мен қоғамның өзара іс-әрекеттестігінің мәселелері» тақырыбында реферат әзірлеу.

10 тақырыпқа әдебиет: 4, 18, 38, 41, 43-60, 71, 78, 79, 82, 90-97

3.10 Пәнді зерделеу бойынша әдістемелік ұсыныстар

«ІО қызметіндегі адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету» оқу курсы құқыққорғау органдары жүйесіндегі жоғары оқу орындарында басқа заң жоғары оқу орындарына қарағанда бірқатар ерекшеліктері бар. Бұл заңдылықты сақтау, қоғамдық тәртіпті нығайту, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде ішкі істер органдарының қызметіне байланысты арнайы зерделеу қажеттілігімен және Қазақстан Республикасының арнайы жоғары оқу орнын аяқтаған тұлғалар үшін олардың тәжірибелік қызметіне үлкен маңызға ие екендігімен айғақталады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында Қазақстан мемлекеті өзін құқықтық мемлекет деп жариялайды, яғни бұл ереже бағдарламалық сипаттағы элементтен тұрады. Сондай-ақ біз шынында құқықтық мемлекет құру жолындамыз.

Құқықтық мемлекеттің ерекше бір түрі – адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі, олардың нақтылығы және қорғаудың тиімді механизмі. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының жүзеге асқан адам құқықтары туралы идеялары бос орында қалған жоқ. Бізге дейін жеткен құқық ескерткіштерді әлемдік қауымдастықтың адамның құқықтары мен бостандықтарын әлдеқашаннан олардың ішіндегі маңыздыларын халықаралық-құқықтық актілерде және тиісті ұлттық құжаттамаларда бекіте отыра, көңіл аударғаны куәландырады. Әр дәуірдің алдыңғы қатарлы ойшылдары адам құқықтары мен бостандықтарына байланысты теориялық мәселелерді зерделеді, әрине бұл өз кезегінде осы актілерде көрініс тапты. Адам және оның құқықтары мен бостандықтары туралы аталмыш идеялар Қазақстан Республикасының Конституциясына лезде көшірілген жоқ. Қазіргі Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарының алдыңғы қатарлы және жалпы қамтылған жүйесі бекілуінің және дамуының өзіндік ішкі алғышарттары болды.

Қазақстанда адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі белгілі бір жетістікке жетуіне қарамастан (объективті қадағалаушылардың пікірі осындай) әлеуметтік салада, яғни адамның құқығын қылмыстық озбырлық жасаудан, шенеуніктік бюрократизмнен қорғауда әлі көптеген кемшіліктер мен мәселелер қалып отыр. Осы мәселелердің шешілімі алдағы жылы мемлекеттік органдардың қызметіне маңызды бағытты құрайды.

«ІО қызметіндегі адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету» пәнін зерделеу объектісі – Қазақстан Республикасының ІО қызметіндегі адамның құқықтары мен бостандықтарын конституциялық қорғау саласында құқықтық реттеуге жататын қоғамдық қатынастар аясы.

Аталған пәнді зерделеу әдістемелігі болып табылады: диалектикалық, формалды-логикалық, құқықтық қатынастарды, адам құқығы институтының қалыптасу тарихын, құқықтық нормалар мен институттарды тарихи және салыстырмалы зерттеу әдістері, демократиялық, құқықтық мемлекеттілік қалыптасу жағдайындағы заңнаманы жетілдірудің негізгі тенденцияларын зерттеу әдістері. Сондай-ақ диалектикалық әдіс тыңдаушыларға Қазақстан

Республикасының құқық қорғау органдарының жүйесін реформалауға бағытталған қоғамдағы саяси, әлеуметтік және өзге де үрдістермен өзара байланыста, қозғалыста құқықтық құбылыстар мен санаттарды қарастыруға көмектеседі. Формалды-логикалық әдіс негізінде құқықтық болмыс оны жекеден жалпыға, жалпыдан жалғыз-жарымға зерттеу жолымен танылады. Тарихи әдіс арқылы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары саласындағы алдыңғы қатарлы идеялары мен жетістіктерінің тарихи дамуы және даму үрдісі талданады. Зерделеудің маңызды әдісі Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттерінің құқықтық институттарын салыстырмалы талдаумен айқындалатын салыстырмалы әдіс болып табылады.

Қазақстан Республикасының заң ғылымы алдыңғы қатарлы рөл атқарады және басқа қоғамдық пен заң ғылымдарының арасында негіз болатын орын алады. Заң ғылымының затына құқықтық мемлекет құрудағы қазақстандық үлгі, оның ішінде жоғарғы құндылығы адам, оның өмірі, құқықтары және бостандықтарының теориялық-әдістемелік мәселелері және Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасының ІО құқық қолдану қызметін жетілдірудің негізгі тенденциялары мен заңдылықтары жатады. Аталған пәнді оқыту кафедраның ғылыми зерттеу тақырыптарымен үйлеседі, оның ішінде «Мемлекеттік органдардың қызметіндегі адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету» және «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-әрекеттестігі».

Адам құқықтары мен бостандықтары басымдылығының конституциялық принципі Қазақстан Республикасының заңшығарушылық актілерінде заңды көрініс табады және де құқықтық мемлекет құру жағдайында мемлекеттік органдардың қызметінде, әсіресе құқық қорғау органдарының құқық қолдану қызметінде адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғауға бағытталған құқықтық механизмдерді өңдеу аса маңызды орын алуда.

Пән бойынша өзіндік жұмыс түрлерінің тізімі және мазмұны:

1. (Skit) жүгірте оқып шығу – оқыту бағдарламасына сай бірлескен материалды оқып шығу.

2. (Review) тақырып бойынша шолуды дайындау – баспадан және Интернеттің ақпараттық ресурстарынан қосымша материалдарды тарта отырып, ұсынылған тәртіп бойынша 1-2 бетте қысқаша әдебиеттік шолуды жазбаша жазу.

3. Глоссарий құру – латыннан орыс тіліне терминдерді қысқаша түсіндіру.

4. Нақты оқу жағдайлары – курсанттарға өздерінің мәселелерге сұрақтары мен көзқарастарын білдіретін қарапайым немесе күрделі жағдайлар ұсынылады; анағұрлым дайындалған курсанттар өздерінің кейсін жаза алады.

5. Топтық жоба – топта кем дегенде 4-5 адам болуы қажет, әр топ өз жобасын дайындау керек, мысалы халықаралық конференцияға баяндама әзірлеу және сөз сөйлеу.

6. Жеке жоба – ықыласы бойынша анағұрлым дайындалған курсанттар орындайды; жұмыс тақырыптың бірегейлігімен және өзектілігімен, зерттеу сипатымен ерекшеленуі қажет; жобаның нәтижесі халықаралық конференцияның дөңгелек стөліне ұсынылуы қажет.

7. Эссе – прозалық этюд, публицистикалық және өзге де жанр, алдын ала түсіну немесе бірдеңе бойынша жалпы түсіну. Эссе дайындау курсанттарға келесідей дағдылар қалыптастырады: өз жұмысында басқа авторлардың еңбектерін қолдануға, қиын сәтте бағалауға, өз жұмысына түзеу жүргізуге, ғылыми жұмыс жобасын дайындауға. Эссенің негізгі мақсаты курсанттарға авторлық ойды жеткізу емес, ал оның идеясын, өзінің жеке позициясын көрсету.

Өзіндік жұмыстың түрі және мазмұны:

1. Үй тапсырмаларын орындауға курсантқа көмектесу:

- тізім бойынша таңдалған немесе оқытушымен берілген реферат, баяндама жазуға тексеріс немесе көмектесу;

- пәннің құрылымдық-қисынды сызбасын құрауға көмектесу;

- глоссарий дайындауға көмектесу.

2. Курсанттармен даярланған материалдарды талқылау және тексеру:

- тақырып бойынша глоссаридің дайындаған мәтіндерін тексеру;

- тақырып бойынша үлгерімі жоғары курсанттармен орындалған әдебиеттік шолумен танысу.

- тақырып бойынша баяндамалардың тұсау кесерін курсанттардың қалай дайындағанын тексеру.

3. Үй тапсырмалары орындалатын дәптердегі конспектілерді тексеру.

4. Курсанттардың сабақтарына бақылау жүргізу.

5. Орындалған тапсырмалар бойынша бағалар қою.

6. Сабақ босатқан және үлгермеген курсанттарға жеке кеңес беру.

Курсант жұмыстың маңызды жалпы оқу тәсілдерін игеруі қажет:

I. Оқу қызметін жоспарлауды үйрену және игеру:

• оқу тапсырмасын түсіну;

• мақсат қою;

• оларға жетудің оңтайлы және ұтымды жолдарын таңдау;

• қызмет кезеңінің жүйелігін және жалғасымын белгілеу;

• қызметтің моделін (алгоритмін) құру;

• сабақта және үйде өзіндік жұмыс жоспарлау;

• күндерге, аптаға, айға жоспарлау.

II. Өз оқу қызметін ұйымдастыра білу және дағдылай білу:

• жұмыс орнын ұйымдастыру – оқу құралдарының саны және қалыбы, оларды үйлесімді орналастыру, қолайлы гигиеналық жағдай жасау;

• жұмыс режимін ұйымдастыру;

• үйге берілген өзіндік жұмысты ұйымдастыру;

• ойлау әрекеті тәртібі мен тәсілін белгілеу;

III. Ақпаратты қабылдауға үйрену және дағдылану, ақпараттың түрлі қайнар көздерімен жұмыс жасау (коммуникативтік):

- кітап оқу, кітаппен жұмыс, конспектілеу;
- библиографиялық ізденіс, анықтамалармен, сөздіктермен жұмыс;
- сөзді тындау, естігенді жазу;
- ақпаратты мұқият қабылдау, назарды басқару;
- бақылау;
- есте сақтау;

Компьютермен жұмыс жасауда дағды мен шеберлік ерекше топ құрады, оның ішінде:

- интернетте жұмыс істеу;
- электрондық оқулықпен жұмыс істеу;
- оқыту бағдарламасымен жұмыс істеу;
- бақылаушы бағдарламамен жұмыс істеу;
- қашықтықтан оқыту бағдарламамен жұмыс істеу;
- (off-line) электрондық пошта немесе (off-line) оперативтік режим бойынша телеконференциялар;
- хабарландырудың электрондық тақталары;
- электрондық кітапханалар;
- (off-line) электрондық пошта немесе (off-line) оперативтік режим арқылы базаларға кіру;
- телевидеоконференциялар.

Курсанттар оқу және арнайы сипаттағы әдебиеттермен дербес жұмыс жасауды үйренуі қажет, олардың мүдделі мәселелерді таба білуі және оларды аша білулері қажет.

Өзіндік жұмыс тапсырмалары аудиториядан тыс оқытушының қатысуынсыз орындалады. КӨЖ негізгі мақсаты семинар және дәріс сабақтарына қатысу. Семинар сабағына тақырыптың негізгі сұрақтары шығарылады. Семинар сабағының тақырыптық жоспары, негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі, семинар сабақтарының тақырыптарына әдістемелік кеңестер нені және қалай істеу керек деген сұрақтарға жауап береді. Семинар сабақтары тақырыптарына әдістемелік кеңестерді мұқият зерделегеннен соң, семинар сабағы тақырыптық жоспарының сұрақтарына жауаптарды дербес дайындаңыз. Әр сұрақты әзірлеу барысында негізгі ережелерді және жауап мәтіндерін, астарын қысқа дайындаңыз, формулалар мен символдарды КӨЖ дәптеріне жазып алыңыз. Дайындық аяқталған соң өз біліміңізді өзіндік тексеру сұрақтары арқылы тексеріңіз. Өзіндік жұмыс жасау кезінде қиындық туғызған сұрақтарды жазып алыңыздар да оларды оқытушыға көрсетіңіздер.

КӨЖ тапсырмасы дәріске дейін орындалу керек. Дәрісте алынған білім тереңдетілуі қажет.

Бірақта семинар сабағына шығарылған сұрақтардың деңгейі тақырыптың толық мазмұнын қамтымайды. Сондықтан да магистрант КӨЖ барысында жүзеге асырылатын өз білімін әрі қарай тереңдетуі және кеңейтуі қажет. Сондықтан КӨЖ-на қосымша сұрақтар, есептер, жаттығулар және т.б., шығарылады және олардың көмегімен тақырыптың мазмұны толық ашылады.

Өткен материалды қайта пысықтау. Өткен дәріс материалын пысықтау өзіндік жұмыстың аса маңызды түрі болып табылады. Алғашқы сабақтан бастап, өткен дәріс материалымен жүйелі, жиі жұмыс жасау кезекті дәріс материалын түсінуге және практикалық және де тәжірибелік сабақ материалын меңгеруге қажетті жағдай болып табылады.

Материалды пысықтауға кірісе отырып қажет:

- дәріс конспектісінің болуы;
- курс бағдарламасының болуы;
- ұсынылатын әдебиеттің болуы (оқулық, оқу құралы, есептер), қажеттілігіне қарай қажетті керек жарак, материалдар мен құралдар болуы керек.

Жұмыс әдісі:

- «ойда бар затты» дәріс материалын қайта пысықтаған дұрыс;
- конспектімен жұмыс жасау, әдебиетке сілтеме жасау (бұл емтиханға дайындалуға керек болады) және қажетті толықтыру мен түзету енгізу пайдалы;
- тақырыппен жұмыс толық түсінгенге және материалды есте сақтағанға дейін жалғасуы қажет;

- тақырыппен жұмыс оқулықтармен, оқу құралдарымен келтірілген мысалдарды және есептерді талқылау, сонымен қатар олардың шешілу әдісін меңгергенге дейін аяқталады;

- егер тақырыппен жұмыс жасағаннан кейін түсініксіз сұрақтар қалса, оқытушымен бірге кезекті дәрісте талқылау қажет;

Есептер шешу. Тапсырмаларды орындау әдістемесі:

- тапсырмаларды аталмыш тақырып бойынша дәріс материалын пысықтағаннан кейін ғана бастауға болады;

- тапсырманы шешуге кірісерде, оның жағдайын мұқият оқып шығу керек;

- шешілу жоспарын ойластыру;

- есептерді шешу кезінде қолданылуы қажет нормативтік-құқықтық актілерді белгілеу;

- есептің мазмұнына кіретін жағдайдың мәніне тағы да көз жүгірту;

- шешімді жалпы түрде жасау, ал содан кейін заңның бабын анықтау;

- тиісті құқық нормасының мазмұнын еске түсіру;

- шешімнің дұрыстығына талдау жасау.

Коллоквиумдарға дайындық. Кейбір пәндер бойынша курс бөлімінің теориялық бөлігін меңгеру дәрежесін бағалау үшін коллоквиум өткізіледі (әңгімелесу). Сондықтан, коллоквиумға шығарылатын мәселелер жөнінде теориялық материал тағы да қайталануы қажет.

Бақылау сұрақтарына дайындық. Бақылау сұрақтарын жүргізу мақсаты болып табылады:

- ағымдық үлгерімді тексеру;

- дайындылықты анықтау;

- қалып қойған курсанттармен жұмыс әдісін ұйымдастыру;

Курсанттарға бақылау жұмысына дайындағандарда қажет:

- бақылау жұмысы тақырыбын білуі;
- теориялық материалды есте сергіту, аталмыш тақырыпқа есептерді шешудің негізгі әдістері:

- оқулықта талқыланған және практикалық сабақтарда қарастырылған мысалдар мен есептерді тағы қарап шығу;

Егер курсант бірінші дәрістен бастап өткен материалмен жүйелі жұмыс істесе, онда бақылау жұмысына дайындық қиындық туғызбайды және оған көп уақыт кетпейді.

Жобаларды орындау. Жобалар мен жұмыстарды орындау кезінде кафедраларда тапсырмалармен бірге берілетін әдістемелік нұсқауларды басшылыққа алу қажет.

Тапсырманы орындау тәртібі:

- өзіндік жұмыстар кестесінде белгіленген мерзімнен кешіктірмей тапсырманы орындауға кірісу;

- егер тапсырманы орындау кезінде қиындықтар туса, курстың тиісті тақырыбына оралу, оны жетілдіру және тапсырманы орындауға қайта кірісу;

- егер бұдан кейін қиындықтар болса, онда оқытушыға кеңеске келу;

- алынған шешімді талдап шығу;

- алынған нәтижені талдап шығу;

- тапсырманы қорғауға дайындаларда теорияның тиісті ережесін тексеру және кейбір көрсеткіштер өзгерген жағдайда шешімді ойластыру;

- тапсырманы орындау кезінде қолданылған әдісті түсінуге көз жеткізу;

- тапсырма белгіленген кестеден кешіктірілмей қорғалуы қажет, әйтпесе ол академиялық борыш деп саналады.

Өзіндік жұмысқа уақыт өте шектелген, сондықтан өзіндік жұмысты ұтымды жоспарлауды үйрену қажет, өзіндік жұмыстың дағдыларын игеруге ынталану керек, оң тәжірибені қабылдау, жұмысқа қабілеттілікті сақтау үшін өнімді жұмыс істеуді және сапалы демалуды үйрену.

3.11. Курстық, рефераттар және тәжірибелік жұмыстарды орындау бойынша нұсқаулық пен әдістемелік ұсыным

Реферат таңдалған тақырып бойынша курсанттардың өзіндік зерттеуін білдіреді. Оның орындалуы курсанттың білімді оқу кезінде бекілуіне және жүйеленуіне бағытталған; белгілі бір тәжірибелік және ғылыми жаттығуларды шешу кезінде қолдануға бағытталған. Реферат өзіндік жұмысты игеруді, ғылыми әдебиетті, нормативтік материалды логикалық талдау жүргізуді үйренуге жеке басылық қорытынды жасауға дағдылықты тереңдетеді.

Рефераттың мазмұндық және нақтылық жақтары бар. Жұмыстың мазмұны құрылымдалған және кіріспеден, 3-4 сұрақ мазмұнды бөліктен және қорытындыдан тұрады.

Кіріспеде автор таңдалған тақырыптың өзектілігін, оның ғылыми және тәжірибелік маңыздылығын негіздейді, сонымен қатар тақырыптың өңділік дәрежесін талдайды (сонымен қатар зерттеудің қолданған қайнар

көздеріне жалпы баға береді), зерттеудің мақсатын мен міндетін, оның жүргізу әдісін белгілейді.

Мазмұнды бөлігі таңдалған тақырыптың негізгі сұрақтарын жұмыстың мақсатына сәйкес қамтуы қажет. Екі немесе бірнеше тақырыпты бір тақырып шеңберіне қосу негізсіз болады, мысалы: құқықбұзушылық және құқықты іске асыру, құқықбұзушылық және құқықтық мінез-құлық және т.б. Тақырып бойынша жұмыс бір сұрақ бойынша түрлі көзақарас талдауын ұйғарады. Осыған байланысты, автор өзінің болжамын жан-жақты негіздеу қажет. Ғылыми сипат пен дербестіктің жоғары деңгейі жұмысқа базадағы жеке жинақталған анықтамалардың қалыптасуына септігін тигізеді. Берілген тақырыпты орындау кезінде ұғым сол немесе өзге де мемлекеттік-құқықтық құбылыстың маңызды және қажетті белгілерін топтастыруы қажет. Жұмыстың мазмұнын тәжірибелік материалды қолдану жағы маңыздылығын арттырады. Бұл шарттардың көшірмесі, соттардың шешімі, тарихы құқықтық ескерткіштер, нормативтік-құқықтық актілерден үзінділер, статистикалық көрсеткіштер болуы мүмкін. Аталған материалдарды ұсыныс ретінде қолдану пайдалы емес, ал оны жұмыстың өзінде қолдану тиімдірек.

Қорытынды атқарылған жұмыстың қорытындысын және анағұрлым қызықты, мәселелі жағдайды қарастырып тақырып бойынша жалпы қорытындыны қамтуы қажет. Осы кезде автор өзінің ұсыныстарын және ұсынымдарын қысқа қайталауы қажет.

Реферат дербес зерттеу болып табылады. Сондықтан өз сөзімен жазылуы қажет, авторлық пікір мен қорытындыны ұстануы қажет. Қажетті сілтемесіз қайнар көздерді жазу плагиат болып саналады және «қанағаттанарлықсыз» болып бағаланады.

Рефератта үлкен тәжірибелік маңызы бар анағұрлым күрделі, өзекті, мәселелі сұрақтардың зерттеуі көрсетіледі. Осыған байланысты реферат құқық нормасының қабылдануы, өзгеруі бойынша ұсыныстарда, тәжірибедегі жұмысшыларға арналған ұсынымдарда, жаңа анықтамалар өңдеумен (ғылыми талаптарға жауап беретін) айғақталатын жаңалықтың белгілі бір дәрежесі міндетті болуы қажет және т.б.

Рефераттың безендірілуі сыртқы беттен, жоспардан, пайдаланған қайнар көздерді, библиографияны көрсететін сілтемеден, беттердің параметрлерін қоюмен безендіру шектесуі қажет.

Сыртқы бет қағазға түсіріліп және Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі, жоғарғы оқу орны, кафедра, тақырып, автордың (аты-жөні, оқу тобының нөмірі), ғылыми жетекшінің (ғылыми атағы немесе дәрежесі, қызметі, аты-жөні) көрсетілуі керек. Екінші бетте (сыртқы бет – бірінші бет) тараулар, параграфтар, пункттер және беттер көрсетіле отырып, жұмыс жоспары орналастырылады.

Жұмыстың әр бір беті (сыртқы беттен басқасы) нөмірленеді. Әр тарау жаңа беттен басталады, әр бөлімнің мәтіні атаудан және жоспарға сәйкес реттік нөмірден басталады.

Компьютерлік немесе машинкаға басылған нұсқаудағы жұмыстың орындалуының артықшылығы бар. Компьютерлік нұсқауда (шрифт – 14; поля: жоғарғы жағы – 2 см., төменгісі – 2 см., оң жағы – 1, 5 см., сол жағы – 3 см.; интервал – жартылай) әдебиет пен қосымшаны қоспағанда жұмыс көлемі 20 – 24 бетті құрау қажет.

Қолданылған әдебиетке нұсқаулар әр уақытта істелуі қажет. Сілтемелер мәтіннің төменгі жағына орналасады және бөлек нөмірден тұрады. Сілтемелердегі қайнар көз библиографиялық бейнелеу ережесіне сәйкес толықтырылады.

Библиографиялық бейнелімнің жалпы ережесі тиісті мемлекеттік стандарттармен белгіленеді.

3.12 Өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Құқықтық тәртіпті қорғау органдарының барлық қызметіне қатысты және сондай-ақ тергеу сатысындағы базалық принципті көрсетіңіз

кінәсіздік презумциясы;
заңдылықты қатаң сақтау және барлық тергеу әрекеттерін тиісті негіздеу;
барлық айыпталушы тұлғалардың әділ сот талқылауына құқылығы;
+ адамның құқықтарын қадірлеу, ең бастысы, барлық тұлғалардың ар-ожданын, абыройы мен жеке өмірін құрметтеу;
әр адамның беделін қорғау.

2. Адам құқығының Жалпы декларациясының қай бабында кінәсіздік презумциясы принципі бекітілген?

3 баптың 1 тармағында;
16 бапта;
58 бапта;
1 бапта;
+ 11 баптың 1 тармағында.

3. Адам құқықтарының Жалпы декларациясының 10 бабы мен Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14 бабында қандай құқық бекітілген?

кінәсіздік презумциясы принципі;
жәбірленушілердің ар-ожданын, абыройы мен жеке өмірін құрметтеу;
тұрғын үйге қол сұқпаушылық принципі;
+ барлық айыпталушы тұлғалардың әділ сот талқылауына құқылығы;
еңбек етуге құқылық.

4. Тергеу процесі кезінде құқық қорғау органдарының қызметкері басшылыққа алмауы қажет принципті көрсетіңіз

әр адам жеке қол сұқпаушылық құқыққа ие;

+ әр адам ұсталған уақыттан бастап кінәлі деп саналады;
жеке сипаттағы материалдармен жұмыс жасағанда құпиялық пен сақтылық таныту қажет;
ешкім де өзінің кінәсін мойындауға мәжбүрленбеуі қажет;
жәбірленушілерге түсіністік пен көңіл аудару қарау қажет.

5. БҰҰ Бас Ассамблеясы 1966 жылы қандай шарт қабылдады?

+ Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пакті;

Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік түрлерін жою туралы конвенция;

+ Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакті;

Азаптауға және өзге де қатал, адамгершіліксіз немесе ар-ожданым кемсітетін қарау мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенция;

Балалар құқығы туралы Конвенция.

6. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының жалпы құрметтелуі мен сақталуына жәрдемдесу жөнінде ұйымдастыру қызметінің орындалуы үшін БҰҰ-ның қай органы басты жауапкершілікті алады?

Экономикалық және әлеуметтік кеңес;

+ БҰҰ Бас Ассамблеясы;

Адам құқығы жөніндегі БҰҰ комиссиясы;

Адам құқығы жөніндегі Кеңес;

Адам құқығын қорғау және құрметтеу жөніндегі комиссия.

7. БҰҰ Бас Ассамблеясының адам құқығына қатысты тапсырмасын қандай орган орындайды?

Адам құқығы жөніндегі Кеңеспен;

Әйелдер жағдайы жөніндегі БҰҰ комиссиясымен;

Балалар құқығы жөніндегі комитетпен;

Азаптауға қарсы комитетпен;

+ Экономикалық және әлеуметтік Кеңеспен.

8. Адам құқығы жөніндегі БҰҰ комиссиясы қай жылы құрылды?

1996 жылы;

1940 жылы;

1945 жылы;

+ 1946 жылы;

2006 жылы.

9. Азаптауға және өзге де қатал, адамгершіліксіз немесе ар-ожданым кемсітетін қарау мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенцияға сәйкес қандай орган құрылды

+ Азаптауға қарсы комитет

Әйелдер жағдайы жөніндегі комитет
Адам құқығы жөніндегі Комитет
Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет
Бала құқықтары жөніндегі комитет

10. Адам құқығы жөніндегі жалпы декларация:

52 баптан;
63 баптан;
преамбула және 20 баптан;
+ преамбула және 30 баптан;
преамбула және 32 баптан тұрады.

11. Азаптауға қарсы Комитет құрамы қанша мерзімге сайланады?

+ 4 жыл мерзімге
2 жыл мерзімге
3 жыл мерзімге
3 ай мерзімге
мерзімі белгіленбеген

12. ҚР қай жылы нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі Конвенцияны бекітті

+ 2006 жылы
1946 жылы
1990 жылы
1993 жылы
2001 жылы

13. Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенция қашан қабылданды?

+ 1950 жылы 4 қараша
1949 жылы
1960 жылы
1954 жылы 3 қыркүйек
1953 жылы 3 тамыз

14. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пакт күшіне енді

1967 жылы
1966 жылы
+ 1976 жылы
1986 жылы
1970 жылы.

15. Әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар туралы Пакт күшіне енді

1967 жылы
 1966 жылы
 + 1976 жылы
 1986 жылы
 1970 жылы.

Білім алушылардың білімдерін бағалау өлшемдері

Емтихандық баға пән бойынша ең жоғарғы /максималдық/ үлгерімдіктің көрсеткіші 1 және 2 межелік бақылау бағаларымен анықталады – 70% және қорытынды бақылаумен - 30% және 100% құрайды, яғни қорытынды баға мына формуламен анықталады:

$$И \% = \frac{P_1 + P_2}{2} \times 0,7 + Э \times 0,3$$

Бұл жерде:

P_1 – бірінші рейтинг бойынша бағалардың пайыздық құрамы;

P_2 – екінші рейтинг бойынша бағалардың пайыздық құрамы;

Э – емтихандық бағалардың пайыздық құрамы.

Пән бойынша курстық жұмыс болған кезде, оның бағасы орта рейтингке қосылады – Рорт. = $(P_1 + P_2 + \text{курстық жұмыс бойынша алынған балл}) / 3$.

Сондықтан, нақты есеппен қорытынды бағаларды оқышылардың білімімен бағалау қажет межелік бақылауда /рейтингте/ және емтихандағы қорытынды пайызбен 0-ден 100%-ге дейін.

Білімі, дайындығы және іскерлігі келесі жүйе бойынша бағаланады:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мағынасы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағасы
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлық емес

«A», «A-» (өте жақсы) – егер білім алушы барлық бағдарламалық материалды терең және нық меңгерсе, жеткілікті, жүйелі, тиянақты және қисынды нық баяндаса, тапсырманың түрін өзгерткен кезде жауапқа қиналмайды. Қойылған тапсырмаларды еркін жасайды, монографиялық материал білімін көрсетеді, қабылданған шешімдерді дұрыс негіздейді, практикалық сабақтарды орындауда жан-жақты дағдыларды және тәсілдерді игереді, қателерді жібермей материалды дербес топтастыруды және баяндауды игереді;

«В+», «В», «В-» (**жақсы**) – егер білім алушы бағдарламалық материалды жақсы білсе, оны тиянақты баяндаса, сұраққа жауап берерде үлкен дәлсіздіктер жібермесе және практикалық тапсырмаларды орындау кезінде қажетті дағдыларды игерсе;

«С+», «С», «С-», «Д+», «Д» (**қанағаттанарлық**) – егер білім алушы негізгі материалды игерсе, бірақ жекелеген бөлшектерді білмесе, дәлсіздіктер жіберсе, жеткіліксіз дұрыс тұжырымдар берсе, бағдарламалық материалды баяндауда жүйелілікті бұзса және практикалық тапсырмаларды орындауда қиындық туғызса;

«F» (**«қанағаттанарлықсыз»**) – егер білім алушы бағдарламалық материалдың көп бөлігін білмесе, әжептәуір қателік жібереді, тәжірибелік сабақтарды үлкен қиындықпен орындайды.

Сол өлшемдермен оқытушы емтихан бағаларын қою кезінде жетекшілікке алады.

Бағаны А- тан А -ға дейін, В- тан В+ қа дейін, Д-дан Д+ қа дейін амплитуда шайқалымында білім алушының жоғардағы өлшем бойынша білімі мен дағдысының сәйкестік дәрежесі анықталады.

Апелляция рәсімі

Емтихан қорытындысы бойынша апелляцияға өтініш білім алушыдан тіркеу бөлімінде емтихан күні қабылданады. Апелляция білім алушының емтихандық жауабын қайта пікірлеу жолымен кафедраның пәндік апелляциялық комиссиясымен жүргізіледі. Апелляция нәтижесі комиссия мүшелерімен қол қойылатын жеке емтихандық ведомостыпен толтырылады.

3.13 Пән бойынша емтихан сұрақтары

1. Жалпыадамзаттық құндылықтар ретінде адам құқықтарының ұғымы.
2. Адам абыройының құқығы.
3. Адам және азаматтың құқықтарының тарихы.
4. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының тұжырымдамасы және теориясы.
5. Адам және азаматтың жеке құқықтары мен бостандықтары және олардың ПО қызметіндегі қамтамасыз етілуі.
6. Адам және азаматтың әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтары және олардың полиция қызметіндегі қамтамасыз етілуі.
7. Өмір сүру құқығы, оның Қазақстан Республикасындағы заңнамалық кепілдіктері, полиция қызметіндегі қамтамасыз ету ерекшелігі.
8. Жеке бостандық құқығы, полиция қызметіндегі қамтамасыз ету ерекшелігі.
9. Жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы, полиция қызметіндегі қамтамасыз ету ерекшелігі.
10. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша еркін жүріп-тұру құқығы, полиция қызметіндегі қамтамасыз ету ерекшелігі.
11. Тұрғын үйге қолсұғылмаушылық құқығы, полиция қызметіндегі қамтамасыз ету ерекшелігі.

12. Жеке меншік құқығы, полиция қызметіндегі қамтамасыз ету ерекшелігі.

13. Бейбіт және қарусыз жиналуға, жиналыс, митинг және шеру өткізу құқығы, полиция қызметіндегі қамтамасыз ету ерекшелігі.

14. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары кепілдігінің халықаралық механизмі және оның полиция қызметіндегі маңызы.

15. Адам құқықтары саласындағы ынтымақтастық бойынша халықаралық ұйымдардың рөлі.

16. Адам құқықтарын қорғау мүмкіндігін қамтамасыз етуші халықаралық заң рәсімдері.

17. Адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттардың ұлттық заң жүйесіне айналуы.

18. Адам құқықтары жөніндегі қазақстандық заңнаманың Адам құқықтарының жалпы декларациясының нормаларымен және адам құқықтары бойынша халықаралық нормаларымен ара қатынасы.

19. Босқындар мен шарасыздан көшіп-қонушылардың құқықтық мәртебесі, олардың құқықтарын полиция қызметінде қамтамасыз ету.

20. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының әкімшілік-құқықтық кепілдіктері.

21. Сотқа дейінгі іс жүргізудегі жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі.

22. Алдын ала тергеу және анықтау барысында процеске қатысушылардың субъективтік құқық жүйесі.

23. Алдын ала тергеу және анықтау барысындағы қылмыстық-процессуалдық кепілдіктер.

24. Сотқа дейінгі тергеудегі сезіктінің процессуалдық ережесі.

25. Сотқа дейінгі тергеудегі айыпталушының процессуалдық ережесі.

26. Жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығы, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың негізін қалаушы принцип ретінде.

27. Әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану кезінде азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау.

28. Ішкі істер органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының шешімдері мен әрекеттерін (әрекетсіздіктерін) шағымданудың әкімшілік тәртібі.

29. Жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру кезінде жеке тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері.

30. Азаматтарға келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша ішкі істер органдарының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі.

31. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жеке тұлғаның құқықтарын бұзу себептері.

32. Адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауға прокуратура органдарының қадағалауы.

33. Қазақстан Республикасы аумағындағы шетел азаматтарының құқықтық ережесі.

34. Адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, жеке тұлғаны қылмыстық-құқықтық қорғау мәселелері.

35. Кінәсіздік презумпцияның маңызы.

36. Қазақстан Республикасындағы сот әділдігінің конституциялық принциптері.

37. Қорғауға құқық ұғымы.

38. Кәмелетке толмаған сезіктілердің, айыпталушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты полиция қызметінің ерекшелігі.

39. Ұлттық құқықтық жүйені дамытудағы адам құқықтарының халықаралық стандарттарының маңызын атаңыз.

40. Сіз адам құқықтарының стандарттарын қарастыратын қандай халықаралық құжаттарды атай аласыз?

41. Құқықтар туралы халықаралық билль деген не.

42. 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпы декларациясының қандай ерекшелігі бар.

43. Қазақстан Республикасы адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы қандай негізін қалаушы халықаралық шарттардың қатысушысы болып табылады.

44. Қазақстан Республикасының әрекеттегі құқық жүйесіндегі халықаралық шарттардың алатын орны қандай.

45. Адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы халықаралық шарттарға жіктеу беріңіз.

46. Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің халықаралық механизмдері деген не.

47. Қазіргі кезеңде қандай адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің халықаралық механизмдері қалыптасқан.

48. Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің халықаралық механизмдерінде Қазақстан Республикасы қатысады ма.

49. БҰҰ құқыққорғау жүйесінің мәнін ашыңыз.

50. Қазақстан Республикасы БҰҰ (адам құқықтары бойынша) қандай комитеттерінің юрисдикциясын мойындады.

51. Қазақстан Республикасында адам құқықтарының халықаралық стандарттары қандай түрде енгізіледі.

52. Халықаралық актілерде тағайындалған әрбір тергеуші басшылыққа алатын тергеу жүргізудің негізгі принциптерін атаңыз.

53. Тергеу жүргізудің базалық принципін тағайындайтын негізгі халықаралық актілерді және Қазақстан Республикасының нормативтік актілерін атаңыз.

54. «Кінәсіздік презумпциясы» ұғымын анықтаңыз. Аталған ұғым халықаралық актілерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында бекілді ма.

55. Сізге белгілі ұстау рәсімін және тұтқындалғанның құқықтық мәртебесін бекітетін халықаралық құжаттарды тізіңіз.

56. Сізге белгілі қамауға алу рәсімін және тұтқындалғанның құқықтық мәртебесін бекітетін халықаралық құжаттарды тізіңіз.

57. Ішкі істер органдары мен қоғамның өзара іс-әрекеттесу ерекшелігі.

58. Тұлғаның құқығын шектеу және оларды полиция қызметінде іске асыру.

59. Адам құқықтары мен бостандықтарын арнайы құралдар мен атыс қаруын қолдану процесінде қамтамасыз ету.

60. Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету полицияның қызметі және міндеті ретінде.

61. Полиция қызметінің этикалық нормалары және олардың адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі маңызы.

62. Азаптауға қарсы әрекет: халықаралық және ұлттық аспект.

63. Полиция қызметіндегі әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету.

64. Полиция қызметіне қоғамдық қадағалау түрі.

65. Ішкі істер органдарының халықаралық құқық қорғайтын органдармен өзара іс-әрекеттестігі.

66. Ішкі істер органдарының ұлттық құқық қорғайтын органдармен өзара іс-әрекеттестігі.

67. Полиция қызметіндегі адам құқықтары мен бостандықтарының конституциялық принциптері.

68. «Полиция қызметіндегі адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету» пәнінің заты мен әдісі.

69. Адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын аса жиі бұзатын жүйе, себептері, жол бермеу жолдары.

70. Адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бойынша полиция қызметінің негізгі бағыты.

Құрастырған:

**Мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы
З.Ғ.М., полиция подполковнигі**

Т.Р. Сейдығалиев